

**Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 1 шілдеде № 33003 болып тіркелді.

"Жол жүрісі туралы" 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 5) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Жол жүрісі қағидалары;
- 2) Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелер;
- 3) көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі*

*М. Ахметжанов*

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі  
2023 жылғы 30 маусымдағы  
№ 534 бұйрығымен  
бекітілген

## Жол жүрісі қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жол жүрісі қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағындағы жол жүрісінің бірыңғай тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) автомагистраль - көлік құралдарының жүруі үшін жобаға сәйкес арнайы салынған немесе реконструкцияланған, жол бойындағы иеліктерге қызмет көрсетпейтін жол. Оған тек басқа жолдардан ғана әртүрлі деңгейлердегі жол айрықтары арқылы өтуге болады. Бұл жолдың:

бір-бірінен жүруге арналмаған бөлу жолағымен бөлінген, әртүрлі бағытта жүру үшін бөлек жүру бөліктері бар;

басқа жолдармен, теміржолдармен және трамвай жолдарымен және жаяу жүргінші жолдарымен бір деңгейде қиылыстары жоқ;

автомагистраль ретінде арнайы белгіленген автомагистральға 5.1 белгісімен кіру және 5.2 белгісімен шығу кезінде осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес келтіріледі ;

2) автобус - жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған, онда жүргізуші орнын қоспағанда, сегізден астам отыратын орны бар автомобиль;

3) автомобиль - адамдар мен жүктерді тасымалдау олар үшін қосымша функция болып табылатын ауыл шаруашылығы тракторларын немесе механикалық көлік құралдарын қоспағанда, жолдарда жүруге және олармен адамдарды, жүктерді немесе үстіне орнатылған жабдықты тасымалдауға немесе адамдарды, жүктерді немесе үстіне орнатылған жабдықты тасымалдауға арналған көлік құралдарын сүйретуге арналған, оның ішінде троллейбустарды қоса алғандағы механикалық көлік құралы. Бұл ұғым тракторлар мен өздігінен жүретін машиналарға қолданылмайды;

4) автопойыз - тіркемеге (тіркемелерге) тіркелген механикалық көлік құралы;

5) артықшылық (басымдық) - жол жүрісіне басқа қатысушылармен салыстырғанда белгіленген бағытта бірінші кезекте жүру;

6) ауыр салмақты көлік құралы - толық массасы немесе жүктеменің оның осі бойынша бөлінуі осы жол санаты мен ондағы құрылыстар үшін рұқсат етілген шекті жүктеме мөлшерінен асатын жүгі бар немесе жүксіз көлік құралы;

7) аялдау - көлік құралының жүрісін бес минутқа дейін не егер бұл жолаушыларды отырғызу немесе түсіру, көлік құралын тиеу немесе түсіру үшін қажет болса, одан да көбірек уақытқа әдейі тоқтату (көлік құралының жүрісін жол жүрісін ұйымдастыруға орайластырып тоқтату қажеттілігі аялдау (тоқтап тұру) болып саналмайды);

8) багаж - буып-түйілген және Жолаушыларды және багажды автомобиль көлігімен тасымалдау қағидаларында белгіленген нормалар шегінде автобустың, шағын автобустың багаж бөлімшесінде немесе автобусқа, шағын автобусқа ілесіп жүретін

багаж автомобилінде, сондай-ақ тасымалдаушымен қосымша келісімнің негізінде таксиде тасымалданатын жолаушы мүлкі;

9) басты жол - қиылысатын (қосылатын) жолдарға қатысты осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес 2.1, 2.3.1-2.3.3-белгілерімен немесе 5.1 белгісімен белгіленген жол немесе қиыршық тас төселген жолдарға қатысты қатты (асфальтталған, цементті-бетондалған, тас материалдар және сол сияқты) жол. Екінші дәрежелі жолда тікелей қиылыс алдында төселген учаске болғанымен, ол қиылысатын жолмен тең болып саналмайды;

10) басып озу - жүріп келе жатқан жолағынан шығумен және кейіннен бұрын жүріп келе жатқан жолағына қайта түсумен байланысты алдында жүріп келе жатқан бір немесе бірнеше көлік құралынан озып кету;

11) бөлу жолағы - жолдың аралас жүру бөлігін бөлетін және жолды елді мекеннен тыс кесіп өткен кезде жаяу жүргіншінің мәжбүрлі тоқтауын қоспағанда, рельссіз көлік құралдарының және жаяу жүргіншілердің жүруіне және тоқтауына арналмаған конструкциялық бөлінген элементі;

12) велосипед - екі немесе одан да көп дөңгелегі бар (мүгедектігі бар адамдарға арналған кресло-арбалардан басқа) және үстіндегі адамның бұлшықет күшімен қозғалысқа келтірілетін көлік құралы;

13) велосипедші - велосипедті басқаратын адам;

14) велосипед жолы - велосипедтердің жүруіне арналған және тиісті белгімен белгіленген жеке жол немесе жолдың бір бөлігі. Велосипед жолы басқа жолдардан немесе нақ сол жолдың басқа элементтерінен конструктивтік түрде бөлінеді;

15) велосипед жүретін жолақ - жолдың жүру бөлігінің велосипедтер жүруге арналған жолағы. Велосипед жүретін жолақ жолдың басқа жүру бөлігінен ұзына бойындағы жол таңбасы және арнайы белгілер арқылы бөлінеді;

16) газон - өсімдіктерді отырғызу және саябақ ғимараттары үшін фон болып табылатын жасанды шөп жабыны бар жер учаскесі;

17) гүлзар - ондағы өсімдіктер өрнекті немесе суретті бейнелейтін геометриялық пішін түріндегі жер учаскесі;

18) елді мекен - оған кіретін және шығатын жерлері осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес 5.22 - 5.25 белгілермен белгіленген құрылыс салынған аумақ;

18-1) жарық шағылыстыратын зат – жарық сәулесін көзге қайтрау мүмкіндігі бар арнайы материалдардан жасалған, жүргізушінің жақын жарық фаралары қосылғанда жүз елу метр және алыс жарық фаралары қосылғанда төрт жүз метр қашықтықта көрінуін қамтамасыз ететін зат, оның ішінде жарық шағылыстыратын киім, киімдегі жарық шағылыстыратын элемент;

19) жаяу жүргінші - жолда көлік құралынан тыс жүрген және онда жұмыс жүргізбейтін адам. Жаяу жүргіншілерге мүгедектігі бар адамдарға арналған кресло-арбалармен қозғалатын, велосипед, электр самокат, шағын электр көлігі

құралын, мопед, мотоцикл жүргізетін, шана, арба, балалар арбасын алып жүретін жеке тұлғалар теңестіріледі;

20) жаяу жүргіншілер өткелі - жүру бөлігінің 5.16.1, 5.16.2 5.16.3 осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес белгілерімен және (немесе) 1.14.1 - 1.1.14.3 осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес таңбаларымен белгіленген және жаяу жүргіншілердің жолдан өтуі үшін бөлінген жолдың жүру бөлігінің учаскесі. Таңба болмаған жағдайда, жаяу жүргінші өткелінің ені жол осі бойынан осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес 5.16.1 және 5.16.2 белгілерінің арасындағы ара-қашықтықпен айқындалады;

21) жеткіліксіз көріну - тұман, жаңбыр, шаң, қар жауу және сол сияқты жағдайларда , сондай-ақ қаракөлеңкеде жолдың 300 метрден кем көрінуі;

22) жолаушы - көлік құралының үстінде (ішінде) отыратын және оны басқармайтын адам;

23) жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдау - тұрақты тасымалдауға жатпайтын, белгіленген тәртіппен берілген лицензиялары бар тасымалдаушылар автобустарды, шағын автобустарды пайдалана отырып жүзеге асыратын тасымалдаулар;

24) жол - "Жол жүрісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - "Жол жүрісі туралы" Заң) және осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің жүруі үшін жайғастырылған немесе ыңғайластырылған және пайдаланылатын жердің барлық бөлінген жолағы не жасанды құрылыстың үсті. Жол бір немесе бірнеше жолдың жүру бөліктерін, сондай-ақ трамвай жолдарын, тротуарларды, жол жиектерін және олар болған кезде бөлу жолақтарын қамтиды;

25) жол беру (кедергі туғызбау) - жол жүрісіне қатысушы, егер бұл оған қатысты артықшылығы бар жол жүрісіне басқа қатысушылардың жүру бағытын немесе жылдамдығын өзгертуге мәжбүр етуі мүмкін болса, жүруді бастамайтынын, қайта бастамайтынын немесе жалғастырмайтынын, қандай да болмасын маневрді жүзеге асырмайтынын білдіреді;

26) жол жиегі - жолдың жүру бөлігімен тікелей қосылатын және жер қыртысының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, жол жүрісі қауіпсіздігін арттыруға, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалысын ұйымдастыруға, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде пайдалануға арналған жолдың элементі;

27) жол жүрісі - жолдар шегінде адамдар мен жүктерді көлік құралдары арқылы немесе оларсыз тасымалдау процесінде туындайтын қоғамдық қатынастар жиынтығы;

28) жолдың жүру бөлігі - көлік құралдарының жүруі үшін пайдаланылатын жолдың бір бөлігі;

29) жол жүрісіне қатысушы - жол жүрісі процесіне жаяу жүргінші, жолаушы немесе жүргізуші ретінде тікелей қатысатын адам;

30) жол жүрісінің қауіпсіздігі - қатысушыларының жол-көлік оқиғалары мен олардың зардаптарынан, сондай-ақ жол жүрісінің экологиялық жағдайға, халықтың дене саулығына теріс әсерінен қорғалу дәрежесін көрсететін жол жүрісінің жай-күйі;

31) жол жүрісін ұйымдастыру - жол жүрісін басқару жөніндегі ұйымдық-құқықтық, нормативтік-әдістемелік, жобалау-іздістіру, ұйымдық-техникалық, бақылау-қадағалау, өкімдік және басқа да іс-шаралар кешені;

32) жол-көлік оқиғасы - көлік құралының жолдағы қозғалысы процесінде және оның қатысуымен туындаған, адамның денсаулығына зиян келтіруге, өліміне, көлік құралдарының, құрылыстардың, жүктердің бүлінуіне не өзге материалдық залалға әкеп соққан оқиға;

33) жол қиылысы - жол қиылысы ортасынан неғұрлым алыс, тиісінше қарама-қарсы жолдың жүру бөлігінің дөңгелене бастайтын жерлерін жалғап тұратын жорамалданған сызықтармен шектелген жолдардың бір деңгейде қиылысу, қосылу немесе тармақталу орны. Іргелес аумақтардан шығу дала, орман жолдармен қиылысу (қосылатын) орындары жол қиылысы болып саналмайды;

34) жүргізуші - көлік құралын басқаратын адам, жол бойымен мал табын, жүк артылған, жегілген немесе мініс малын айдаушы;

35) жүксіз масса - көлік құралының экипажсыз, жолаушылар мен жүксіз, бірақ толық отын қоры мен қажетті құрал-сайман жиынтығы бар массасы;

36) жүкті масса - тиелген көлік құралының, экипаж бен жолаушылардың нақты массасы;

37) жолдың жүру бөлігінің шеті - таңбалау сызығымен, ол жоқ болғанда, сондай-ақ жолдың жүру бөлігінің трамвай жолдарымен жол шетінде жанасатын жерлерде жол жабыны өтетін шартты сызықпен айқындалады. Жол жабынының жиегін, оның ішінде жол жағдайлары бойынша айқындау мүмкін болмаған кезде жолдың жүру бөлігінің шетін таптаурын жолақтың шеті бойынша жол жүрісіне қатысушы өзі айқындайды;

38) жүру жолағы - жолдың жүру бөлігінің ұзына бойғы таңбамен белгіленген немесе белгіленбеген және автомобильдің бір қатарда жүруіне жетерлік ені бар кез келген ұзына бойғы жолағы;

39) жүруге кедергі - осы жолақ бойымен жүруді жалғастыруға мүмкіндік бермейтін жүру жолағындағы қозғалмайтын объект. Кептеліс немесе осы жүру жолағында осы Қағидалардың талаптарына сәйкес тоқтаған көлік құралы кедергі болып табылмайды;

40) жүру үшін қауіптілік - оның барысында нақ сол бағытта және нақ сол жылдамдықпен жүрісті жалғастыру жол-көлік оқиғасының туындау қаупін тудыратын жол жүрісі процесінде туындайтын ахуал;

41) қатар ауыстыру - көлік құралының өзі жүріп келе жатқан жүру жолағын бастапқы жүру бағытын сақтай отырып ауыстыруы;

42) қауіпті жүк - тасымалдау, тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу және сақтау кезінде оған тән қасиеттерге және ерекшеліктерге байланысты жарылыстың, өрттің немесе

техникалық құралдардың, қондырғылардың, ғимараттар мен құрылыстардың зақымдануының, сондай-ақ адамдар, хайуанаттар өлімінің, жарақаттануының немесе сырқаттануының, қоршаған ортаға зиян келтіру себебі болуы мүмкін жүк;

43) қоғамдық көлік - жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты және тұрақты емес тасымалдауларды жүзеге асыратын, көпшілік пайдаланатын көлік, сондай-ақ такси;

44) көлік құралы - адамдарды, жүктерді немесе үстіне орнатылған жабдықты жолдармен тасымалдауға арналған құрылғы;

45) күндізгі жүру жарықтары - тәуліктің жарық уақытында жүріп келе жатқан көлік құралының алдынан көрінуін жақсартуға арналған сыртқы жарық беру аспаптары;

46) маневр жасау - қозғалыстың аялдамадан (тұрақтан) басталуы, аялдау, бұрылу (кері бұрылу), орын ауыстыру, тежеу және көлік құралының артқы жүріспен қозғалысы;

47) маршруттық көлік құралы - жол бойымен жолаушыларды тасымалдауға арналған және белгіленген аялдама пункттері (аялдамалары) бар белгіленген маршрутпен жүретін жалпы пайдаланудағы көлік құралы (автобус, троллейбус, трамвай);

48) мәжбүрлі аялдау - оның техникалық ақауынан немесе ол әкеле жатқан жүк тудырған қауіптіліктен, жүргізушінің (жолаушының) жай-күйінен, жолда кедергі пайда болуынан көлік жүрісінің тоқтауы;

49) механикалық көлік құралы – мопедтер, электр самокаттар, шағын электр көлігі құралдары мен рельстік көлік құралдарын қоспағанда, қозғалтқышпен қозғалысқа келтірілетін, өздігінен жүретін жол көлік құралы. Ұғым тракторлар мен өздігінен жүретін машиналар жол жүрісіне қатысқан кезде оларға да қолданылады;

50) мопед - цилиндрінің көлемі елу текше сантиметрден аспайтын іштен жану қозғалтқышымен не электр қозғалтқышпен жабдықталған және ең жоғары конструктивтік жылдамдығы сағатына елу километрден аспайтын екі немесе үш дөңгелекті көлік құралы. Мопедтерге аспалы қозғалтқышы бар велосипедтер, мокиктер, скутерлер және осыған ұқсас сипаттамалары бар басқа да көлік құралдары теңестіріледі;

51) мотоцикл - қозғалтқышы бар, бүйір тіркемесімен немесе онсыз екі дөңгелекті механикалық көлік құралы. Мотоциклдерге жүктемесіз салмағы төрт жүз килограмнан аспайтын үш және төрт дөңгелекті көлік құралдары, цилиндрінің көлемі 50 текше сантиметрден асатын скутерлер және осыған ұқсас сипаттамасы бар басқа көлік құралдары теңестіріледі;

52) озып шығу - көлік құралының бір бағытта, көрші жолақпен жүріп келе жатқан көлік құралының жүріс жылдамдығынан жоғары жылдамдықпен жүруі;

53) рұқсат етілген ең жоғарғы масса - жасаушы-кәсіпорын ең жоғары рұқсат етілетін ретінде белгілеген, көлік құралының жүк тиелген, жүргізуші мен жолаушылары бар массасы. Көлік құралдары құрамының, яғни тіркелген және біртұтас

ретінде қозғалатын рұқсат етілген ең жоғары масса көлік құралының құрамға кіретін ең жоғары рұқсат етілген массасының жиынтығы болып қабылданады;

54) реттеуші - жолдағы жүрісті басқару бойынша реттеу іс-әрекеттерін орындауға уәкілетті, тиісті куәлігі мен жабдығы (нысандық киімі немесе айырым белгісі - қолына тағатын байлауышы, ала таяғы, қызыл белгісі не жарық шағылыстырғыш дискісі, қызыл шам немесе жалаушасы) бар, тәуліктің кез келген уақытында танылатын және көрінетін ішкі істер органдарының, әскери полиция қызметкері немесе жол-коменданттық бөлімшенің әскери қызметшісі, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің көліктік бақылау органдарының (бұдан әрі - көліктік бақылау органдары) қызметшісі, жол-пайдалану қызметінің қызметшісі, теміржол өткеліндегі, паром өтпесіндегі кезекші;

55) такси - Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларына сәйкес жабдықталған жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдауға арналған жеңіл автомобиль;

56) тәуліктің қараңғы уақыты - кешкі қара көлеңкеден таңертеңгі елең-алаңға дейінгі уақыт аралығы;

57) теміржол өтпесі - жолдың темір жолдармен бір деңгейде қиылысуы. Жақын жердегі рельстен 10 метрден арақашықтықта жорамалданған сызықпен шектелген жол учаскесі өтпенің шекарасы болып табылады;

58) тоқтап тұру - көлік құралының жүрісін жолаушыларды отырғызуға немесе түсіруге не көлік құралын тиеуге немесе түсіруге байланысты емес себептер бойынша бес минуттан асатын уақытқа әдейі тоқтату;

59) тротуар - жолдың жүру бөлігіне қосылған немесе одан газонмен бөлінген, жаяу жүргіншінің жүруіне арналған жол бөлігі;

60) тұрғын аймақ - осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес 5.38 белгісімен белгіленген учаске, құрылыс салынған аумақ немесе алқап;

61) тіркеме - қозғалтқышпен жабдықталмаған және механикалық көлік құралының құрамында жүруге арналған көлік құралы. Ұғым жартылай тіркемелер мен ұзартылмалы тіркемелерге де қолданылады;

62) ұйымдасқан жаяу жүргіншілер легі - осы Қағидалардың 3-тарауы 14-тармағының талаптарына сәйкес ұйымдастырылған және белгіленген жолмен жүріп бара жатқан жаяу жүргіншілер тобы;

63) ұйымдасқан көлік легі - көк түсті жарқылдақ маягі немесе көк және қызыл түсті маягі іске қосылған бас көлік құралы ілесіп жүретін, фаралары үнемі жанып тұрған, бір жүру жолағымен тікелей бірінің артынан бірі жүріп келе жатқан үш немесе одан да көп механикалық көлік құралдарының тобы;

63-1) шағын электр көлігі құралы – электр қозғалтқышы бар электр самокаттар мен мопедтерді қоспағанда, электр қозғалтқышпен жарақталған, жеке жүріп-тұруға арналған, бір немесе бірнеше дөңгелегі бар көлік құралы;

64) шектеулі көріну - жүргізушіге жергілікті жердің бедерімен, жолдың геометриялық параметрлерімен, өсімдіктермен, салынған үйлермен, құрылыстармен немесе өзге де объектілермен, оның ішінде көлік құралдарымен шектелген жүріс бағытындағы жолдың 100 метрден кем көрінуі;

65) іргелес аумақ - жолға тікелей іргелес және көлік құралдарының тура жүруіне арналмаған аумақ. Іргелес аумақ бойымен жүру осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады;

66) ірі көлемді көлік құралы - көлемі нормативтік құқықтық актілерде белгіленген көлем мөлшерінен асатын, жүгі бар немесе жүксіз көлік құралы;

66-1) электромобиль – аккумулятор батареяларынан, сыйымдылықты жинақтауыштардан және (немесе) отын элементтерінен энергия алатын электр қозғалтқышпен жарақтандырылған және қозғалысқа келтірілетін және тек қана электр энергиясының сыртқы көзінің көмегімен қуатталатын механикалық көлік құралы;

67) электр самокат – екі немесе үш дөңгелегі бар, электр қозғалтқышты (электр қозғалтқыштарды) пайдалану арқылы бір адамның жүріп-тұруына арналған, орындығы жоқ, ең жоғары конструктивтік жылдамдығы сағатына жиырма бес километрден аспайтын жеке мобильді көлік құралы;

68) жол-көлік оқиғасын оңайлатылған ресімдеу – "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларда жол-көлік оқиғасы туралы құжаттарды Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметкерлерінің қатысуынсыз ресімдеу;

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 31.08.2023 № 671 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.04.2024 № 330 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.09.2024 № 725 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3. Қазақстан Республикасының аумағында көлік құралдарының оң жақпен жүруі белгіленген.

4. Жол жүрісін ұйымдастыруда қажетті өзгерістер мен шектеулер тек жол белгілерінің, жол таңбаларының, бағдаршамдар мен реттеушілер сигналдарының көмегімен, сондай-ақ қозғалысты реттеуге уәкілетті адамдардың өкімдерімен ғана белгіленген тәртіппен енгізіледі.

Жолдарда немесе жолдардың жекелеген учаскелерінде жол жүрісін ұйымдастыруды өзгерткен кезде жол жүруге қатысушыларға бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарланады.

Жол жұмыстары жүргізілетін және қозғалыс бағыты уақытша өзгертін жерлерде сары фонда уақытша жол белгілері қолданылады.



5. Жол жүрісіне қатысушылар жол жүрісі үшін қауіп туғызбайтындай және зиян келтірмейтіндей етіп іс-қимыл жасауы тиіс.

Жол жүрісіне қатысушылар:

1) Осы Қағидаларды, "Жол жүрісі туралы" Заңының талаптарын білуге және сақтауға;

2) реттеушінің және бағдаршам сигналдарының, жол жүрісін реттеу үшін қолданылатын жол белгілерінің, жол таңбаларының, жол жұмыстары кезінде пайдаланылатын дыбыс және жарық сигналдарының, жедел және арнаулы қызметтердің көлік құралдарының арнайы жарық және дыбыс сигналдарының талаптарын орындауға;

3) жол жүрісі үшін қауіпсіз жағдайлар жасауға, өз әрекетімен немесе әрекетсіздігімен жол жүрісіне басқа қатысушыларға, олардың көлік құралдары мен өзге де мүлкіне зиян келтірмеуге;

4) жол жабынын бүлдірмеуге және ластамауға, жол белгілерін алып тастамауға, оларды көлегейлемеуге және бүлдірмеуге, жол белгілерін, бағдаршамдарды және жол жүрісін ұйымдастырудың басқа да техникалық құралдарын өз бетімен орнатпауға;

5) жол жүрісін қиындатпауға немесе жол жүрісіне кедергі келтіретін заттарды немесе материалдарды жолға лақтыру, түсіріп кету немесе қалдыру арқылы оның қауіпсіздігіне қатер төндірмеуге, жол жүрісі үшін бөгет жасауы, адамдарға қауіп төндіруі немесе мүлікке залал келтіруі мүмкін кез келген әрекеттерден тартынуға;

6) жолда жол жүрісі үшін кедергі анықталған немесе келтірілген жағдайда осы кедергіні жою жөнінде шаралар қолдануға, ал, егер бұл мүмкін болмаса – "Жол жүрісі туралы" Заңның талаптарына сәйкес немесе жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өзге де тәсілмен осы кедергіні белгілеуге және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органға немесе жол иелеріне кедергі туралы хабарлауға;

7) адал, әдепті әрекет етуге, мұқият және өзара сыпайы болуға, жол жүрісі үшін кедергілер мен қауіп келтірмеуге;

8) жолдарды ластауға жол бермеуге, оның ішінде арнайы бөлінген орындардан тыс жерге қоқыстарды, жол жүрісі үшін қауіп келтіретін заттарды және өзге де заттарды тастамауға;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жол жүрісі саласындағы өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

6. Осы Қағидаларды бұзған адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

7. Көлік құралын тоқтатқан жағдайда көлік құралы жүргізушісінің құжаттарын тексеруге немесе көлік құралын пайдалануға құқығы бар адамдар көлік құралына кідірмей жақын келеді, көлік құралын тоқтату себептерін түсіндіреді және жүргізушісінің талап етуі бойынша танысу және тегі мен лауазымын анықтау үшін қызметтік куәлігін жүргізушіге берместен, егер көлік құралы жүргізушісінің "Жол

жүрісі туралы" Заңының талаптарын және (немесе) осы Қағидаларды бұзуы сертификатталған арнайы техникалық құралдармен және аспаптармен тіркелсе, жүргізушіге тиісті материалдарды танысу үшін оны көрсетеді.

8. Жол-көлік оқиғасы болған жағдайда, жол-көлік оқиғасын оңайлатылған ресімдеу жүзеге асырылмаған кезде, егер зардап шеккендер болмаса, болған оқиғаның мән-жайларын бағалауда жүргізушілер өзара келіскен кезде оқиғаның схемасын алдын ала жасап және оған қол қойып, оқиғаны ресімдеу үшін ішкі істер органдарының жақын бөлімшесіне келеді.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 17.04.2024 № 330 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-тарау. Жүргізушілердің жалпы міндеттері**

9. Механикалық көлік құралының жүргізушісі:

1) мыналарды:

өзімен бірге жүргізушінің жеке басын куәландыратын құжаты болса, Қазақстан Республикасында берілгендерді қоспағанда, көлік құралын басқару құқығын беретін жүргізуші куәлігін не жүргізуші куәлігінің орнына берілген уақытша куәлікті;

Қазақстан Республикасында берілгендерді қоспағанда, көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті не көлік құралына меншік құқығын куәландыратын құжатты;

жол парағын, алып жүретін жүкке арналған құжатты (тауар-көліктік жүк құжатты) және көлік құралына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де құжаттарды өзімен бірге алып жүруге және ішкі істер органдарының, көліктік бақылау органдарының уәкілеттік берілген лауазымды адамдарының талабы бойынша оларға тексеру үшін беруге;

2) ішкі істер, көліктік бақылау органдарының нысанды киім киген қызметкерінің дауыс күшейткіш құрылғысының көмегімен, ысқырып сигнал берумен бір мезгілде жүргізушіге түсінікті және орындалуы авариялық жағдай туғызбайтындай етіп дер кезінде берілуге тиіс көлік құралына бағытталған қол қимылымен немесе таяқшамен сигнал беруі арқылы көлік құралын тоқтату туралы талабы бойынша көлік құралын тоқтатуға;

3) көлік құралының өздігінен жүріп кетуін болғызбайтын шаралар қолданбай, сондай-ақ оны ішкі істер органдарының қызметкері тоқтатқан жағдайда, оның рұқсатынсыз көлік құралын тастап кетпеуге;

4) ішкі істер органдары қызметкерінің талабы бойынша масаң күйін куәландырудан өтуге;

5) қауіпсіздік белдіктерімен жабдықталған көлік құралымен жүрген кезде белдікті тағуға және белдік тақпаған жолаушыларды тасымалдамауға;

6) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген жағдайларда, осы Қағидаларды білуін тексеруден өтуге;

7) көлік құралын:

шығындарды өтеттіре отырып, медициналық көмек көрсету үшін жол-жөнекей бағытта кетіп бара жатқан медицина қызметкерлеріне, сондай-ақ жедел медициналық көмекке мұқтаж азаматтарды емдеу мекемелеріне жеткізу үшін, сондай-ақ терроризмге қарсы операциялар жүргізу кезінде жүру бағытына қарамастан, медицина қызметкерлеріне, ішкі істер органдарының және ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлеріне;

жол-көлік оқиғалары кезінде бүлінген көлік құралдарын тасымалдау, дүлей зілзала болған жерге бару үшін ішкі істер органдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі мен ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлеріне беруге;

көлік құралын беру туралы талап шетел мемлекеттері өкілдіктерінің және дипломатиялық иммунитеті бар халықаралық ұйымдардың көлік құралдарына қолданылмайды;

көлік құралын пайдаланған адам жүргізушінің талабы бойынша анықтама беруі немесе жол парағына жазба (жүрудің қанша уақытқа созылғандығы, жүріп өткен қашықтықты, өзінің тегін, лауазымын, қызметтік куәлігінің нөмірін, өз ұйымының атауын көрсетіп) жасауы тиіс;

мемлекеттік ұйымдардың жоғарыда аталған қызметкерлеріне көлік құралдарын беруге байланысты келтірілген шығыстарды көлік құралы иесінің талабы бойынша белгіленген тәртіппен осы ұйымдар өтейді;

8) жол-көлік оқиғасы кезінде оған қатысы бар жүргізуші:

Осы Қағидалардың 7-тарауы 45-тармағының талаптарына сәйкес көлік құралын дереу тоқтатуға (орнынан қозғамауға), авариялық жарық сигнал беруін қосуға және авариялық тоқтау белгісін (жанып-сөнетін қызыл фонарь) қоюға, оқиғаға қатысы бар заттарды қозғамауға;

зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету үшін ықтимал шараларды қолдануға, жедел медициналық жәрдем шақыруға, ал шұғыл жағдайларда зардап шеккендерді жол-жөнекей көлікпен жөнелтуге, егер бұл мүмкін болмаса, өзінің көлік құралымен жақын жердегі емдеу мекемесіне жеткізуге, өзінің тегін, көлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісін хабарлауға (жеке басын куәландыратын құжатты немесе жүргізуші куәлігін және көлік құралына берілген тіркеу құжатын көрсете отырып) және оқиға болған жерге қайтып келуге;

Осы Қағидалардың 1-тарауы 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, болған оқиға туралы жақын жердегі ішкі істер органына дереу хабарлауға, оны

көргендердің тектері мен мекенжайларын жазып алуға және ішкі істер органдары қызметкерлерінің келуін күтуге;

егер басқа көлік құралдарының жүруі мүмкін болмаса, жолдың жүру бөлігін босатуға;

жолдың жүру бөлігін босату қажет болған кезде оқиғаға қатысы бар көлік құралының орналасуын, іздер мен заттарды куәлардың қатысуымен алдын ала белгілеп, оларды сақтауға барлық ықтимал шараларды қолдануға және оқиға болған жерді өзгелердің айналып өтуін қамтамасыз етуге міндетті.

Мотоциклді басқару кезінде жүргізушілер түймеленген мотошлемде болады және түймеленген мотошлем кимеген жолаушыларды тасымалдамайды.

10. Халықаралық жол жүрісіндегі көлік құралдарына Қазақстан Республикасының аумағындағы жол жүрісіне қатысуға Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың талаптарына сәйкес берілген:

1) көлік құралын, тіркемені тіркеу туралы куәлік;

2) көлік құралының тіркеу нөмірі;

3) мемлекеттің айырым белгісі;

4) көлік құралының таным белгісі;

5) көлік құралының техникалық қарап тексеруден өтуі фактісін растайтын құжат болған кезде рұқсат етіледі.

11. Жол жүргенде Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерде көлік құралдарын пайдалануға тыйым салынатын және жүргізуші анықтай алатын өзге ақаулар және жағдайлар туындаған кезде, ол оны жояды, ал егер бұл мүмкін болмаса, онда қажетті сақтық шараларын сақтай отырып, тұраққа немесе жөндеу орнына апарды.

12. Жүргізушіге:

1) өзімен бірге жүргізушінің жеке басын куәландыратын құжаты болса, Қазақстан Республикасында берілгендерді қоспағанда, көлік құралын басқару құқығын беретін жүргізуші куәлігінсіз не жүргізуші куәлігінің орнына берілген уақытша куәліксіз көлік құралын басқаруға;

2) масаң күйде (алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық); реакциясын және назар аударуын нашарлататын дәрілік препараттардың әсерімен; жол жүрісі қауіпсіздігіне қатер төндіретін сырқат немесе шаршаулы күйде көлік құралын басқаруға;

3) шыққан жылын қоса алғанда, шығарылғанына жеті жылдан аспаған, автомобиль көлігі саласындағы кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын М1 санатындағы көлік құралдарын қоспағанда, ақауы бар көлік құралын, міндетті техникалық қарап-тексеруден өтпеген көлік құралын басқаруға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын және (немесе)

тасымалдаушының жолаушылардың алдындағы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаспаған иесінің көлік құралын басқаруға;

5) мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері болмаған немесе олар тіркеу құжаттарына сәйкес келмеген жағдайларда көлік құралын басқаруға;

6) масаң күйдегі, реакциясын және назар аударуын нашарлататын дәрілік препараттардың әсеріндегі, сырқат немесе шаршаңқы күйдегі адамдарға, сондай-ақ жүргізуге оқып-үйренушілерден басқа, өзімен бірге жүргізушінің жеке басын куәландыратын құжаты болса, Қазақстан Республикасында берілгендерді қоспағанда, өзімен бірге осы санаттағы көлік құралын басқару құқығын беретін жүргізуші куәлігі, жүргізуші куәлігінің орнына берілген уақытша куәлігі жоқ немесе жол (маршрут) парағында көрсетілмеген адамдарға не көлік құралын басқару құқығы жоқ немесе басқару құқығынан айырылған адамдарға көлік құралын басқаруға беруге;

7) ұйымдастырылған (оның ішінде жаяулардың да) колонналарды кесіп өтуге және олардың арасынан орын алуға;

8) телефонды не радиостанцияны тыңдауыш немесе қатты дауысты байланысты қолдану арқылы пайдалануды қоспағанда, көлік құралын басқару кезінде оларды пайдалануға;

9) тежегіштің жұмыс жүйесі немесе рульмен басқаруы істемейтін, ілініс құрылғысы (поезд құрамында) жарамсыз, сондай-ақ тәуліктің қараңғы уақытында жолдарда жасанды жарықтандыру болмағанда немесе көрінуі жеткіліксіз жағдайларда - шамдары және (немесе) артқы габариттік оттары жанбайтын (жоқ), жаңбыр немесе қар жауып тұрғанда алдыңғы терезе тазалағыштары жарамсыз көлік құралын басқаруға.

Ең төменгі жылдамдықпен жүрген кезде көлік құралын тоқтататуға немесе маневрді жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін тежегіш жұмыс жүйесі немесе рульдік басқару жұмыс істемейтін болып саналады.

10) өзінің қатысы бар жол-көлік оқиғасынан кейін не ішкі істер органдары қызметкерінің талабы бойынша көлік құралы тоқтатылғаннан кейін уәкілетті лауазымды адам масаң күйді анықтау мақсатында куәландырудан өткізгенге дейін немесе уәкілетті лауазымды адам осындай куәландыруды жүргізуден босату туралы шешім қабылдағанға дейін алкоголь ішімдіктерін, есірткі немесе психотроптық заттарды пайдалануға тыйым салынады.

11) электрқуаттау станцияларымен жабдықталған орындарда оларды қуаттамай тоқтап тұруға тыйым салынады.

Осы Қағидалардың 8-тарауы 58 және 59-тармақтарында, 9-тарауы 61 және 62-тармақтарында, 10-тарауы 76-тармағында, 11-тарауы 80 және 81-тармақтарында, 12-тарауы 87, 88 және 90-тармақтарында, 13-тарауы 92 және 93-тармақтарында, 14-тарауы 109-тармағында, 15-тарауы 115-тармағында, 16-тарауы 118-тармағында, 17-тарауы 122-тармағында, 20-тарауы 144 және 145-тармақтарында, 22-тарауы 156 және 157-тармақтарында жүргізушілер үшін өзге тыйым салулар көзделген.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 26.09.2024 № 725 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 3 - тарау. Жаяу жүргіншілердің міндеттері

13. Жаяу жүргіншілер тротуармен немесе жаяу жүргіншілерге арналған жолдармен, ал олар болмаған кезде – жол жиегімен, сондай-ақ осы Қағидалардың 17-тарауы 121 және 124-тармақтарының талаптарына сәйкес жүреді.

Көлемі үлкен заттарды көтеріп немесе алып келе жатқан жаяу жүргіншілер, сондай-ақ қозғалтқышы жоқ кресло-арбалармен келе жатқан адамдар, егер олар тротуармен немесе жолды жағалай жүргенде басқа жаяу жүргіншілер үшін кедергі келтіретін болса, жолдың жүру бөлігінің жиегімен (бөлу жолақтары бар жолдарда - жолдың жүру бөлігінің сыртқы шетімен) жүре алады.

Тротуарлар, жаяу жүргіншілерге арналған жол немесе жолдың жиегі болмағанда, сондай-ақ олармен жүру мүмкін болмаған жағдайда жаяу жүргіншілер велосипед жолымен немесе жолдың жүру бөлігінің шетімен (бөлу жолақтары бар жолдарда - жолдың жүру бөлігінің сыртқы шетімен) бір қатарда жүре алады.

Елді мекендерден тыс жерлерде жолдың жүру бөлігімен жүрген кезде жаяу жүргіншілер көлік құралдарының жүрісіне қарсы жүруі тиіс.

Жолдың жүру бөлігінің шетімен қозғалтқышы жоқ кресло-арбаларда келе жатқан, мотоцикл, мопед, велосипед жүргізуші адамдар көлік құралдары жүрісінің бағытында жолдың оң жағымен жүреді.

14. Ұйымдасқан жаяу жүретін лектердің жолдың жүру бөлігімен жүру көлік құралдарының жүру бағытында оң жақпен, төрт адамнан аспайтын қатармен жүзеге асырылады. Лектің алдынан және артынан сол жағымен қызыл жалауша ұстаған, тәуліктің қараңғы уақытында және жеткіліксіз көріну жағдайында - алдында ақ түсті, артта қызыл түсті жағулы фонарьмен ілесіп жүрушілер жүреді.

15. Жаяу жүргіншілер көлік жүретін бөлікті жаяу жүргіншілерге арналған, оның ішінде жерасты және жерүсті өткелдерімен, ал олар болмағанда көру шегінде - қиылыстарда тротуарлар және жол жиегі сызығы бойымен кесіп өтеді.

Көру аймағында өткел немесе жол қиылысы болмағанда жолдың жүру бөлігінің шетіне тік бұрыштап, екі жақтан да жақсы көрінетін жерден жолды кесіп өтуге болады. Жолдың жүру бөлігін елді мекенде бөлу жолағы болған кезде, сондай-ақ жаяу жүргіншілер немесе жол қоршаулары орнатылған жерлерде жаяу жүргінші өткелдерінен тыс кесіп өтуге рұқсат етілмейді.

16. Жаяу жүргіншілер жүріс реттеліп тұратын жерлерде - реттеушінің сигналын немесе жаяу жүргіншілер бағдаршамын, ал ол болмағанда - көлік бағдаршамын басшылыққа алады.

17. Реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелдерінен жаяу жүргіншілер жолдың жүру бөлігіне жақындап қалған көлік құралымен арақашықтықты, оның жылдамдығын бағалап және кесіп өту олар үшін қауіпсіз екендігіне көз жеткізгеннен кейін шығады. Жолдың жүру бөлігін жаяу жүргінші өткелдерінен тыс жерлерде кесіп өткен кезде жаяу жүргіншілер, бұдан басқа көлік құралдары үшін кедергі келтірмейді және жақындап қалған көлік құралының жоқтығына көз жеткізбейінше тоқтап тұрған көлік құралының немесе көрінуді шектейтін өзге кедергінің тасасынан шықпайды.

Реттелетін және реттелмейтін жаяу жүргінші өткелі ұғымы осы Қағидалардың 13-тарауы 94-тармағында белгіленген реттелетін және реттелмейтін жол қиылысы ұғымымен бірдей.

18. Жолдың жүру бөлігіне шыққаннан кейін жаяу жүргіншілер, егер бұл жүріс қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты болмаса, кідірмеуі немесе аялдамауы тиіс. Жолды кесіп өтуге үлгермеген жаяу жүргінші қарсы бағыттағы көлік легін бөлетін сызықта аялдайды. Әрі қарай жүру қауіпсіз екендігіне көз жеткізгеннен кейін бағдаршамның (реттеушінің) сигналын ескеріп, жолдан өтуді жалғастыруға болады.

19. Жарқылдайтын көк маягі мен арнайы дыбыс сигналы іске қосулы көлік құралы жақындаған кезде жаяу жүргіншілерге жолдың жүру бөлігін кесіп өтуге рұқсат етілмейді, ал жол үстіндегілер осы көлік құралдарына жол береді және мүмкіндігіне қарай жолдың жүру бөлігін босатады.

20. Маршруттық көлік құралы мен таксиді жолдың жүру бөлігіне қарағанда биіктеу тұрған отырғызу алаңдарында, ал олар жоқ болған жағдайда - тротуарда немесе жол жиегінде ғана тұрып күтуге рұқсат етіледі. Биігірек отырғызу алаңдарымен жабдықталмаған аялдама пункттерінде көлік құралына отыру үшін жолдың жүру бөлігіне шығуға ол тоқтағаннан кейін ғана рұқсат етіледі. Түскеннен кейін жолдың жүру бөлігін кідірместен босату керек.

Аялдама пунктіне немесе одан жолдың жүру бөлігі арқылы жүру кезінде жаяу жүргіншілер осы тараудың 16, 17, 18 және 19-тармақтарының талаптарын басшылыққа алады.

#### **4-тарау. Жолаушылардың міндеттері**

21. Жолаушылар:

1) қауіпсіздік белдіктерімен жабдықталған көлік құралымен жол жүрген кезде оларды тағуға (осы Қағидалардың 2-тараудың 9-тармағының 5) тармақшасын ескеріп), ал мотоциклмен жол жүрген кезде - түймеленген мотошлемде болуға;

2) тротуар немесе жол жиегі жағынан және көлік құралы толық тоқтағаннан кейін ғана отыруды және түсуді жүзеге асыруға міндетті.

Егер тротуар немесе жол жиегі жағынан отыру және түсу мүмкін болмаса, бұл қауіпсіз болатын және жол жүрісіне басқа да қатысушылар үшін кедергі келтірмейтін жағдайларда жолдың жүру бөлігі жағынан жүзеге асырылады.

22. Жолаушыларға:

- 1) көлік құралы жүріп келе жатқанда жүргізушіні оны басқарудан алаңдатуға;
- 2) борт платформасы бар жүк автомобилімен жол жүрген кезде түрегеліп тұруға, бортқа немесе борттардан биік тұратын жүктің үстіне отыруға;
- 3) көлік құралы жүріп келе жатқанда оның есіктерін ашуға, сондай-ақ терезесінен және люгінен басын шығаруға тыйым салынады.

## **5-тарау. Бағдаршамның және реттеушінің сигналдары**

Бағдаршам және реттеуші сигналдарының кескіндемелері осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес келтірілген.

23. Жол жүрісін реттеу үшін көлденең және тігінен орналасқан бағдаршамдар қолданылады.

Бағдаршамдарда жасыл, сары, қызыл және ай түстес ақшыл жарық сигналдары қолданылады.

Сигналдары тігінен орналасқан бағдаршамдарда қызыл түс жоғарыда орналасады, ал жасыл - төменде; сигналдар көлденеңінен орналасқанда қызыл - сол жақта, жасыл - оң жақта орналасады.

Бағдаршам сигналдары мақсатына байланысты дөңгелек, бағыттаушы (бағыттаушылар) түрінде, жаяу жүргінші немесе велосипед кескінінде, "X" және "+" тәрізді болуы мүмкін.

Дөңгелек сигналды бағдаршамдардың бір немесе екі, дөңгелек жасыл сигналдың деңгейінде орналасқан жасыл бағыттаушы (бағыттаушылар) түріндегі сигналдары бар қосымша секциялары болуы мүмкін.

24. Бағдаршамның дөңгелек сигналдарының мынадай мәні бар:

- 1) жасыл сигнал жүруге рұқсат етеді;
- 2) жасыл жыпылықтаған сигнал жүруге рұқсат етеді және оның қолданылу уақыты өтіп барады және тыйым салатын сигнал іске қосылатындығын хабарлайды (жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерді жасыл сигналдың жануына дейін уақыт туралы секундпен хабар беретін сандық табло қолданылады);
- 3) сары сигнал осы бөлімнің 37-тармағында көзделгеннен басқа жағдайларда жүруге тыйым салады және сигналдардың ауысқалы тұрғанын ескертеді;
- 4) сары жыпылықтаған сигнал бағдаршаммен реттелмейтін көше қиылысының немесе жаяу жүргінші өтпесінің бар екенін хабарлайды, қауіптен сақтандырады;
- 5) қызыл, оның ішінде жыпылықтайтын сигнал, жүруге тыйым салады. Қызыл және сары сигналдардың қосыла жануы жүруге тыйым салады және жасыл сигнал жанғалы тұрғаны хабар береді.

25. Қызыл, сары және жасыл түсті бағыттаушы түрінде орындалған бағдаршам сигналы тиісті түстердегі дөңгелек сигналмен бірдей мағыналас, бірақ олардың күші бағыттаушы көрсеткен бағытқа (бағыттарға) ғана қолданылады. Бұл ретте солға



бұрылуға рұқсат беретін бағыттаушы, егер бұған тиісті жол белгісімен тыйым салынбаса, кері бұрылуға да рұқсат етеді.

Сілтеме. Қызыл және сары бағыттаушылардың орнына осы мағынада қара контурлы бағыттаушылар кескінделген дөңгелек қызыл және сары сигналдар пайдаланылуы мүмкін.

Қосымша секциясы бар жасыл бағыттаушы да осындай мәнге ие болады. Қосылмай тұрған қосымша секцияның сигналы осы секциямен реттелетін бағыттағы жүріске тыйым салынғанын білдіреді.

26. Егер бағдаршамның негізгі жасыл сигналына қара контурлы бағыттаушы (бағыттаушылар) салынған болса, онда ол жүргізушіге бағдаршамның қосымша секциясын және қосымша секцияның сигналына қарағанда өзге де рұқсат етілген жүру бағыттарын хабарлайды.

27. Егер бағдаршам сигналы жаяу жүргіншінің (велосипедтің) кескіні түрінде орындалса, онда күші тек жаяу жүргіншіге, (велосипедшілерге) ғана қолданылады. Бұл ретте жасыл сигнал жаяу жүргіншінің (велосипедшінің) жүруіне рұқсат береді, ал қызыл тыйым салады.

Велосипедшілердің жүруін реттеу үшін сондай-ақ кішірейтілген өлшемдегі дөңгелек сигналы бар, 300x200 мм өлшемді, қара түсті велосипед кескінделген тік бұрышты ақ түсті тақтайшамен толықтырылған бағдаршам пайдаланылады.

28. Көру қабілетінен толық айырылған жаяу жүргіншілерді жолдың жүру бөлігін кесіп өту мүмкіндігі туралы хабардар ету үшін бағдаршамдардың жарық сигналдары дыбыстық сигналмен толықтырылуы мүмкін.

29. Көлік құралдарының жолдың жүру бөлігінің қозғалыс бағыты қарама-қарсы бағытқа өзгеруі мүмкін жол жолақтары бойынша жүруін реттеу үшін X үлгісіндегі қызыл сигнал және төмен бағытталған бағыттаушы түріндегі жасыл сигналы бар реверстік бағдаршам қолданылады. Бұл сигналдар тиісінше олар үстінде орналастырылған жолақ бойынша жүруге тыйым салады немесе рұқсат береді.

Реверсивтік бағдаршамның негізгі сигналдары бағыттаушы түріндегі, төмен қарай оңға немесе солға қиғаштай еңкейтілген, іске қосылған сигналдың ауысатындығын және бағыттаушы нұсқаған жолаққа қатар ауыстыру қажеттігін хабарлайтын сары сигналмен толықтырылуы мүмкін.

Реверсивтік бағдаршамның екі жағынан осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес 1.9 таңбалауымен белгіленген жолақтың үстіне орналастырылған сигналдары іске қосылғанда осы жол жолағына шығуға тыйым салынады.

30. Трамвайлардың, сондай-ақ олар үшін бөлінген жолақпен жүретін қоғамдық көліктің жүрісін реттеу үшін "Т" әрпі түрінде орналасқан төрт ай түстес ақ дөңгелек сигналдары бар бағдаршамдар қолданылады. Бір мезгілде төменгі сигналмен бір немесе бірнеше жоғарғы сигнал іске қосылған кезде ғана олардың сол жақтағысы - солға, ортадағысы - тіке, оң жақтағысы - оңға жүруге рұқсат етеді.

31. Теміржол өтпесінде орналасқан дөңгелек, жыпылықтап тұратын ай түстес ақ сигнал көлік құралдарының өтпе арқылы жүруіне рұқсат береді. Ай түстес ақ және қызыл жыпылықтайтын сигнал сөніп тұрған кезде көз жетер шегінде өтпеге жақындап қалған пойыз (локомотив, дрезина) болмаған кезде жүруге рұқсат етіледі.

32. Жасыл "+" тәрізді сигнал қарсы бағыттағы көлік құралдары үшін бағдаршамның тыйым салатын қызыл сигналының жанғаны туралы хабарландырады.

Сөніп тұрған жасыл "+" тәрізді сигнал қарсы бағыттағы көлік құралдары үшін бағдаршамның рұқсат беретін жасыл сигналының жанғаны туралы хабарландырады.

**Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 17.04.2024 № 330 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

33. Оның денесі мен қолдарының, оның ішінде мынадай мәндерді білдіретін таяқшамен жасаған қимылдары, реттеушінің сигналы болып табылады:

1) қолдары екі жаққа созылған немесе төмен түсірілген:

сол және оң бүйір жақтарынан - трамвайға тіке, рельссіз көлік құралдарына тіке және оңға жүруге рұқсат етіледі, жаяу жүргіншілерге жолдың жүру бөлігін кесіп өтуге рұқсат етіледі;

кеуде және арқа жағынан - барлық көлік құралдарының және жаяу жүргіншілердің жүруіне тыйым салынады;

2) оң қол алға созылған:

сол бүйір жақтан - трамвайға солға, рельссіз көлік құралдарына барлық бағыттарда жүруге рұқсат етіледі;

кеуде жағынан - барлық көлік құралдарына тек қана оңға жүру рұқсат етіледі;

оң бүйір және арқа жағынан - барлық көлік құралдарына жүруге тыйым салынады;

жаяу жүргіншілерге жолдың жүру бөлігін кесіп өтуге реттеушінің арт жағынан рұқсат етіледі.

3) қол жоғары көтерілген:

осы тараудың 37-тармағында көзделген жағдайлардан басқа барлық көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің барлық бағытта жүруіне тыйым салынады.

Реттеуші қол қимылдарымен жүргізушілерге және жаяу жүргіншілерге түсінікті басқа да сигналдар беруі мүмкін.

Сигналдар жақсы көрінуі үшін реттеуші таяқшаны немесе қызыл сигналы бар дискіні (жарық шағылыстырғышты) қолдануы мүмкін.

34. Көлік құралының тоқтауын талап ету дауыс күшейткіш құрылғысының көмегімен, ысқырып сигнал берумен бір мезгілде жүргізушіге түсінікті және орындалуы авариялық жағдай туғызбайтындай етіп дер кезінде берілуге тиіс көлік құралына бағытталған қол қимылымен немесе таяқшамен беріледі.

35. Ысқырықпен қосымша берілген сигнал жол жүрісіне қатысушылардың назарын аудару үшін беріледі.

36. Бағдаршамның (реверстіктен басқа) немесе реттеушінің тыйым салатын сигналы кезінде жүргізушілер тоқтау-сызығының (осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес 5.3.3-белгісінің) алдында, ал олар болмаған кезде:

1) жол қиылысында - жаяу жүргіншілер үшін кедергі тудырмай жолдың кесіп өтетін жүру бөлігінің алдында не осы Қағидалардың 13-тарауы 98-тармағының талаптарын басшылыққа алады;

2) теміржол өтпесі алдында - осы Қағидалардың 15-тарауы 116-тармағына сәйкес;

3) басқа жерлерде - жүруі рұқсат етілген көлік құралы мен жаяу жүргіншілерге кедергі туғызбай тоқтайды.

37. Реттеуші қолын көтерген немесе сары сигнал жанған кезде, егер бағдаршам сигнализациясының жұмыс режимі жасыл сигналдың тікелей сөнер алдындағы жыпылықтауын қамтамасыз етпейтін жағдайларда әрі қарай жүруге рұқсат етіледі.

Реттеуші қолын көтерген немесе сары сигнал жанған кезде жолдың жүру бөлігінде келе жатқан жаяу жүргіншілер оны босатады, ал оған мүмкіндік болмаған кезде қарсы көлік легін бөлуші сызықта тоқтайды.

**Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 17.04.2024 № 330 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

38. Жүргізушілер мен жаяу жүргіншілер, тіпті олар бағдаршам сигналына, жол белгілері немесе таңбаларының талаптарына қайшы келсе де, реттеушінің сигнал талаптары мен бұйрығын орындайды.

39. Теміржол өтпелерінде жыпылықтаған қызыл сигналмен бір мезгілде жол жүрісіне қатысушыларды қосымша ақпараттандыратын, өтпе арқылы жүруге тыйым салатын дыбыстық сигнал берілуі мүмкін.

## **6- тарау. Арнаулы сигналдарды қолдану**

40. Көк және (немесе) қызыл түсті жарқылдауық маягі іске қосылған жедел және арнайы қызметтің көлік құралдарының жүргізушілері кезек күттірмейтін қызметтік тапсырманы орындау кезінде, жол жүрісі қауіпсіздігі қамтамасыз етілген жағдайда осы Қағидалардың 5 (реттеушінің сигналдарынан басқа), 8-18- тараудың, осы Қағидаларға 1 және 3-қосымшалардың талаптарын орындамауы мүмкін.

Қозғалысқа басқа қатысушылардың алдында басымдық алуы үшін мұндай көлік құралдарының жүргізушілері көк және (немесе) қызыл түсті жарқылдауық маяк пен арнаулы дыбыстық сигналды іске қосуы тиіс. Олар өздеріне жол берілгендігіне көз жеткізгеннен кейін ғана басымдықты пайдалана алады.

Бұл құқықты Қағидалардың осы тармағында белгіленген жағдайларда жедел және арнаулы қызметтердің көлік құралдары ілесіп жүретін көлік құралдарының жүргізушілері де пайдаланады.

41. Көк және (немесе) қызыл түсті жарқылдақ маягі іске қосылған және арнаулы дыбыстық сигналы бар көлік құралдары жақындаған кезде жүргізушілер осы және олардың ілесіп жүруіндегі басқа көлік құралдарының кедергісіз өтіп кетуін қамтамасыз ету үшін жолды босатады.

42. Көк және (немесе) қызыл түсті жарқылдақ маягі іске қосылуы тоқтап тұрған көлік құралдарына жақындаған кезде жүргізуші қажет болған жағдайда дереу тоқтатуға мүмкіндік болуы үшін жылдамдықты азайтады.

43. Құрылыс, жөндеу немесе жинау жұмыстарын орындау кезінде іске қосылған қызғылт сары немесе сары түсті жарқылдауық маягі бар, жеке меншік күзет ұйымдарының жедел ден қою ұтқыр топтарының, жолдағы көліктік бақылау органдарының көшпелі бақылау-өткізу пункттерінің, инкассация қызметтерінің мамандандырылған көлік құралдарының, ұйымдасқан велосипедшілер топтарымен бірге жүретін, өсімдіктер және жануарлар дүниесін қорғау саласындағы құқық бұзушылықтарға жол бермеу жөніндегі қызметті атқаратын көлік құралдарының жүргізушілері жол жүрісі қауіпсіздігі қамтамасыз етілген жағдайда жол белгілері (осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес 2.2, 2.4 - 2.6, 3.11 - 3.14, 3.17.2, 3.20 белгілерінен басқа) мен таңбаларының, сондай-ақ осы Қағидалардың 9-тарауы 63, 64, 65, 66 және 67 -тармақтарының және 16-тарауы 118-тармағының талаптарын орындамауы мүмкін. Басқа көлік құралдарының жүргізушілері олардың жұмысына кедергі жасамауға тиіс.

## **7 - тарау. Авариялық сигнал беру мен авариялық аялдау белгісін қолдану**

44. Авариялық жарық сигнал беру:

- 1) жол-көлік оқиғасы кезінде;
- 2) аялдауға тыйым салынған жерлерде амалсыздан тоқтаған кезде;
- 3) артқа жүру кезінде;
- 4) жүргізушінің көзін фар жарығы шағылыстырған кезде;
- 5) сүйретуге алу кезінде (сүйретілетін механикалық көлік құралында);
- 6) жолдың жарықтандырылмайтын учаскесінде аялдау және тұру кезінде немесе көлемдік оттардың дұрыс істемеуінен көріну жеткіліксіз болғанда;
- 7) елді мекеннен тыс, жол жиегінің ені жолдың жүру бөлігінен толық кіру үшін жеткіліксіз болғанда немесе жол жиегінің енін осы жол жағдайында айқындау мүмкін болмай, онда тоқтаған кезде іске қосылады.

Авариялық жарық сигнал беру басқа жағдайларда да, жол жүрісінің қатысушыларына көлік құралы туғызуы мүмкін қауіптілік туралы ескерту үшін де қосылады.

45. Авариялық жарық сигналын іске қосқаннан кейін, сондай-ақ оның ақауы болса немесе ол болмағанда, жолдың жүру бөлігінің неғұрлым қауіпті:

- 1) жол-көлік оқиғасы;

2) аялдама жасауға тыйым салынған жерлерде немесе жолдың көрінуі бір жүз метрден кем болған жерлерде мәжбүрлі тоқтау кезінде ең болмағанда бір бағытта дереу авариялық аялдама (немесе жыпылықтаған қызыл фонарь) белгісі қойылады.

Авариялық аялдау белгісі (немесе жыпылықтаған қызыл фонарь) нақты жағдайда басқа жүргізушілерді қауіптілік туралы уақтылы хабардар етуді қамтамасыз ететін қашықтықта көлік құралынан елді мекендерде - кемінде он бес метр және елді мекеннен тыс жерде - отыз метр арақашықтықта орнатылады.

46. Авариялық жарық сигналы болмағанда немесе оның ақауы болса, сүйретілетін механикалық көлік құралының артқы жағына авариялық қауіптілік белгісі бекітіледі.

## **8-тарау. Маневр жасау**

47. Жүргізуші маневрді орындауды бастамас бұрын тиісті мақсаттағы жарық көрсеткіштерімен, егер олар болмаса немесе ақауы болса - қолмен сигнал береді. Бұл ретте маневр қауіпсіздікті сақтай отырып, жүзеге асырылады және жол жүрісіне басқа қатысушыларға кедергі туғызбайды.

48. Сол жаққа бұрылудың жарық көрсеткіші не сол жаққа сол қолды созу не жанына созылған тік бұрыш жасап шынтақтан жоғары бүгілген оң қол сол жаққа маневр жасау сигналы болып табылады. Оң жаққа бұрылудың жарық көрсеткіші не жанына созылған оң қол немесе жанына созылған және шынтақтан тік бұрыш жасап жоғары бүгілген сол қол оң жаққа маневр жасау сигналы болып табылады. Тежеу сигналы тоқтау-сигналымен не қолды жоғары көтеру арқылы беріледі. Артқа жүру сигналы артқы жүріс шамын жағу және авариялық сигнал беруді қосу арқылы беріледі.

Бұрылу көрсеткіштерімен немесе қолмен сигнал беру жол жүрісіне басқа қатысушыларды жаңылыстырмай, маневрді орындау басталғанға дейін алдын ала беріледі және ол аяқталғаннан кейін дереу тоқтатылады (сигналды қолмен беруді тікелей маневрді орындау алдында аяқтауға болады).

Сигнал беру жүргізушіге артықшылық бермейді және оны сақтық шараларын қолданудан босатпайды.

49. Екінші дәрежелі жолдан жолға шығу кезінде жүргізуші жолда жүріп келе жатқан көлік құралдары мен жаяу жүргіншілерге, ал жолдан кірген кезде өзі жолын кесіп өтетін көлік құралдары мен жаяу жүргіншілерге жүруге жол береді.

**Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 17.04.2024 № 330 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

50. Жүргізуші аялдау немесе тұрақ орнына келген кезде жолдың жүру бөлігінің шетімен немесе жол жиегімен келе жатқан жаяу жүргіншілерге, велосипед, мопед, көлік арба жүргізушілеріне, мініс және жүк артылған мал айдаушыларға жол береді.

51. Қатар ауыстыру кезінде жүргізуші жүру бағытын өзгертпей, қатарлас келе жатқан көлік құралдарына жол береді. Бірге келе жатқан көлік құралдары бір мезгілде қатар ауыстырған кезде, жүргізуші оң жақта келе жатқан көлік құралына жол береді.

Жүріп келе жатқан көлік құралдары арасында қауіпті арақашықтық туындайтын жағдайда қатар ауыстыруға рұқсат етілмейді.

52. Шеңберлі жүріс ұйымдастырылған жол қиылысына шыққан кезде бұрылыс жасау жағдайларын қоспағанда, оңға, солға немесе кері бұрылу алдында жүргізуші осы бағытта жүруге арналған жолдың жүру бөлігінде және жолақта тиісті шеткі орынға алдын ала ауысады.

Егер жолда осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес 5.8.1 немесе 5.8.2 белгілері орнатылса, онда аталған маневрлерді тиісті жүру жолақтары бойынша жасауға рұқсат етіледі; бұл ретте шеткі жүру жолақтары бос болған кезде шеткі емес жолақтармен жүруге рұқсат етілмейді.

Егер осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес 5.8.1 немесе 5.8.2 белгілерімен жолдың жүру бөлігінің жолақтарымен жүру бағыты көрсетілмесе, сол жақта жолдың жүру бөлігімен бір деңгейде орналасқан бір бағыттағы трамвай жолдары болған кезде сол жаққа және кері бұрылу солардан бастап орындалуы тиіс. Бұл ретте жүргізуші трамвайға жол береді.

53. Бұрылу жолдың жүру бөліктерінің қиылысынан шыққан кезде көлік құралы қарсы жүру жағына шықпайтындай болып жүзеге асырылады. Оңға бұрылған кезде көлік құралы жүріс бөлігінің оң жақ шетіне жақынырақ жүруі керек.

**Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 17.04.2024 № 330 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

54. Егер көлік құралы қиылыста немесе одан тыс бұрылыс жасауды немесе қиылыста кері бұрылуды осы бөлімнің 52-тармағын сақтай отырып, өзінің көлемінен немесе басқа себептер бойынша орындай алмаса, жол жүрісі қауіпсіздігі қамтамасыз етілген жағдайда және бұл басқа көлік құралдарына кедергі туғызбайтын болса, көрші жол жолағына жартылай, ал қажет болғанда толықтай шығуына рұқсат етіледі.

54-1. Радиуска қарамастан, бұрылу қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету шартымен және егер бұл басқа көлік құралдарына кедергі келтірмесе жүзеге асырылады.

**Ескерту. Қағидалар 54-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 17.04.2024 № 330 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

55. Рельссіз көлік құралының жүргізушісі қиылыстан тыс жерде солға немесе кері бұрылған кезде қарсы келе жатқан көлік құралына жол береді.

Егер қиылыстан тыс жерде кері бұрылған кезде сол жақ шеттен маневрді орындау үшін жолдың жүру бөлігінің ені жеткіліксіз боса, онда жолдың жүру бөлігінің тек қана

оң жақ шетінен (оң жақ жол жиегінен) бұрылуға жол беріледі. Бұл ретте жүргізуші бағытпас немесе қарсы келе жатқан көлік құралдарына жол береді.

56. Көлік құралдары жүрісінің траекториясы қиылысатын, ал өту кезектілігі Қағидаларда айқындалмаған жағдайларда, көлік құралы өзіне оң жақтан жақындап қалған жүргізуші жол береді.

57. Тежеу жолағы болған жағдайда, бұрылуды көздеген жүргізуші осы жолаққа уақтылы ауысады және сонда ғана жылдамдықты азайтады.

Жолға кіретін жерде жүру сызығы болған кезде жүргізуші соның бойымен жүреді және осы жолмен жүріп келе жатқан көлік құралдарына жол бере отырып, көрші жолаққа ауысады.

58. Кері бұрылуға:

1) жаяу жүргіншілердің өткелдерінде және тротуарлардың немесе жол жиектерінің сызығы бойынша жол қиылыстарында;

2) тоннельдерде;

3) көпірлерде, жолөткелдерде, эстакадаларда және олардың астында;

4) теміржол өтпелерінде;

5) жолдың жүру бөлігінің көріну мүмкіндігі бір жүз метрден кем жерлерде;

6) аялдау пункттері орналасқан жерлерде тыйым салынады.

59. Көлік құралының артқы жүріспен қозғалуына маневр қауіпсіз болған және қозғалысқа басқа да қатысушыларға кедергі жасамаған жағдайда рұқсат етіледі. Көше қиылыстарында және осы бөлімнің 58-тармағына сәйкес кері бұрылуға тыйым салынған жерлерде артқа жүруге тыйым салынады.

## **9-тарау. Көлік құралдарын жолдың жүру бөліктерінде орналастыру**

60. Рельссіз көлік құралдарына арналған жүру жолақтарының саны таңбалармен немесе осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес 5.8.1, 5.8.2, 5.8.7, 5.8.8 белгілерімен айқындалады, ал егер олар болмаса, жолдың жүру бөлігінің енін, көлік құралдарының көлемін және олардың арасындағы қажетті аралықты ескере отырып, жүргізушілердің өздері айқындайды. Бұл ретте, егер жол жүрісін ұйымдастыру өзгеше жүру тәртібін айқындамаса, сол жақта орналасқан жолдың жүру бөлігінің (не жолдың жүру бөлігінің шетін айқындау мүмкін болмағанда, жол полотносының) жарты ені қарсы жүруге арналған жағы болып табылады. Қарсы жүруге арналған жақтарды бөлетін шартты сызықты айқындау кезінде жолдың жүру бөлігінің (жол полотносының) бір жерінде енінің кеңеюі назарға алынбайды.

61. Төрт немесе одан да көп жолағы бар екіжақты жүру жолдарында жолдың қарсы жүруге арналған жағына шығуға тыйым салынады. Мұндай жолдарда солға бұрылуды немесе кері бұрылуды көше қиылыстарында және бұған осы Қағидалармен, белгілермен және (немесе) таңбамен тыйым салынбаған жерлерде орындауға болады.

62. Үш жолағы бар, екі жақты жүру жолдарында қарсы жүруге арналған шеткі сол жақтағы жолаққа шығуға тыйым салынады.

62-1. Қағидалармен қарастырылған жағдайларды қоспағанда 1.1 жол белгісімен бөлінген және (немесе) 3.20 белгімен белгіленген екі жолағы бар екі жақты жүру жолдарда қарсы жүруге арналған жолаққа шығуға тыйым салынады.

**Ескерту. Қағидалар 62-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 17.04.2024 № 330 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

63. Елді мекеннен тыс, сондай-ақ елді мекендерде осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес 5.1 және 5.3 белгілерімен белгіленген жолдарда немесе 80 км/сағ. жоғары жылдамдықпен жүруге рұқсат етілген жерлерде көлік құралының жүргізушілері мүмкіндігіне қарай оларды жолдың жүру бөлігінің оң жақ шетіне жақын жүргізеді, бұл ретте оң жақ бос болған кезде сол жақпен жүрмейді.

Елді мекендерде осы Қағидалардың осы тармағының және осы бөлімі 64-тармағының, 16-тарауы 118-тармағының және 24-тарауы 166-тармағының талаптарын ескере отырып, кез келген жолақпен жүру жүзеге асырылады, алайда, сол жақ жолақтың бойымен рұқсат етілгеннен төмен жылдамдықпен келе жатқан көлік құралының жүргізушісі осы жолақтың бойымен неғұрлым жоғары жылдамдықпен артынан жақындап келе жатқан және осы Қағидалардың 19-тарауы 140-тармағына сәйкес ескерту сигналын берген көлік құралына оң жаққа қатар ауыстыру арқылы жолақты босатады.

Осы бағытта жүру үшін үш және одан көп жолағы бар кез келген жолда, басқа жолақтар бос болмаған кезде сол жақ шеткі жолаққа неғұрлым қарқынды жүріс кезінде, сондай-ақ басып озуға, солға бұрылуға немесе кері айналу үшін шығуға, ал рұқсат етілген ең жоғары массасы 3,5 тонн артық болатын жүк автомобильдеріне - тек қана солға немесе кері бұрылуға рұқсат етіледі. Бір жақты жүру жолының, аялдау немесе тұру үшін, сол жағына шығу тек қана осы Қағидалардың 12-тарауы 84-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Көлік құралдарының көрші жолаққа қарағанда үлкен жылдамдықпен бір жол жолағында жүруі басып озуға жатпайды.

64. Жүру жылдамдығы 40 км/сағ. аспайтын немесе техникалық себептерге байланысты мұндай жылдамдық ала алмайтын көлік құралдары айналып өту, басып озу, солға, кері бұрылу немесе рұқсат етілген жағдайларда жолдың сол жағында аялдау (тұру) алдында қатар ауыстыру жағдайларынан басқа, осы көлік құралының оған керек бағытта жүруіне арналған шеткі оң жақ жолақпен жүреді.

65. Жолдың жүру бөлігімен бір деңгейде сол жақта орналасқан бір бағыттағы трамвай жолымен жүруге осы бағыттағы барлық жолақтар бос болмаған кезде, сондай-ақ осы Қағидалардың 8-тарауы 52-тармағын ескере отырып айналып өту, озып шығу, солға бұрылу немесе кері айналу кезінде рұқсат етіледі. Бұл ретте трамвайға



кедергі жасалмауы керек. Қарсы бағыттағы трамвай жолдарына шығуға, сондай-ақ жолда осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес 5.8.1 немесе 5.8.2 белгілері орнатылса, трамвай жолымен жол қиылысы арқылы жүруге рұқсат етілмейді.

66. Егер жолдың жүру бөлігі таңбалау сызықтарымен жолақтарға бөлінсе, көлік құралдарының жүруі қатаң түрде белгіленген жол жолақтары бойынша жүзеге асырылуы тиіс. Үзік сызықты таңбаларға қатар ауыстырған кезде ғана шығуға рұқсат етіледі.

67. Реверстік жүріс жолына бұрылған кезде, жүргізуші көлік құралын жолдың жүру бөлігінің қиылысынан шыққан кезде көлік құралы оң жақ шеткі жолаққа шығатындай жағдайда жүргізеді. Жүргізуші осы бағыттағы жүріске басқа жолақтар бойымен жүруге рұқсат етілетіндігіне көз жеткізгеннен кейін ғана қатар ауыстыруға рұқсат етіледі.

68. Көлік құралдарының жол жиегімен, тротуарлармен және жаяу жүргіншілер жолымен (осы Қағидалардың 12-тарауы 84-тармағында және 24-тарауы 166-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда), ал елді мекендерде - бұдан басқа, жолдың жүру бөлігінен тыс жерлермен жүруіне рұқсат етілмейді. Жол пайдалану және коммуналдық қызмет машиналарының жүруіне, жол жиегіне, тротуарларға немесе жаяу жүргіншілер жолына тікелей жақын орналасқан объектілерге жүктерді апаратын көлік құралдарының қысқа жолмен баруына, басқа кіру жолы болмаған кезде рұқсат етіледі. Бұл ретте жол жүрісі қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі тиіс.

69. Жүргізуші жүру жылдамдығына орай алда жүріп бара жатқан көлік құралымен соқтығысудан сақтануға мүмкіндік беретін қашықтықты, сондай-ақ қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қажетті бүйірлік аралықты сақтайды.

70. Елді мекендерден тыс жерде екі жолағы бар екіжақты жүру жолдарында олар үшін жылдамдыққа шектеу белгіленген көлік құралдарының, сондай-ақ ұзындығы жеті метрден асатын көлік құралдарының (көлік құралдары құрамының) жүргізушілері өз көлігі мен алда кетіп бара жатқан көлік құралының арасында оларды басып озатын көлік құралы бұлар жүріп келе жатқан жол жолағына кедергісіз қатар ауыстыра алатындай аралықты ұстайды. Бұл талап, егер жүргізуші басып озуды орындауға әзірленіп келе жатса, сондай-ақ үдемелі жүріс кезінде және ұйымдасқан көлік легінің кезінде қолданылмайды.

71. Екіжақты жүру жолдарында жүру бөлігінің ортасында орналасқан қауіпсіздік аралдарының жолдың бөлу жолағы, тумбалар және жол құрылыстарының элементтері (көпір тіректері, жол өткізгіштері және сол сияқтылар) болмаған кезде, егер белгілер мен таңба өзгеше нұсқамаса, жүргізуші оң жағынан айналып өтеді.

## **10-тарау. Жүріс жылдамдығы**

72. Жүргізуші көлік құралын белгіленген шектеуден аспайтын жылдамдықпен, мұндайда жүріс үдемелілігін, көлік құралы мен жүктің ерекшелігін және жай-күйін, жүру бағытындағы көрінуге қатысты жол және метеорологиялық жағдайларды ескере

отырып жүргізеді. Жылдамдық жүргізушіге осы Қағидалардың талаптарын орындау үшін көлік құралының жүрісіне тұрақты түрде бақылау жасауына мүмкіндік беруін қамтамасыз етеді.

Жүруге жүргізуші анықтай алатындай кедергі және (немесе) қауіп туған жағдайда, ол жылдамдықты тоқтатуға дейін азайтуға немесе жол жүрісіне басқа қатысушылар үшін қауіп төндірмей, кедергіні айналып өтуге шаралар қолданады.

73. Елді мекендерде:

1) автобустар мен тиісті жол белгілерімен белгіленген арнайы жүру режимдерін қоспағанда, сағатына 60 километрден аспайтын, бірақ сағатына 90 километрден аспайтын жылдамдықтағы көлік құралдарына;

2) жылдамдығы сағатына 50 километрден аспайтын автобустарына;

3) тұрғын аймақтар мен аула аумақтарында - сағатына 20 километрден аспайтын жылдамдықпен жүру рұқсат етіледі.

**Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 17.04.2024 № 330 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

74. Елді мекендерден тыс мыналарға:

1) жеңіл автомобильдерге және мотоциклдерге автомагистральдарда осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес 3.24 тиісті жол белгісімен белгіленген, бірақ сағатына 140 километрден аспайтын, бөлу жолағы бар жолдарды сағатына 110 километрден аспайтын, қалған жолдарда сағатына 100 километрден аспайтын;

2) рұқсат етілген ең жоғары массасы 3,5 тоннадан аспайтын жүк автомобильдеріне, қалааралық автобустарға, шағын автобустарға автомагистральдарда - сағатына 110 километрден аспайтын, бөлу жолағы бар жолдарды сағатына 100 километрден аспайтын, қалған жолдарда - сағатына 90 километрден аспайтын;

3) басқа автобустарға, оның ішінде балалар топтарын ұйымдастырылған түрде тасымалдауды жүзеге асыратын, тіркеме сүйреткен кезде жеңіл автомобильдерге, рұқсат етілген ең жоғары массасы 3,5 асатын жүк автомобильдеріне автомагистральдарда сағатына 90 километрден аспайтын, бөлу жолағы бар жолдарда сағатына 80 километрден аспайтын, қалған жолдарда сағатына 70 километрден аспайтын жылдамдықпен жүруге рұқсат етіледі.

75. Көлік құралдарының жылдамдығы:

1) жүк автомобилінің шанағында жолаушыларды тасымалдау кезінде - сағатына 60 километрден;

2) механикалық көлік құралдарын сүйреткен кезде - сағатына 50 километрден;

3) қауіпті, ауыр салмақты және ірі көлемді жүктерді тасымалдау шарттарын келіскен кезде - белгіленген көлемнен аспауы тиіс.

76. Жүргізушіге:

1) белгіленген тәртіппен айқындалған ең жоғары жылдамдықтан асыруға;

2) көлік құралының техникалық сипаттамасында айқындалған ең жоғары жылдамдықтан асыруға;

3) көлік құралына орнатылған "Жылдамдықты шектеу" таным белгісінде көрсетілген жылдамдықтан асыруға (осы жерде және бұдан кейін таным белгілері Негізгі ережелерге сәйкес көрсетіледі).

4) басқа көлік құралдарына кедергі келтіруге;

5) егер бұл жол-көлік оқиғасын болғызбау үшін қажет етілмесе, кілт тоқтауға тыйым салынады.

## **11- тарау. Басып озу, қарсы келіп жол айырысу**

77. Басып озуды бастамас бұрын жүргізуші:

1) өзі шығуды көздеген жүру жолағы басып озу үшін жеткілікті аралықта бос екендігін және осы маневрмен ол қарама-қарсы және осы жолақта артта жүріп келе жатқан, оның ішінде осы Қағидалардың 19-тарауы 139 және 140-тармақтарына сәйкес ескерту сигналдарын беруші көлік құралдарына кедергі келтірмейтініне;

2) осы жолақта артта келе жатқан көлік құралының басып озуды бастамағанына;

3) осы жолақ бойымен алда кетіп бара жатқан көлік құралы жүргізушісінің солға маневр жасау туралы сигнал бермегеніне;

4) қарама-қарсы жүру жолағына (жағына) шыға отырып, басып озуды аяқтағаннан кейін, өзі басып озған көлік құралына кедергі тудырмай, бұрын жүріп келе жатқан жол жолағына келе алатынына көз жеткізуі қажет.

78. Рельссіз көлік құралын сол жағынан басып озуға рұқсат етіледі. Алайда, жүргізушісі солға бұрылуға сигнал берген және маневрді орындауға кіріскен көлік құралын оң жағынан басып озады.

79. Қарсы жүру жолағына (жағына) шыға отырып, басып озуды аяқтағаннан кейін, жүргізуші бұрын жүріп келе жатқан жүру жолағына қайтып оралады.

80. Жүргізушіге жүру жылдамдығын арттыра отырып немесе өзге де әрекеттермен басып озып бара жатқан көлік құралының басып озуына кедергі келтіруге тыйым салынады.

81. Мынадай жағдайларда:

1) реттелетін жол қиылыстарында қарсы жүру жолағына шыға отырып;

2) реттелмейтін жол қиылыстарында бағытын өзгертетін басты жолмен (рұқсат етілген оң жағынан басып озуды қоспағанда) және басты болып табылмайтын жолмен (шеңберлі жүрісті жол қиылыстарындағы басып озуды, қапталында тіркемесі жоқ екі дөңгелекті көлік құралдарын басып озуды және рұқсат етілген оң жағынан басып озуды қоспағанда) жүру кезінде;

3) жаяу жүргіншілер өткелдерінде жаяу жүргіншілер болған кезде;

4) теміржол өтпелерінде және олардың алдында бір жүз метрден жақын жерде;

5) басып озып немесе айналып өтіп келе жатқан көлік құралын;

б) өрге көтерілу соңында және көрінуі шектеулі және (немесе) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес 3.20 және 3.22 белгілерімен белгіленген басқа жол учаскелерінде қарсы жүру жолағына шыға отырып, басып озуға тыйым салынады.

82. Жай жүретін немесе ірі көлемді көлік құралының жүргізушісі елді мекеннен тыс жерлерде осы көлік құралын басып озу қиындаған жағдайда мүмкіндігінше оңға ығыса жүреді, ал қажет болған жағдайда артта жиналып қалған көлік құралдарын өткізіп жіберу үшін тоқтайды.

83. Егер қарсы келіп жол айрысуы қиындатылған және жол айырысудың басымдылығы осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес 2.6 және 2.7 белгілерімен айқындалмаған болса, онда кедергі бар жақтағы жүргізуші жол береді. Осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес 1.13 және 1.14 белгілерімен белгіленген еңісте кедергі болған жағдайда, төмен жүріп келе жатқан көлік құралының жүргізушісі жол береді.

## **12- тарау. Аялдау және тоқтап тұру**

84. Көлік құралына жолдың оң жағындағы жол жиегіне, ал ол жоқ болғанда - жолдың жүру бөлігінің шетіне аялдауға және тоқтап тұруға жол беріледі.

Елді мекендерде әр бағыт үшін бір жүру жолағы бар, ортасында трамвай жолы жоқ жолдарда және біржақты жүру жолдарында жолдың сол жағына аялдауға және тоқтап тұруға жол беріледі (рұқсат етілген ең жоғары массасы 3,5 тонн асатын жүк автомобильдеріне жүк тиеу немесе түсіру үшін ғана біржақты жүру жолдарының сол жағына тоқтауға жол беріледі).

85. Конфигурациясы көлік құралдарын өзгеше орналастыруға мүмкіндік беретін орындарды (жолдың жүру бөлігінің кеңейтілген жері) қоспағанда, көлік құралдарын жолдың жүру бөлігінің шетіне параллель бір қатарға қоюға рұқсат етіледі. Бүйір тіркемесі жоқ екі дөңгелекті көлік құралдарын екі қатар қоюға рұқсат етіледі.

Жүру бөлігімен шектесетін, оған толықтай және ішінара кіретін тротуардың шетінде, егер бұл жаяу жүргіншілер жүрісіне кедергі келтірмейтін болса, жеңіл автомобильдердің, мотоциклдердің, мопедтердің және велосипедтердің тоқтап тұруына рұқсат етіледі.

86. Елді мекендерден тыс ұзақ демалу, түнеу және сол сияқты мақсаттарда тоқтап тұруға осыған арнап көзделген алаңдарда немесе жолдан тысқары жерде рұқсат етіледі.

87. Мынадай:

1) егер бұл трамвайлардың жүруіне кедергі келтірсе, трамвай жолдарына тікелей жақын жерде;

2) теміржол өтпелерінде, тоннельдерде;

3) эстакадаларда, көпірлерде, жолөткелдерде (егер осы бағытта жүру үшін жолақ үштен кем болса) және олардың астында (жолақтардың санына қарамастан);

4) егер бұл көлік құралдарының жүруіне кедергі келтірсе, тоқтаған көлік құралы мен тұтас таңбалау сызығы (жолдың жүру бөлігінің шетін белгілейтіннен басқа) немесе жолдың жүру бөлігінің қарсы шеті немесе жолдың жүру бөлігінің қарсы шетінде тұрған көлік құралы арасындағы қашықтық үш метрден кем болатын жерлерде;

5) жаяу жүргіншілер өткелдерінде және олардың алдындағы бес метрден жақын жерде;

6) ең болмағанда бір бағытта жолдың көрінуі бір жүз метрден кем болған кезде қауіпті бұрылысқа және жолдың бойлық қимасының дөңес құлдималарына жақын жолдың жүру бөлігінде;

7) қапталдағы өтпенің қарсысындағы тұтас таңбалау сызығы немесе бөлу жолағы бар үшжақты қиысу (қиылыс) жағын қоспағанда, жолдардың жүру бөліктерінің қиылысында және жолдың қиылысатын жүру бөлігінің шетіне отыз метрден жақын жерде; аялдама алаңдарында және оларға он бес метрден жақын жерде, ал олар болмаған кезде маршруттық көлік құралдары немесе такси аялдамасының нұсқағышынан он бес метрден жақын жерде;

8) көлік құралы басқа жүргізушілерден бағдаршам сигналдарын, жол белгілерін көлегейлейтін немесе басқа көлік құралдарының жүруіне (кіруіне немесе шығуына) мүмкіндік бермейтін немесе басқа көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің жүруіне кедергі (кептеліс) келтіретін жерлерде;

9) гүлзарларда, көгалдарда, балалар және спорт алаңдарында тоқтауға тыйым салынады.

88. Мынадай:

1) аялдауға тыйым салынған жерлерде;

2) эстакадаларда, көпірлерде, жолөткелдерде;

3) елді мекендерден тыс жерлерде 2.1 жол белгісімен белгіленген жолдың жүру бөлігінде;

4) теміржол өтпелеріне елу метрден жақын жерде;

5) егер тұрғындарға қолайсыздық келтіретін болса, елді мекендерде қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған механикалық көлік құралдарының;

6) гүлзарларда, көгалдарда, балалар және спорт алаңдарында тоқтап тұруға тыйым салынады.

89. Тоқтауға тыйым салынған жерде мәжбүрлі тоқтаған кезде жүргізуші көлік құралын ол жерден әкету үшін барлық қажетті шараларды қолдануға міндетті.

90. Бұл жол жүрісіне басқа қатысушыларға кедергі немесе қауіп келтірмейтініне көз жеткізбейінше, көлік құралының есіктерін ашуға, оларды ашық қалдыруға немесе жолдың жүру бөлігіне шығуға тыйым салынады.

**13-тарау. Жол қиылысынан жүріп өту**

91. Оңға немесе солға бұрылған кезде жүргізуші өзі бұрылатын жолдың жүру бөлігін өзінің жүру бағыты бойынша кесіп өтетін жаяу жүргіншіге, оны велосипед жолымен кесіп өтетін велосипедшіге және осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес 5.9 белгісімен белгіленген (осы Қағидалардың 18-тарауы 126-тармағын ескере отырып) жолақ бойымен жүріп келе жатқан маршруттық көлік құралдарына және басқа-да қоғамдық көлікке жол береді.

92. Егер көлік құралдарының көлденең бағытта жүруіне кедергі келтіре отырып, жүргізушіні тоқтауға мәжбүр ететін кептеліс пайда болса, жол қиылысына немесе жолдың жүру бөліктерінің қиылысына шығуға тыйым салынады.

93. Жүргізушіге шолуды шектейтін жол-жөнекей бағытта жүріп бара жатқан көлік құралдарының алдына түсуге тыйым салынады.

Егер жол қиылысында немесе оның алдында көлік құралы тоқтаса, онда көршілес жолақпен жүріп бара жатқан басқа көлік құралдарының жүргізушілері мұның қауіпсіз екендігіне көз жеткізгеннен кейін ғана жүруді жалғастырады.

94. Жүру кезектілігі бағдаршамның немесе реттеушінің сигналдарымен айқындалатын жол қиылысы реттелетін болып есептеледі.

Жұмыс істемей тұрған бағдаршамның жыпылықтаған сары сигналы кезінде немесе реттеуші жоқ болса, жол қиылысы реттелмейтін болып есептеледі және жүргізушілер реттелмейтін жол қиылыстарын өту ережелерін және жол қиылысында орнатылған басымдылық белгілерін басшылыққа алады.

95. Бағдаршамдардың рұқсат ететін сигналдары бойынша солға немесе артқа бұрылған кезде рельссіз көлік құралының жүргізушісі қарсы бағыттан тіке немесе оңға жүретін, оның ішінде осы Қағидалардың 5-тарауы 38-тармағына сәйкес жол қиылысына шығатын көлік құралдарына жол береді. Трамвайлардың жүргізушілері де осындай ережені өзара басшылыққа алады.

95-1. Қиылыстарда солға бұрылу кезінде қарсы бағыттағы көлік құралдарының жүрісі осындай маневр жасауға мүмкіндік бермейтін ерекше геометриялық параметрлері бар қиылыстардың өту жағдайларын қоспағанда, оң жағынан жүзеге асырылады.

**Ескерту. Қағидалар 95-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 17.04.2024 № 330 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

96. Бағдаршамның сары және қызыл сигналдарымен бірдей уақытта қосымша секцияда іске қосылған бағыттаушының бағытында жүрген кезде жүргізуші басқа бағыттардан жүріп келе жатқан көлік құралдарына жол береді.

97. Егер бағдаршамның немесе реттеушінің сигналы трамвайға және рельссіз көлік құралына бірдей уақытта жүруге рұқсат беретін болса, онда трамвай, оның жүру бағытына қарамастан, артықшылықта болады. Сонымен қатар бағдаршамның сары және қызыл сигналдарымен бірдей уақытта қосымша секцияда іске қосылған

бағыттаушының бағытымен жүрген кезде трамвай басқа бағыттардан жүріп келе жатқан көлік құралдарына жол береді.

98. Бағдаршамның рұқсат беретін сигналы кезінде тоқтау-сызығын (5.33 белгісін) өткен жүргізуші жол қиылысынан шығудағы бағдаршам сигналына қарамастан, белгілі бағытқа шығады. Егер жол қиылысында, жүргізушінің бағыт алған жолында орналасқан бағдаршамның алдында тоқтау-сызығы және (немесе) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес 5.33 белгісі болған жағдайда, жүргізуші әрбір бағдаршамның сигналын басшылыққа алады.

**Ескерту. 98-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 17.04.2024 № 330 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

99. Бағдаршамның рұқсат беретін сигналы іске қосылғанда жүргізуші жол қиылысы арқылы жүрісін аяқтайтын көлік құралына және осы бағыттағы жолдың жүру бөлігінде өтуді аяқтамаған жаяу жүргіншіге жол береді.

100. Жүру қосымша секциясы бар бағдаршаммен реттелетін жол қиылысында бұрылыс жасайтын жолақта тұрған жүргізуші, егер оның тоқтауы осы жолақ бойымен оның артынан келе жатқан көлік құралына (көлік құралдарына) кедергі тудыратын болса, іске қосылған бағыттаушы көрсеткен бағытта жүрісін жалғастырады.

101. Маңызы бірдей емес жолдардың қиылысында екінші дәрежелі жолдың бойымен жүріп келе жатқан көлік құралының жүргізушісі олардың әрі қарай жүру бағытына қарамастан, басты жолмен жақындап қалған, оның ішінде кері бұрылуды жүзеге асыратын көлік құралына жол береді. Бөлу жолағы бар басты жолмен бара жатқан жүргізуші жол қиылысында кері бұрылуды жүзеге асырмас бұрын, екінші дәрежелі жолмен жол қиылысына жақындаған көлік құралының оған жол беретіндігіне көз жеткізеді.

102. Жол қиылысында басты жол бағытын өзгерткен жағдайда, басты жолмен жүретін жүргізушілер маңызы бірдей жолдардың қиылысынан жүріп өту қағидаларын өзара басшылыққа алады. Екінші дәрежелі жолмен жүріп келе жатқан жүргізушілер де осы қағидаларды басшылыққа алады.

103. Маңызы бірдей жолдардың қиылысында рельссіз көлік құралдарының жүргізушісі оң жақтан жақындап қалған көлік құралына жол береді. Трамвайлардың жүргізушілері де өзара осы қағидаларды басшылыққа алады.

Мұндай жол қиылыстарында, оның жүру бағытына қарамастан, рельссіз көлік құралдарының алдында трамвай артықшылыққа ие болады.

104. Солға немесе кері бұрылған кезде рельссіз көлік құралының жүргізушісі қарсы бағытта маңызды бірдей жол бойымен тіке немесе оңға жүріп келе жатқан көлік құралдарына жол береді. Трамвайлардың жүргізушілері де өзара осы қағидаларды басшылыққа алады.

105. Жол жабынының бар-жоғын анықтау мүмкін болмаған (тәуліктің қараңғы уақыты, балшық, қар және сол сияқты) және басымдық белгілері жоқ жағдайда, жүргізуші екінші дәрежелі жолдамын деген қағидатты басшылыққа алады.

#### **14-тарау. Жаяу жүргіншілер өткелдері және маршруттық көлік құралдарының аялдамалары**

106. Көлік құралының жүргізушісі өзінің жүру бағытындағы жолдың жүру бөлігін реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелі бойымен өтіп келе жатқан жаяу жүргіншілерге жол береді.

107. Егер көлік құралы реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелі алдында аялдаса немесе жүрісін баяулатса, көршілес жол жолағы бойымен жүруші басқа көлік құралдарының жүргізушілері аялдаған немесе жүрісін баяулатқан көлік құралының алдында жаяу жүргіншінің жоқ екендігіне көз жеткізгеннен кейін ғана жүрісін жалғастыра алады.

108. Реттелетін жаяу жүргіншілер өткелінде бағдаршамның рұқсат беретін сигналы іске қосылғанда, жүргізуші оның бағытындағы жолдың жүру бөлігін кесіп өтуді аяқтап қалған жаяу жүргіншіге жол береді.

109. Егер өзінен кейін жүргізушіні жаяу жүргінші өткелінде аялдауға мәжбүр ететін кептеліс пайда болса, жаяу жүргінші өткеліне шығуға тыйым салынады.

110. Барлық жағдайларда, оның ішінде жаяу жүргіншілер өткелінен тыс жерлерде де жүргізуші ақ түсті таяқпен сигнал берген көру қабілетінен толық айырылған жаяу жүргіншіні өткізеді.

111. Жүргізуші аялдамада тұрған маршруттық көлік құралына немесе одан (есік жағынан) келе жатқан жаяу жүргіншіге, егер көлікке отырғызу немесе түсіру жолдың жүру бөлігінде немесе онда орналасқан отырғызу алаңында жүзеге асырылатын болса, жаяу жүргіншілерге жол береді.

112. "Балаларды тасымалдау" деген таным белгісі бар тоқтап тұрған көлік құралына жақындағанда жүргізуші жылдамдықты азайтады, қажет болған жағдайда тоқтайды және балалар тобын өткізіп жібереді.

#### **15-тарау. Теміржол жолдары арқылы жүру**

113. Көлік құралдарының жүргізушілері теміржол жолдарын пойызға (локомотивке, дрезинаға) жол бере отырып, тек қана теміржол өтпелері бойымен кесіп өтеді.

114. Теміржол өтпесіне кіру жолында жүргізуші жол белгілерінің, бағдаршамдардың, таңбалаудың талаптарын, шлагбаумның орналасуын және өтпе бойынша кезекшінің нұсқауын басшылыққа алады, және бұдан басқа, жақындап қалған пойыздың (локомотивтің, дрезинаның) жоқ екендігіне көз жеткізеді.

115. Мынадай жағдайларда:



- 1) шлагбаум жабық тұрған немесе ол жабыла бастаған кезде (бағдаршам сигналына қарамастан);
- 2) бағдаршамның тыйым салатын сигналы кезінде (шлагбаумның орналасуына және оның бар-жоғына қарамастан);
- 3) өтпе кезекшісінің тыйым салатын сигналы кезінде (кезекші жүргізушіге алдымен немесе теріс жағымен тұрған, таяқша, қызыл фонарь немесе жалауша ұстаған қолын жоғары көтерген не қолдарын екі жаққа созған);
- 4) егер өтпенің арғы жағында жүргізушіні өтпеді тоқтауға мәжбүр ететін кептеліс пайда болса;
- 5) егер көріну шегінде өтпеге пойыз (локомотив, дрезина) жақындап қалса, теміржол өтпесіне шығуға тыйым салынады.

Сонымен қатар:

- 1) теміржол өтпелерінен тыс жерде теміржолдардан өтуге;
- 2) қарсы жүру жолағына шыға отырып, теміржол өтпесі алдында тұрған көлік құралдарын айналып өтуге;
- 3) теміржол өтпесіндегі шлагбаумды өз бетімен ашуға;
- 4) теміржол дистанциясы бастығының рұқсатынсыз теміржол өтпесі арқылы ауыл шаруашылығы, жол, құрылыс және басқа да машиналар мен механизмдерді көліктен тыс жағдайда өткізуге, жылдамдығы сағатына 8 километрден кем баяу жүретін машиналардың, сондай-ақ трактор шана-сүйретпелерінің жүруіне тыйым салынады.

116. Өтпе арқылы жүруге тыйым салынған жағдайда, жүргізуші тоқтау-сызығының, осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес 2.5 белгісінің немесе бағдаршамның алдында, ал егер олар жоқ болғанда - теміржол өтпесі шекарасында тоқтайды.

117. Өтпе үстінде амалсыздан аялдаған кезде жүргізуші дереу жолаушыларды түсіреді және өтпені босату үшін шаралар қолданады. Жүргізуші бір мезгілде мынадай іс-әрекеттерді жүзеге асырады:

- 1) мүмкіндік болған кезде жол бойымен екі адамды екі жаққа өтпеден бір мың метрге (егер біреу болса, онда жолдың нашар көрінетін жағына), өздеріне жақындап келе жатқан поездың (локомотивтің, дрезинаның) машинисіне тоқтау сигналын беру ережесін түсіндіріп жібереді;
- 2) көлік құралының қасында қалып және жалпы дабыл қағу сигналдарын береді;
- 3) пойыз көрінген бойда тоқтау сигналын беріп, оған қарсы жүгіреді.

Қолдың шеңбер жасай қозғалуы (күндіз ашық түсті матаның қиындысымен немесе қандай да болмасын жақсы көрінетін затпен, түнде шырақпен немесе фонарьмен) тоқтау сигналы болып табылады. Бір ұзақ және үш қысқа дыбыстық сигналдар сериясы жалпы дабыл қағу сигналы болып табылады.

## **16-тарау. Автомагистральдарда жүру**

118. Автомагистральдарда:

1) көлік құралынан тыс жаяу жүргіншілердің, сондай-ақ үй жануарларының тұруына, велосипедтерді, мопедтерді, тракторларды және өздігінен жүретін машиналарды, сондай-ақ техникалық сипаттамалары немесе олардың жай-күйі бойынша жылдамдығы сағатына 40 километрден кем өзге де көлік құралдарын басқаруға;

2) рұқсат етілген ең жоғары массасы үш мың бес жүз килограмнан асатын жүк автомобильдерін екінші жолақтан әрі басқаруға;

3) 5.15 немесе 6.11 белгілерімен белгіленген, тұраққа арналған арнайы алаңдардан тыс жерлерге аялдауға;

4) бөлу жолақтарының технологиялық айырымдарында кері бұрылуға және оған кіруге;

5) артқа қарай жүруге;

6) жүргізіп үйренуге тыйым салынады.

119. Жолдың жүру бөлігінде мәжбүрлі аялдау кезінде жүргізуші көлік құралын Қағидалардың 7-бөлімінің талаптарына сәйкес белгілейді және оны осыған арналған жолаққа (жолдың жүру бөлігін белгілейтін сызықтан оңға қарай) шығару шараларын қолданады.

120. Осы бөлімнің талаптары, сондай-ақ осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес 5.3 белгісімен белгіленген жолдарға да қолданылады.

## **17- тарау. Тұрғын аймақтарда жүру**

121. Тұрғын аймақтарда жаяу жүргіншілер тротуармен де, сол сияқты жолдың жүру бөлігімен де жүреді. Тұрғын аймақтарда жаяу жүргіншілер артықшылыққа ие, алайда олар көлік құралдарының жүруіне негізсіз кедергі келтірмеуге тиіс.

122. Тұрғын аймақта:

1) көлік құралдарының толассыз жүруіне;

2) жолдың жүру бөлігінен тыс жерде көлік құралының жүруіне;

3) жүргізіп үйренуге;

4) осы Қағидалардың 88-тармағының 5) тармақшасының ережелерін ескере отырып, қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған электромобильдің тоқтап тұруын қоспағанда, қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған күйде тоқтап тұруға;

5) рұқсат етілген ең жоғары массасы үш мың бес жүз килограмнан асатын жүк автомобильдерінің, автобустардың арнайы бөлінген әрі белгілермен және (немесе) таңбалармен белгіленген орындардан тыс тоқтап тұруына;

6) дыбыс сигналын беруге, музыканы қатты қосуға;

7) тротуарларда, көгалдарда, балалар және спорт алаңдарында тоқтап тұруға тыйым салынады.

**Ескерту. 122-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 26.09.2024 № 725 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

123. Жүргізушілер тұрғын аймақтан шығу кезінде жол жүрісіне басқа қатысушыларға жол береді.

124. Осы бөлімнің талаптары, сондай-ақ аула аумақтарына да қолданылады.

### **18-тарау. Маршруттық көлік құралдарының басымдығы**

125. Жол қиылысынан тыс, трамвай жолдары жолдың жүру бөлігін кесіп өтетін жерлерде трамвай, деподан шыққаннан жағдайлардан басқа, рельссіз көлік құралдарының алдында артықшылыққа ие болады.

126. Осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес 5.9, 5.9.2-5.9.4, 5.10.1-5.10.3 белгілерімен белгіленген маршруттық көлік құралдарына арналған жолағы бар жолдарда осы жолақпен қоғамдық көліктерден және оларға жатпайтын автобустардан басқа көлік құралдарының жүруі жүзеге асырылмайды және аялдауына болмайды (осы Қағидалардың 24-тарауы 166 және 168-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда).

Егер осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес 5.9, 5.9.2-5.9.4 белгісімен белгіленген жолақ қалған жолдың жүру бөліктерінен үзік-үзік таңбалау сызықтарымен бөлінген болса, онда бұрылу кезінде көлік құралдары соған орын ауыстырады. Сондай-ақ мұндай жерлерде бұл жолаққа егер бұл маршруттық көлік құралдарына, басқа да қоғамдық көлікке және оларға жатпайтын автобустарға кедергі тудырмайтын болса, жолдың жүру бөлігінің оң жақ шетінен жолға кірер кезде және жолаушыларды отырғызу және түсіру үшін кіруге рұқсат етіледі.

**Ескерту. 126-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 17.04.2024 № 330 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

127. Елді мекендерде жүргізушілер белгіленген маршрутпен жүріп келе жатқан, белгіленген аялдамалардан жүруді бастайтын троллейбустар мен автобустардың жүргізушілеріне жол береді. Троллейбустар мен автобустардың жүргізушілері оларға жол берілгендігіне көз жеткізгеннен кейін ғана жүруді бастайды.

### **19-тарау. Сыртқы жарық беру аспаптарын және дыбыстық сигналдарды пайдалану**

128. Тәуліктің қараңғы уақытында және жолдың жарықтандырылуына қарамастан көрінуі жеткіліксіз жағдайларда, сондай-ақ тоннельдерде көлік құралдарының мынадай жарық беру аспаптары:

1) барлық механикалық көлік құралдары мен мопедтерде - габариттік оттар мен алыс және жақын жарық фаралары, велосипедтерде - фаралар немесе фонарьлар, көлік арбада - фонарьлар (олар болған кезде);

2) тіркемелер мен сүйретпе механикалық көлік құралдарында - көлемдік оттар іске қосылады.

129. Мынадай:

1) егер жол жарықтандырылған болса, елді мекендерде;

2) қарсы келіп жол айырысу кезінде көлік құралына дейін кемінде бір жүз елу метр, сондай-ақ қарсы келе жатқан көлік құралының жүргізушісі фараның жарығын мезгіл-мезгіл жағып-сөндіріп, мұның қажет екендігін көрсетсе, одан да үлкен арақашықтықта;

3) қарама-қарсы, сонымен бірге ілеспе көлік құралдары жүргізушілерінің көзін шағылыстыру мүмкіндігін болдырмау үшін кез келген басқа жағдайларда алыс жарық жақын жарықпен ауыстырылады.

Жүргізуші көзі шағыстырылған кезде авариялық жарық сигнал беруді іске қосады, жүру жолағын ауыстырмай тоқтайды.

130. Тәуліктің қараңғы уақытында жолдың жарықтандырылмайтын учаскесінде, сондай-ақ көрінуі жеткіліксіз жағдайларда тоқтаған және тоқтап тұрған кезде көлік құралында габариттік оттар жағылады. Көрінуі жеткіліксіз жағдайларда габариттік оттарға қосымша жақын жарық фаралары, тұманға қарсы фаралар және артқы тұманға қарсы фаралар іске қосылуы мүмкін.

Габариттік оттардың ақауы болған жағдайда, көлік құралы жолдан тыс әкетіледі, ал егер бұл мүмкін болмаса, көлік құралы осы Қағидалардың 7- тарауы 44 және 45- тармақтарының талаптарына сәйкес белгіленеді.

131. Жабық аумақтарда пайдаланылатын және жалпы пайдаланылатын жолдарда пайдалануға жатпайтын технологиялық көлікті, сондай-ақ шаруа және фермер қожалықтарының ішінде пайдаланылатын осы қожалықтардың автокөлігін қоспағанда, М2, М3, N2, N3, 02, 03, 04 санаттарындағы көлік құралдарының бүйір және артқы жақтарының контурлары жарық шағылыстыратын материалдармен таңбаланады.

132. Тұманға қарсы фаралар:

1) жекелей, сол сияқты фараның жақын және алыс жарығымен бірге, көріну жеткіліксіз жағдайларда;

2) тәуліктің қараңғы уақытында жолдың жарықтандырылмайтын учаскесінде фараның жақын және алыс жарығымен бірге;

3) осы бөлімнің 134-тармағында көзделген жағдайларда фараның жақын жарығының орнына пайдаланылуы мүмкін.

133. Тұманға қарсы фаралар алыс және (немесе) жақын жарық фараларының қосылғанына қарамастан, габариттік оттар қосылған кезде қосылады.

134. Тәуліктің жарық уақытында жүріп келе жатқан барлық көлік құралдарында оларды белгілеу мақсатында жақын жарық фаралары немесе күндіз жүру оттары қосылады.

135. Фара-прожекторды және фара-іздеушіні қарсы көлік құралдары жоқ кезде елді мекеннен тыс жерлерде ғана пайдалануға рұқсат етіледі. Елді мекендерде мұндай фараларды тек қана жедел және арнаулы қызметтер көлік құралдарының жүргізушілері қызметтік тапсырманы орындау кезінде пайдалана алады.

136. Тұманға қарсы артқы фонарьлар көріну жеткіліксіз жағдайларда ғана қолданылады. Тұманға қарсы артқы фонарьлар тоқтау-сигналдарына қосылмайды.

137. "Автопойыз" таным белгісі автопойыздың жүруі кезінде, ал тәуліктің қараңғы уақытында және көріну жеткіліксіз жағдайларда, сонымен қатар ол тоқтаған және тоқтап тұрған кезде іске қосылады.

138. Қызғылт сары немесе сары түсті жарқылдауық маяк жолдарды салу, жөндеу немесе күтіп ұстау, зақымданған, бұзылған және өзге де көлік құралдарын тиеу және тасымалдау жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде көлік құралдарында; ауыр салмақты, ірі габаритті жүктерді тасымалдауды жүзеге асырған кезде көлік құралдарында; ауыр салмақты, ірі габаритті және қауіпті жүктерді тасымалдауда бірге жүретін көлік құралдарында; ұйымдастырылған балалар топтарын тасымалдауға арналған автобустарда; күзетілетін объектілерге рұқсатсыз кірген кезде жеке меншік ұйымдары жедел ден қою ұтқыр топтарының көлік құралдарында; жолдарда қызмет өткеру кезінде көліктік бақылау органдары жылжымалы көліктік-бақылау пункттерінің көлік құралдарында; бағалы заттарды инкассациялау үшін маршрутқа шыққан кезде инкассация қызметтерінің мамандандырылған көлік құралдарында; ұйымдасқан велосипедшілер топтарымен бірге жүретін көлік құралдарында; өсімдіктер және жануарлар дүниесін қорғау саласындағы құқық бұзушылықтарға жол бермеу жөніндегі қызметті атқаратын көлік құралдарында іске қосылады.

139. Дыбыс сигналдары тек қана:

1) басқа жүргізушілерге елді мекеннен тыс жерде басып озу ниетін ескерту үшін;

2) бұл жол-көлік оқиғасын болдырмау үшін қажет болған жағдайларда қолданылады.

140. Басып озу туралы ескерту үшін, сондай-ақ осы Қағидалардың 9- тарауы 63- тармағында көзделген жағдайларда жарық сигналы тәуліктің жарық уақытында мезгіл-мезгіл қысқа уақытқа фараның жарығын жағып-сөндірумен, ал тәуліктің қараңғы уақытында - бірнеше қайтара фараның жақын жарығын алыс жарыққа ауыстырумен беріледі.

**20- тарау. Механикалық көлік құралдарын сүйрету**

141. Сүйрету тіркеуді қолдана отырып немесе көлік құралының алдыңғы жағына арнаулы тірек құрылғысына сүйрететін көлік құралына асу жолымен немесе оны сүйрететін көлік құралына жартылай платформаға тиеу жолымен жүзеге асырылады.

142. Қатты немесе иілгіш тіркемемен сүйрету, қатты тіркеме конструкциясы сүйретілетін көлік құралы сүйретушінің траекториясы бойынша жүретін түзу сызықты жүруді қамтамасыз ететін жағдайлардан басқа кезде, тек сүйретілетін көлік құралында жүргізуші болған кезде ғана жүзеге асырылады.

143. Иілгіш тіркемемен сүйреткен кезде сүйретуші және сүйретілетін көлік құралдарының арасында төрт-алты метр шегінде, ал қатты тіркемемен сүйрету кезінде - төрт метрден аспайтын арақашықтық қамтамасыз етілуі тиіс. Байланыстыратын буындар Негізгі ережелердің тиісінше 12 және 13-тармақтарының талаптарын қанағаттандыруы тиіс.

144. Иілгіш немесе қатты тіркемемен сүйреткен кезде - сүйретілетін автобуста ( троллейбуста) және сүйретілетін жүк автомобилінің шанағында жолаушылардың болуына, ал аспалы түрде немесе ішінара тиеу арқылы сүйреткен кезде сүйретілетін көлік құралының кабинасында немесе шанағында, сондай-ақ сүйретушінің шанағында жолаушылардың болуына тыйым салынады.

145. Мынадай жағдайларда:

1) рульмен басқаруы істемейтін көлік құралын (аспалы түрде немесе жартылай тиеу әдісімен сүйретуге жол беріледі);

2) екі және одан көп көлік құралын;

3) егер нақты массасы сүйрейтін көлік құралының нақты массасының жартысынан артық болса, тежеу жүйесі істемейтін көлік құралын сүйретуге тыйым салынады. Нақты массасы аз болған кезде мұндай көлік құралын қатты тіркемемен немесе ішінара тиеу әдісімен ғана сүйретуге жол беріледі;

4) қапталдағы тіркемесі жоқ мотоциклмен, сондай-ақ мұндай мотоциклді;

5) көктайғақта иілгіш тіркемемен сүйретуге тыйым салынады.

## **21-тарау. Жүргізіп үйрену**

146. Көлік құралын жүргізуді бастапқы үйрену жабық алаңдарда немесе автодромда жүргізілуі тиіс.

147. Жолдарда жүргізіп үйрену тек қана үйретушімен және үйренушінің бастапқы басқару дағдылары болған кезде, механикалық көлік құралында жолаушылар болмағанда ғана жүзеге асырылады.

148. Үйретушінің өзімен бірге тиісті біліктілік куәлігі, ол үйретуді жүргізетін сол санаттағы көлік құралын басқару құқығына жүргізуші куәлігі, ал үйренушінің - жеке басын куәландыратын құжаты және көлік құралын басқаруға қарсы айғақтардың жоқ екендігі туралы медициналық қорытындысы болады.

149. Жүргізуді үйренуге арналған механикалық көлік құралы Негізгі ережелердің 6-тармағының талаптарына сәйкес қосымша жабдықталады.

150. Жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдарда көлік құралын жүргізуге оқыту Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен уәкілетті органмен келісілген маршруттар бойынша ғана жүзеге асырылады.

## **22-тарау. Жолаушыларды тасымалдау**

151. Жүк автомобилінің шанағында жолаушыларды тасымалдауға жиырма бес жастағы, "С" санатындағы (кабинадағы жүргізушіні қоса алғанда 8 адамнан артық тасымалдау кезінде - "С" және "Д" санаттары) көлік құралдарын басқару құқығына куәлігі және осы санаттағы көлік құралын басқаруда бес жылдан артық өтілі бар жүргізушілер жіберіледі.

Әскери жүргізушілерге жолаушыларды тасымалдауға рұқсат беру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Жолаушыларды тасымалдауға арналған және жүргізушінің орнынан басқа, отыратын орындарының саны сегізден асатын, бірақ он алтыдан аспайтын автомобильдермен ("D" кіші санаты) жолаушыларды тасымалдауға жиырма бір жасқа толған, кемінде үш жыл жүргізуші жұмыс өтілі, оның ішінде кемінде бір жыл "С1" санатына жатқызылатын көлік құралдарын басқару өтілі бар адамдар жіберіледі.

Жолаушыларды тасымалдауға арналған және жүргізушінің орнынан басқа, отыратын орындарының саны сегізден асатын автомобильдермен ("D" санаты) жолаушыларды тасымалдауға жиырма үш жасқа толған, кемінде үш жыл жүргізуші жұмыс өтілі, оның ішінде "D1" санатына жатқызылатын көлік құралдарын кемінде бір жыл басқару өтілі бар адамдар жіберіледі.

Жолаушылар мен багажды тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралдары техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Такси ретінде тасымал үшін арнайы басқарылатын, оның ішінде толықтай қолымен, сондай-ақ оң жақтан басқарылатын автокөлік құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

**Ескерту. 151-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 26.09.2024 № 725 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

152. Жолаушыларды борт платформасы бар жүк автомобилінің шанағында, егер ол Негізгі ережелердің 5-тармағының талаптарына сәйкес жабдықталған болса, тасымалдауға рұқсат етіледі.

153. Жүк автомобилінің жүргізушісі жол жүрер алдында жолаушыларға міну, түсу және шанақта орналасу тәртібі туралы түсіндіреді; жүру кезінде тұруға және бортқа отыруға рұқсат етілмейтіні туралы ескертеді.

Жүруді жолаушыларды қауіпсіз тасымалдау шаралары қамтамасыз етілгендігіне көз жеткізілгеннен кейін бастауға болады.

154. Борт платформасы бар, жолаушылар тасымалдау үшін жабдықталмаған жүк автомобилінің шанағында жол жүруге, олар борттың деңгейінен төмен орналасқан орындықтармен қамтамасыз етілген жағдайда ғана, жүкпен ілесіп жүрген немесе оның артынан келе жатқан адамдарға рұқсат етіледі.

155. Жүргізуші жолаушыларды отырғызуды және түсіруді осы Қағидалардың 12-тараумен белгіленген көлік құралдарын тоқтатуға тыйым салынбаған жерлерде көлік құралы толық тоқтағаннан кейін ғана жүзеге асыруға, ал жүруді есіктер жабылғанда бастауға және оларды толық тоқтағанға дейін ашпауға міндетті.

Маршруттық көлік құралының жүргізушісі жолаушыларды отырғызуды және түсіруді белгіленген аялдама пункттерінде ғана жүзеге асырады.

156. Жолаушыларды:

1) автомобильдің (борт платформасы бар жүк автомобилінің шанағында немесе фургон шанақта жолаушыларды тасымалдау жағдайларынан басқа), трактордың, өздігінен жүретін машинаның кабинасынан тыс, жүк тіркемесінде, тіркеме-үйшікте, жүк мотоциклінің шанағында және мотоцикл конструкциясында отыру үшін көзделген орындардан тыс;

2) көлік құралының техникалық сипаттамасында көзделген санынан артық тасымалдауға тыйым салынады, бұл ретте көлік құралының нақты массасы жасаушы кәсіпорын белгілеген рұқсат етілген ең жоғары масса шамасынан аспауға тиіс;

3) мотоциклдің артқы орындығында масаң күйде;

4) жүк автомобилінің шанағында отыру үшін жабдықталған санынан артық;

157. 12 жасқа дейінгі балаларды:

1) мотоциклдің артқы орындығында;

2) балаларды арнайы ұстау құрылғысы немесе баланы қауіпсіздік белдігінің көмегімен отырғызып қоюға мүмкіндік беретін, көлік құралының конструкциясында көзделген өзге де құралдар болмаған кезде, ал механикалық көлік құралының алдыңғы орындығында балаларды арнайы ұстау құрылғысы болмаған кезде тасымалдауға тыйым салынады.

158. Балалар ұйымдастырылған топтарын тасымалдау кемінде екі есігі бар, техникалық жай-күйі автокөлікпен тасымалдау саласындағы уәкілетті орган бекіткен Автомобиль көлігімен жолаушыларды және бағажды тасымалдау ережелерінде белгіленген талаптарға жауап беретін автобустармен жүзеге асырылады.

Ұйымдастырылған балалар топтарын тасымалдауға арналған автобустар сары түсті жарқылдауық маякпен жабдықталады. Бұл автобустардың алдына және артына "Балалар тасымалы" деген таным белгісі орнатылады.



Балалар топтарын ұйымдастырылған түрде жасы кемінде жиырма бесте, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және кемінде бес жыл еңбек өтілі бар жүргізушілердің тасымалдауына рұқсат етіледі.

Автобус шанағында тасымалданатын балалардың саны орындық санынан аспауы тиіс.

Қала сыртындағы жолдарда балаларды тасымалдайтын екі және одан да көп автобустар легімен жол полициясының арнайы автомобильдері ілесіп жүруге тиіс.

### **23- тарау. Жүктерді тасымалдау**

159. Жүктерді тасымалдау осы мақсатқа арналған көлік құралдарымен және көлік құралдарының құрамдарымен жүзеге асырылуы тиіс.

Автобустарда қол жүгін қоятын бөлімшеден тыс орында жүкті, оның ішінде қол жүгін тасымалдауға рұқсат етілмейді.

160. Тасымалданатын жүк пен жолаушылардың массасы, жүктемені осьтер бойынша бөліп орналастыру осы көлік құралы үшін жасаушы-кәсіпорын белгілеген көлемнен аспауы тиіс.

161. Жүргізуші жүруді бастар алдында және жүру кезінде олардың құлауынан, жүруге кедергі тудыруды болдырмаудан сақтану үшін олардың орналасуын, бекітілуін, жабылуын және жай-күйін бақылап отырады.

162. Жүк тасымалдауға мынадай жағдайларда, егер ол:

1) адамдарға қауіп төндірмейтіндей және мемлекеттік, қоғамдық немесе жеке мүлікке залал келтірмейтіндей етіп көлік құралында орналастырылса және қажет болған жағдайда бекітілсе;

2) жүргізушіге шолуды және көрінуді шектемесе;

3) басқаруды қиындатпаса және көлік құралының орнықтылығын бұзбаса;

4) көлік құралында болуға тиіс тоқтау сигналы мен бұрылу нұсқағыштарын, жарық шағылыстыратын құрылғыларды, мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін және тіркеу мемлекетінің айырым белгісін қоса алғанда, сыртқы жарық беру аспаптарын жауып тұрмаса немесе қолмен берілетін сигналдарды жауып тұрмаса;

5) алдын алуға болатын қолайсыздықтар жасамаса жол беріледі.

Егер жүктің жай-күйі мен орналасуы аталған талаптарды қанағаттандырмаса, жүргізуші аталған тасымалдау ережелерінің бұзылуын жоюға, егер жою мүмкін болмаса - әрі қарай жүруді тоқтатуға міндетті.

163. Артынан және алдынан бір метр артық немесе бүйірден габариттік оттардың сыртқы шетінен 40 сантиметр артық шығып тұратын жүк немесе көлік құралының көлемінен шығып тұратын бөліктері "Ірі көлемді жүк" деген таным белгілермен, ал тәуліктің қараңғы уақытында және көріну жеткіліксіз жағдайларда, бұдан басқа, алдынан - фонарьмен немесе ақ түсті жарық шағылыстырғышпен, артта - фонарьмен немесе қызыл түсті жарық шағылыстырғышпен белгіленеді.

164. Ауыр салмақты, ірі көлемді және қауіпті жүктерді тасымалдау көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылуы тиіс.

Көлік құралы қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде - "Қауіпті жүк"; Негізгі ережелердің 9-тармағында көзделген жағдайларда - "Ұзын өлшемді көлік құралы" деген таным белгілерімен белгіленуі тиіс.

#### **24-тарау. Мопедтердің, электр самокаттардың, велосипедтердің, шағын электр көлік құралдарының, ат-арба көліктерінің жүруіне, сондай-ақ мал айдауға қойылатын қосымша талаптар**

**Ескерту. 24-тараудың тақырыбы - ҚР Ішкі істер министрінің 31.08.2023 № 671 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

165. Мопедті басқару құқығы он алты жасқа толған адамдарға беріледі.

166. Велосипед жүргізушілер велосипед жолымен, велосипед жүретін жолақпен, ал олар болмаған кезде жолдың жүру бөлігінің оң жақ шетімен, оның ішінде маршруттық көлік құралдарына арналған жолақпен бір қатарда не жол жиегімен, тротуармен немесе жаяу жүргіншілер жолымен жаяу жүргіншілердің жүрісіне қауіп төндірмей жүреді.

Он төрт жасқа толмаған велосипедшілерге жүру бөлігінің оң жақ шетімен, маршруттық көлік құралдарына арналған жолақпен, жолдың жиектерімен жүруге жол берілмейді.

Осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес 7.14 тақтасы бар 4.5 белгісімен белгіленген велосипед жүретін жолағы бар жолдарда осы жолақпен басқа көлік құралдарының жүруі жүзеге асырылмайды және аялдауына болмайды.

Егер осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес 7.14 тақтасы бар 4.5 белгісімен белгіленген жолақ қалған жолдың жүру бөліктерінен үзік-үзік таңбалау сызықтарымен бөлінген болса, онда бұрылу кезінде көлік құралдары соған орын ауыстырады. Мұндай жерлерде сонымен қатар жолдың жүру бөлігінің оң жақ шетінен жолға кірер кезде және жолаушыларды отырғызу және түсіру үшін кіруге де рұқсат етіледі.

**Ескерту. 166-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 31.08.2023 № 671 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.09.2024 № 725 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

**167. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 31.08.2023 № 671 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

168. Мопед жүргізушілердің велосипед жолымен, велосипед жүретін жолақпен, жол жиегімен, тротуармен немесе жаяу жүргіншілер жолымен жүруіне тыйым салынады.

**Ескерту. 168-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 31.08.2023 № 671 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

168-1. Электр самокат жүргізушілер велосипед жолымен, велосипед жүретін жолақпен жүреді. Электр самокат жүргізушілер велосипед жолы, велосипед жүретін жолақ болмаған кезде:

осы тармақтың екінші бөлігінде белгіленген талаптарға сәйкес, жолдың жүру бөлігінің оң жақ шетімен, оның ішінде маршруттық көлік құралдарына арналған жолақпен бір қатарда;

жол жиегімен;

жаяу жүргіншілердің жүрісіне қауіп төндірмей, сағатына алты километрден аспайтын жылдамдықпен тротуармен немесе жаяу жүргіншілер жолымен жүреді.

Он сегіз жасқа толмаған электр самокат жүргізушілердің өзімен бірге жүргізушінің жеке басын куәландыратын құжаты болған жағдайда, Қазақстан Республикасында берілгендерін қоспағанда, кез келген санаттағы көлік құралын басқару құқығына арналған жүргізуші куәлігінсіз не көлік құралын басқару құқығына арналған жүргізуші куәлігінің орнына берілген уақытша куәліксіз жолдың жүру бөлігінің оң жақ шетімен, оның ішінде маршруттық көлік құралдарына арналған жолақпен жүруіне жол берілмейді.

**Ескерту. Қағида 168-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 31.08.2023 № 671 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

169. Ат-арба көліктері (шаналар), жүк артылған, жегілген немесе мініс малдары шеткі оң жолақпен бір қатармен немесе егер бұл жаяу жүргіншілерге кедергі келтірмесе, жолдың жиегімен жүреді.

170. Велосипедшілер, ат-арба көліктері (шаналар), жүк артылған, жегілген немесе мініс малдар колонналары жолдың жүру бөлігімен жүрген кезде велосипедшілер, мініс және жүк артылған малдар он-оннан және арбалар (шаналар) бес-бестен топтарға бөлінуге тиіс. Басып озуды жеңілдету үшін топтардың арақашықтығы сексен - жүз метр болуға тиіс.

171. Мопед, электр самокат және велосипед жүргізушілердің:

1) ең болмағанда бір қолымен рульден ұстамай жүргізуге;

2) жолаушыларды тасымалдауға арналған арнаулы бейімдемелері бар велосипедтермен және мопедтермен тасымалдаудан басқа, жолаушыларды тасымалдауына;

3) тасымалдауға арналған арнаулы бейімдемелері бар велосипедтермен және мопедтермен жүкті, сондай-ақ габаритінен ұзындығы немесе ені елу сантиметрден артық шығып тұрмайтын жүкті тасымалдаудан басқа, жүкті немесе басқаруға кедергі келтіретін жүкті тасымалдауына;

4) трамвай жүретін жолдарда және осы бағытта жүруге арналған біреуден астам жолағы бар жолдарда солға бұрылуына немесе кері бұрылуына;

5) мопедпен және велосипедпен пайдалануға арналған тіркемені сүйретуден басқа, мопедтерді, электр самокаттарды және велосипедтерді, сондай-ақ мопедтермен, электр самокаттармен және велосипедтермен сүйретуіне;

6) көлік құралынан түспей, жаяу жүргіншілер өткелімен жолдың жүру бөлігін кесіп өтуіне;

7) жол жүрісі қағидаларында айқындалған талаптарға сәйкес келетін, басқа көлік құралын жүргізушілерге көрінуді қамтамасыз ететін жарық шағылыстыратын затсыз жолдың жүру бөлігінде тәуліктің қараңғы уақытында жүріп-тұруына;

8) жолдың жүру бөлігінде басқаруы кезінде түймеленген шлемсіз болуына тыйым салынады.

**Ескерту. 171-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 31.08.2023 № 671 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

172. Велосипед жолының көше қиылысынан тыс орналасқан жолмен реттелмейтін қиылысында велосипедтердің және мопедтердің жүргізушілері осы жолмен жүріп келе жатқан көлік құралдарына жол беруге тиіс.

Ат-арба көлігі (шана) жүргізушісі көрінуі шектеулі жерлерде қосымша жолдан жолға шығу кезінде малды жүгенінен ұстап жетектеп жүреді.

172-1. Шағын электр көлігі құралын жүргізушілердің:

1) рульсіз шағын электр көлігі құралдарын қоспағанда, ең болмағанда бір қолымен рульден ұстамай жүргізуге;

2) жолаушыларды тасымалдауына;

3) жүкті тасымалдауына;

4) жолдың жүру бөлігімен жүруіне;

5) жанында велосипед жолы, велосипед жүретін жолақ болған кезде тротуармен немесе жаяу жүргіншілер жолымен жүруіне;

6) шағын электр көлігі құралдарын, шағын электр көлігі құралдарымен сүйретуіне;

7) шағын электр көлігі құралынан түспей, жаяу жүргіншілер өткелімен жолдың жүру бөлігін кесіп өтуіне тыйым салынады.

**Ескерту. Қағида 172-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 31.08.2023 № 671 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

173. Малдарды, әдетте, тәуліктің жарық уақытында айдап өту керек. Мал айдаушылар малдарды мүмкіндігінше жолдың оң жақ шетіне жақын бағыттауға тиіс.

174. Тәуліктің қараңғы уақытында және жеткіліксіз көріну жағдайларында бір топ малды жол бойымен немесе ол арқылы айдаған кезде мал айдаушылар жолда малдың бар екенін ескерту үшін жүргізушілерге сигнал береді.

Шырақпен немесе фонарьмен қолды шеңбер жасап қозғау сигнал болып табылады, бұл ретте сигнал беруші бір топ мал жақындап келе жатқан көлік құралдары жағынан он-он бес метр арақашықтықта болады.

175. Малдарды теміржолдар арқылы айдаған кезде мал табыны мал айдаушылардың санын ескере отырып, әрбір топты қауіпсіз айдап өтуді қамтамасыз ететіндей топтарға бөлінуге тиіс.

176. Ат-арба көліктерінің (шаналардың) жүргізушілеріне, мал айдаушылар мен жүк артылған, жегілген және мініс малдарының және малдардың иелеріне:

1) малдың жабыны қатты жолдарға шығып кетуі мүмкін жағдайларда оларды қадағалаусыз қалдыруға;

2) малдарды теміржолдар арқылы және арнайы бөлінген жерлерден тыс, сондай-ақ тәуліктің қараңғы уақытында және жеткіліксіз көріну жағдайларында (әртүрлі деңгейлердегі мал айдаудан басқа) айдап өтуге;

3) өзге жолдар болған кезде малдарды жабын асфальт және цемент-бетон жолдармен жетектеп жүруге жол берілмейді.

## **25-тарау. Тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдардың жол жүрісін қамтамасыз ету**

177. Тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдардың жол жүрісін және оларға қызмет көрсететін көлік құралдарының тұрағын ұйымдастыру:

1) тірек-қимыл аппараты бұзылған жүргізушілер немесе тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдарға немесе көру қабілетінен толық айырылған адамдарға қызмет көрсететін көлік құралдарының жүргізушілері басқаратын көлік құралдарына осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес 3.28, 3.29, 3.30 жол белгілерінің күші қолданылмайды;

2) тірек-қимыл аппараты бұзылған жүргізушілер немесе тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдарға қызмет көрсететін көлік құралдарының жүргізушілері басқаратын көлік құралдары басқаруға арналған тиісті механизмдермен және (немесе) керек-жарақтармен жабдықталуға тиіс;

3) 5.15 белгісіне қоса осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес 7.17 белгісі орнатылған жағдайда осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес 5.15 жол белгісінің күші "мүгедектігі бар адам" деген таным белгісі орнатылған мотоколяскалар мен автомобильдерге ғана қолданылады;

4) тыйым салатын немесе ұйғаратын белгілерге қоса осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес 7.18 белгісі орнатылған жағдайда онда осы жол белгілерінің күші "мүгедектігі бар адам" деген таным белгісі орнатылған мотоколяскалар мен автомобильдерге қолданылмайды.

178. "Мүгедектігі бар адам" деген таным белгісі бар көлік құралдарын басқаратын тірек-қимыл аппараты бұзылған жүргізушілердің:

1) тұрған көлік құралы жаяу жүргіншілердің жүруі үшін ені кемінде бір жарым метр бос жолақ қалдырып, тротуарға толығымен орналасқан жағдайда елді мекендердегі аялдауға немесе тоқтап тұруға тыйым салатын жол белгілері қолданылатын аймақта аялдауға және көлік құралын тоқтатып қоюға құқығы бар. Бұл қағида тоқтауға тыйым салатын жол таңбасымен белгіленген жол учаскелерінде қолданылмайды;

2) жаяу жүргіншілерге кедергі келтірмейтін және басқа да көлік құралдарын жол жүрісі мүмкіндігінен айырмайтын жағдайда тоқтап тұруға тыйым салатын жол белгілері қолданылатын аймақта, уақыты шектеуді тұрақ орындарында көзделген мерзімнен артық және тұрақ орындарының шегінен тыс аула аумағындағы жолдарда көлік құралын қоюға құқығы бар.

179. Тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдарға немесе көру қабілетінен толық айырылған адамдарға қызмет көрсететін "мүгедектігі бар адам" деген таным белгісі бар көлік құралдарының жүргізушілері тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдарды немесе көру қабілетінен толық айырылған адамдарды отырғызу немесе түсіру үшін көлік құралын елді мекендерде тоқтауға тыйым салатын жол белгілері қолданылатын аймақта тоқтатады.

180. Тірек-қимыл аппараты бұзылған адамға немесе көру қабілетінен толық айырылған адамға қызмет көрсететін, тірек-қимыл аппараты бұзылған адамның немесе көру қабілетінен толық айырылған адамды межелі жерге және кері қарай қолынан жетектеп жүретін, "мүгедектігі бар адам" деген таным белгісі бар көлік құралының жүргізушісі елді мекендерде көлік құралын осы тараудың 178-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген шарттарда тоқтатады.

Жол жүрісі қағидаларына  
1-қосымша

## **Жол белгілері**

Жол белгілерін қолдану қағидалары мен оларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 482-НҚ бұйрығымен бекітілген "Жол жүрісін ұйымдастырудың техникалық құралдары" 1125 Қазақстан Республикасының Ұлттық стандартымен (бұдан әрі - 1125 ҚР СТ) және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2017 жылғы 9 қазандағы № 274-НҚ бұйрығымен бекітілген "Жол белгілері. Жалпы техникалық талаптар" "Жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдары. Қолдану қағидалары" 1412 Қазақстан Республикасының Ұлттық стандартымен (бұдан әрі - 1412 ҚР СТ) регламенттеледі.

Жол белгілерін таңбалау Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## 1-тарау. Ескерту белгілері

Ескерту. 1-тарауға өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 17.04.2024 № 330 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту белгілері жүргізушілерге олардың бойымен жүру жағдайға сәйкес шаралар қабылдауды талап ететін жолдың қауіпті учаскесіне жақындағаны туралы хабарлайды.

1.1 "Шлагбаумы бар теміржол өтпесі".

1.2 "Шлагбаумы жоқ теміржол өтпесі".

1.3.1 "Бір жолды теміржол".

1.3.2 "Көп жолды теміржол". Шлагбауммен жабдықталмаған теміржол арқылы өтпені белгілеу: 1.3.1 - бір жолмен, 1.3.2 - екі және одан көп жолмен.

1.4.1 - 1.4.6 "Теміржол өтпесіне жақындау". Елді мекеннен тыс теміржол өтпесіне жақындау туралы қосымша ескерту.

1.5 "Трамвай желісімен қиылысу".

1.6 "Тең мағыналы жолдардың қиылысуы".

1.7 "Шеңберлі жүріспен қиылысу".

1.8 "Бағдаршамның реттеуі". Жол жүрісі бағдаршаммен реттелетін жол қиылысы, жаяу жүргінші өткелі немесе жол учаскесі.

1.9 "Ашылатын көпір". Ашылатын көпір немесе паром өткелі.

1.10 "Жағалауға шығу". Жағалауға немесе жағаға шығу.

1.11.1, 1.11.2 "Қауіпті бұрылыс". Шағын радиусты немесе көрінуі шектеулі жолдың доғалануы: 1.11.1 - оңға, 1.11.2 - солға.

1.12.1, 1.12.2 "Қауіпті бұрылыстар". Қауіпті бұрылыстар бар жол учаскелері: 1.12.1 - бірінші бұрылыспен оңға, 1.12.2 - бірінші бұрылыспен солға.

1.13 "Тік еңіс".

1.14 "Тік өрлеу".

1.15 "Тайғақ жол". Жүру бөлігінің қатты тайғанақ жол учаскесі.

1.16 "Тегіс емес жол". Жүру бөлігінде тегіс емес жерлері бар жол учаскесі (толқынды, шұңқыр, көпірлермен үйлесімсіз жалғасқан және сол сияқтылар).

1.16.1 "Жасанды бұдырлық".

1.17 "Қиыршық тас шашылған". Көлік құралдарының дөңгелегі астынан қиыршық тас, ұсатылған тас және сол сияқтылар шашырауы мүмкін жол учаскесі.

1.18.1 - 1.18.3 "Жолдың тарылуы". 1.18.1 - екі жағынан, 1.18.2 - оң жағынан, 1.18.3 - сол жағынан тарылуы.

1.19 "Екіжақты жүріс". Қарсы жүру жол учаскесінің (жүру бөлігінің) басталуы.

1.20 "Жаяу жүргінші өткелі". 5.16.1, 5.16.2 белгілерімен және (немесе) 1.14.3 таңбаларымен белгіленген жаяу жүргінші өткелі.

1.21 "Балалар". Балалар мекемесіне (мектептер, сауықтыру лагерлері және сол сияқтылар) жақын балалар жүріс бөлігіне шыға келуі мүмкін жол учаскесі.

1.22 "Велосипед жолымен қиылысу".

1.23 "Жол жұмыстары".

1.24 "Мал айдау".

1.25 "Жабайы хайуанаттар".

1.26 "Тас түсу". Опырылып құлау, көшкін жүруі, тас түсуі мүмкін жол учаскесі.

1.27 "Бүйірден соғатын жел".

1.28 "Төмен ұшатын ұшақтар".

1.29 "Тоннель". Жасанды жарықтандыруы жоқ тоннель немесе кіру порталының көрінуі шектеулі тоннель.

1.30 "Басқа қауіптер". Басқа ескерту белгілерімен көзделмеген қауіптіліктері бар жол учаскесі.

1.31.1, 1.31.2 "Бұрылыс бағыты". Көрінуі шектеулі шағын радиусты жол доғалануындағы жүру бағыты. Жолдың жөнделетін учаскесін айналып өту бағыты.

1.31.3 "Бұрылыс бағыты". Т үлгісіндегі жол қиылысында немесе жолдардың тармақталуындағы жүру бағыты. Жолдың жөнделетін учаскесін айналып өту бағыты.

1.31.4, 1.31.5 "Бұрылыс бағыты".

1.32.1, 1.32.2 және 1.32.3 "Кедергіні айналып өту".

1.33 "Қауіпті жол жиегі".

1.34 "Кептеліс".

1.1, 1.2, 1.5 - 1.3. ескерту белгілері қауіпті учаске басталғанға дейін елді мекеннен тыс жерлерде 150 - 300 метр қашықтықта, ал елді мекендерде және тұрғын аймақтарда 50 - 100 м қашықтықта орнатылады. Қажет болған жағдайларда белгілер 7.1.1 тақтайшасында көрсетілетін өзге қашықтықта да орнатылуы мүмкін.

1.13. және 1.14 белгілері, егер еңістер мен өрлеулер бірінен соң бірі келетін болса, тікелей еңістің немесе өрлеудің басталуы алдында 7.1.1 тақтайшасыз орнатылуы мүмкін.

1.23 белгісі жүру бөлігінде қысқа мерзімді жұмыстар жүргізілген кезде жұмыстар жүргізілетін жерге дейін 10 - 15 метр қашықтықта орнатылуы (7.1.1. тақтайшасыз) мүмкін.

Елді мекендерден тыс жерлерде 1.1, 1.2, 1.9, 1.10, 1.21 және 1.23 белгілері қайталаынады. Екінші белгі қауіпті учаске басталғанға дейін кемінде 50 метр қашықтықта орнатылады.

1.4.1 - 1.4.3 белгілері жолдың оң жағынан, ал 1.4.4 - 1.4.6 - сол жағынан орнатылады. 1.4.1 және 1.4.4 белгілері - жүру барысы бойынша бірінші 1.1 немесе 1.2 белгісінің астында, 1.4.3 және 1.4.6 белгілері - екінші 1.1 немесе 1.2 белгісінің астында, ал 1.4.2 және 1.4.5 белгілері - бірінші және екінші 1.1 немесе 1.2 белгілерінің арасына тең қашықтықта өздігінен орнатылады.



1.3.1 және 1.3.2 белгілері тікелей теміржол өтпесінің алдына орнатылады.

## **2-тарау. Басымдық белгілері**

Басымдық белгілері жол қиылыстарынан, жүру бөлігінің қиылыстарынан немесе жолдың тар учаскелерінен өту кезектілігін белгілейді.

2.1 "Басты жол". Реттелмейтін жол қиылыстарынан басымдықпен өту құқығы берілген жолдар.

2.2 "Басты жолдың аяқталуы".

2.3.1 "Екінші дәрежелі жолмен қиылысу".

2.3.2, 2.3.3, 2.3.4, 2.3.5, 2.3.6, 2.3.7 "Екінші дәрежелі жолға жанасу". 2.3.2, 2.3.4, 2.3.6, - оң жақтан, 2.3.3, 2.3.5, 2.3.7 - сол жақтан жанасу.

2.4 "Жол беріңіз". Жүргізуші қиылысатын, ал 7.13 тақтайшасы болған кезде басты жолдың бойымен жүріп келе жатқан көлік құралдарына жол береді.

2.5 "Аялдамай жүруге тыйым салынады". Тоқтау-сызығының алдында, ол жоқ болса - қиылысатын жүру бөлігінің шетіне жетпей аялдамай жүруге тыйым салынады. Жүргізуші қиылысатын жол бойымен, ал 7.13 тақтайшасы болған кезде - басты жолмен жүретін көлік құралына жол береді.

2.5 белгісі теміржол өтпесі немесе карантин бекеті алдынан қойылуы мүмкін. Мұндай жағдайларда жүргізуші тоқтау-сызығының, ал ол жоқ болса - белгінің алдында тоқтайды.

2.6 "Қарсы жүру басымдығы". Егер бұл қарсы жүруді қиындататын болса, жолдың тар учаскесіне шығуға тыйым салынады. Жүргізуші тар учаскедегі немесе оған қарама-қарсы кіру жолындағы қарсы көлік құралдарына жол береді.

2.7 "Қарсы жүру алдындағы басымдық". Жүргізуші оның бойымен жүру кезінде қарсы көлік құралдарына қарағанда басымдықпен пайдаланатын жолдың тар учаскесі.

## **3-тарау. Тыйым салатын белгілер**

**Ескерту. 3-тарауға өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 17.04.2024 № 330 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Тыйым салатын белгілер жол жүрісіне белгілі бір шектеулер енгізеді немесе оларды жояды.

3.1 "Кіруге тыйым салынады". Осы бағытта барлық көлік құралдарының кіруіне тыйым салынады.

3.2 "Жүруге тыйым салынады". Барлық көлік құралдарының жүруіне тыйым салынады.

3.3 "Механикалық көлік құралдарының жүруіне тыйым салынады".

3.4 "Жүк автомобильдерінің жүруіне тыйым салынады". Жүк автомобильдері мен рұқсат етілген ең жоғары массасы 3,5 тонн астам (егер белгіде массасы көрсетілмесе) немесе рұқсат етілген ең жоғары массасы белгіде көрсетілгеннен артық көлік құралдары құрамдарының, сондай-ақ тракторлар мен өздігінен жүретін машиналардың жүруіне тыйым салынады.

3.4 белгісі борттарында қиғаш ақ жолағы бар немесе адамдарды тасымалдауға арналған жүк автомобильдерінің жүруіне тыйым салмайды.

3.5 "Мотоциклдердің жүруіне тыйым салынады". Мотоциклдер мен мопедтердің жүруіне тыйым салынады.

3.6 "Тракторлардың жүруіне тыйым салынады". Тракторлардың және өздігінен жүретін машиналардың жүруіне тыйым салынады.

3.7 "Движение транспортных средств с прицепом запрещено". Запрещается движение грузовых автомобилей и тракторов с прицепами любого типа, а также буксировка механических транспортных средств.

3.8 "Көлік-арбаның жүруіне тыйым салынады". Көлік-арбаның (шананың), мініс және жүк артылған малдардың жүруіне, сондай-ақ мал айдауға тыйым салынады.

3.9 "Велосипедпен жүруге тыйым салынады". Велосипедтер, электр самокаттар және шағын электр көлігі құралдар жүруіне тыйым салынады.

3.9.1 "Электр самокаттармен жүруге тыйым салынады". Тек электр самокаттар жүруіне тыйым салынады.

3.10 "Жаяу жүргіншілердің жүруіне тыйым салынады".

3.11 "Массаны шектеу". Жалпы нақты массасы белгіде көрсетілгеннен артық көлік құралдарының, оның ішінде көлік құралдары құрамдарының жүруіне тыйым салынады.

3.12 "Оське түсетін жүктемені шектеу". Қандай болса да оське түсетін нақты жүктемесі белгіде көрсетілгеннен артық көлік құралдарының жүруіне тыйым салынады.

3.13. "Биіктікті шектеу". Габариттік биіктігі (жүкпен немесе жүксіз) белгіде көрсетілгеннен артық көлік құралдарының жүруіне тыйым салынады.

3.14 "Енді шектеу". Габариттік ені (жүкпен немесе жүксіз) белгіде көрсетілгеннен артық көлік құралдарының жүруіне тыйым салынады.

3.15 "Ұзындықты шектеу". Габариттік ұзындығы (жүкпен немесе жүксіз) белгіде көрсетілгеннен артық көлік құралдарының (көлік құралдары құрамының) жүруіне тыйым салынады.

3.16 "Ең төменгі дистанцияны шектеу". Олардың арасындағы дистанция белгіде көрсетілгеннен кем көлік құралдарының жүруіне тыйым салынады.

3.17 "Кеден". Кеден (бақылау пунктiнiң) жанында тоқтамай өтуге тыйым салынады.

3.17.2 "Қауіптілік". Жол-көлік оқиғаларына, аварияға немесе басқа қауіптіліктерге байланысты әрі қарай барлық көлік құралдарының жүруіне ерекшеліксіз тыйым салынады.

3.17.3 "Бақылау". Бақылау пункттері арқылы аялдаусыз жүруге тыйым салынады.

3.18.1 "Оңға бұрылуға тыйым салынады".

3.18.2 "Солға бұрылуға тыйым салынады".

3.19 "Кері бұрылуға тыйым салынады".

3.20 "Басып озуға тыйым салынады". Сағатына 30 километрден кем жылдамдықпен жүріп келе жатқан жекелегендерден басқа, барлық көлік құралдарын басып озуға тыйым салынады.

3.21 "Басып озуға тыйым салынатын аймақтың аяқталуы".

3.22 "Жүк автомобильдеріне басып озуға тыйым салынады". Рұқсат етілген ең жоғары массасы 3,5 т артық жүк автомобильдеріне, сағатына 30 километрден кем жылдамдықпен жүретін жекелегендерінен басқа, барлық көлік құралдарын басып озуға тыйым салынады. Тракторларға көлік-арба және велосипедтерден басқа барлық көлік құралдарын басып озуға тыйым салынады.

3.23 "Жүк автомобильдерінің басып озуына тыйым салынатын аймақтың аяқталуы".

3.24 "Ең жоғары жылдамдықты шектеу". Белгіде көрсетілгеннен артық жылдамдықпен (км/сағ) жүруге тыйым салынады.

Егер жолдың осы учаскесіне енгізілетін ең жоғары жылдамдықты шектеу алдыңғы учаскедегі қозғалыстың жол берілген жылдамдығынан 20 км/сағ. аса өзгеше болатын болса, бір-бірінен 100 метрден 150 метрге дейінгі арақашықтыққа алшақтатылған 3.24 белгілерін жүйелі орнату арқылы 20 км/сағ. аспайтын қадаммен жылдамдықты сатылап шектеу қолданылады.

Жылдамдықты сатылап шектеу, егер белгілердің көрінуі кемінде 150 метр құраса, 5.22 белгісімен белгіленген елді мекендер алдында қолданылмайды.

3.25 "Ең жоғары жылдамдық шектелетін аймақтың аяқталуы".

3.26 "Дыбыстық сигнал беруге тыйым салынады". Сигнал жол-көлік оқиғаларын болдырмау үшін берілген жағдайлардан басқа дыбыс сигналын пайдалануға тыйым салынады.

3.27 "Тоқтауға тыйым салынады". Көлік құралдарының тоқтауына және тоқтап тұруына тыйым салынады.

3.28 "Тоқтап тұруға тыйым салынады". Көлік құралдарының тоқтап тұруына тыйым салынады.

3.29 "Айдың тақ күндері тоқтап тұруға тыйым салынады".

3.30 "Айдың жұп күндері тоқтап тұруға тыйым салынады". 3.29 және 3.30 белгілерін бір мезгілде қолдану кезінде көлік құралдарының бір жақтан екіншісіне орын ауыстыру уақыты - сағат 19-дан 21-ге дейін.

3.31 "Барлық шектеулер аймағының аяқталуы". 3.16, 3.20, 3.22, 3.24, 3.26 - 3.30 белгілерінің бірнешеуін бір мезгілде қолдану аймағының аяқталуы.

3.32 "Көлік құралдарының қауіпті жүктермен жүруіне тыйым салынады". "Қауіпті жүк" деген таным белгімен жабдықталған көлік құралдарының жүруіне тыйым салынады.

3.33 "Көлік құралдарының жарылғыш және тез тұтанғыш жүктермен жүруіне тыйым салынады". "Қауіпті жүк" деген таным белгімен жабдықталған және 19433 МемСТ бойынша 1, 2.2 - 2.4, 3.1, 3.2, 5.2 сыныптардағы қауіпті жүктерін тасымалдауға арналған көлік құралдарының жүруіне тыйым салынады.

3.2 - 3.9, 3.32 және 3.33 белгілері тиісті көлік құралдары түрлерінің екі бағытта жүруіне тыйым салады.

Мына белгілердің күші:

3.1 - 3.3, 3.18.1, 3.18.2, 3.19, 3.27 - маршруттық көлік құралдарына;

3.2 - 3.8 - белгіленген аймақта орналасқан кәсіпорындарға қызмет ететін, сондай-ақ белгіленген аймақта тұратын немесе жұмыс істейтін азаматтарға қызмет көрсететін немесе осы азаматтарға тиесілі көлік құралдарына. Мұндай жағдайларда көлік құралдары белгіленген аймаққа белгіленген жерге жақын жол қиылысынан кіруі немесе содан шығуы керек;

3.28 - 3.30 - таксометрі іске қосулы таксиге;

3.2, 3.3, 3.28-3.30 - бірінші және екінші топтағы, сондай-ақ тірек-қимыл аппараты бұзылған үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдар басқаратын немесе осындай мүгедектігі бар адамдарды тасымалдайтын көлік құралдарына.

3.18.1, 3.18.2 белгілерінің күші алдына белгі орнатылған жүру бөлігінің қиылысына қолданылады.

3.16, 3.20, 3.22, 3.24, 3.26 - 3.30 белгілері қолданылатын аймақтар белгі қойылған жерден бастап одан кейінгі жақын жол қиылысына дейін, ал елді мекендерде жол қиылысы жоқ болса - елді мекен аяқталғанға дейін қолданылады.

Елді мекеннің алдына қойылған 5.22 белгісімен белгіленген 3.24 белгісінің күші осы белгіге дейін қолданылады.

Белгілердің күші қолданылатын аймақ мынадай жағдайларда:

7.2.1 тақтайшасын қолданумен 3.16 және 3.26 белгілері үшін;

3.20, 3.22, 3.24 белгілері үшін олардың күші қолданылатын аймақтың соңына тиісінше 3.21, 3.23, 3.25 белгілерін орнатумен немесе 7.2.1 тақтайшасын қолданумен; 3.24 белгісінің күші қолданылатын аймақ ең жоғары жүру жылдамдығының басқа мәнімен 3.24 белгісін орнатумен;

3.27 - 3.30 белгілері үшін олардың күші қолданылатын аймақтың соңына 7.2.3 тақтайшасымен 3.27 - 3.30 қайталама белгілерін орнатумен немесе 7.2.2 тақтайшасын қолданумен азайтылуы мүмкін. 3.27 белгісі 1.4 таңбасымен, ал 3.28 белгісі - 1.10 таңбасымен бірге қолданылуы мүмкін, бұл ретте белгілердің қолданылатын аймағы таңбалау сызығының ұзындығымен айқындалады.

3.10, 3.27 - 3.30 белгілерінің күші жолдың олар орнатылған жағына ғана қолданылады.

#### **4-тарау. Нұсқайтын белгілер**

**Ескерту. 4-тарауға өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 17.04.2024 № 330 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4.1.1 "Тура жүру", 4.1.2 "Оңға жүру", 4.1.3 "Солға жүру", 4.1.4 "Тура немесе оңға жүру", 4.1.5 "Тура немесе солға жүру", 4.1.6 "Оңға немесе солға жүру". Белгілерде бағыттауыштармен көрсетілген бағыттарда ғана жүруге рұқсат етіледі. Солға бұрылуға рұқсат ететін белгілер кері бұрылуға да рұқсат береді (нақты қиылыста қажетті жүру бағыттарына сәйкес келетін бағыттаушы кескіндері бар 4.1.1 - 4.1.6 белгілері қолданылуы мүмкін).

4.1.1 - 4.1.6 белгілері маршруттық көлік құралдарына қолданылмайды.

4.1.1 - 4.1.6 белгілері алдына белгі қойылған жүру бөліктерінің қиылыстарына қолданылады.

Жол учаскесінің басында орнатылған 4.1.1 белгісі жақын жол қиылысына дейін қолданылады. Белгі іргелес аумақтарға оңға бұрылуға тыйым салмайды.

Ескертпе. Жол белгілерін нөмірлеу 1125 ҚР СТ-ға сәйкес келеді. Жол белгілерінің атаулары мен суреттері 2-суретте келтірілген. 4.1.2 және 4.1.3 жол белгілерінің суреттері 1125 ҚР СТ-ға сәйкес өзгертілді, осы жол белгілерінің алдыңғы суреттері олар ауыстырылғанға дейін қолданыста болады.

4.2.1 "Кедергіні оң жағынан айналып өту", 4.2.2 "Кедергіні сол жағынан айналып өту". Бағыттауышпен көрсетілген жағынан ғана айналып өтуге рұқсат етіледі.

4.2.3 "Кедергіні оң немесе сол жағынан айналып өту". Кез келген жақтан айналып өтуге рұқсат етіледі.

4.3 "Шеңберлі жүріс". Бағыттауыштармен көрсетілген бағытта жүруге рұқсат етіледі.

4.4 "Жеңіл автомобильдер жүрісі". Жеңіл автомобильдер, автобустар, мотоциклдер, маршруттық көлік құралдары мен рұқсат етілген ең жоғары массасы 3.5 тоннадан аспайтын жүк автомобильдерінің жүрісі рұқсат етіледі.

Белгі белгіленген аймақта орналасқан кәсіпорындарға қызмет ететін, сондай-ақ белгіленген аймақта тұратын немесе жұмыс істейтін азаматтарға қызмет көрсететін немесе осы азаматтарға тиесілі басқа көлік құралдарының жүруіне рұқсат береді. Мұндай жағдайларда көлік құралдары белгіленген аймаққа белгіленген жерге жақын жол қиылысынан кіруі немесе содан шығуы керек.

4.5 "Велосипед жолы немесе велосипед жүретін жолақ". Велосипед, электр самокаттар және шағын электр көлігі құралдармен ғана жүруге рұқсат етіледі.

4.5.1 "Велосипед жолының немесе велосипед жүретін жолақтың аяқталуы".

4.5.4, 4.5.5 "Қозғалысы бөлінген жаяу жүргінші және велосипед жолы". Жаяу жүргінші, велосипед электр самокаттар және шағын электр көлігі құралдар ағындары өздігінен ағынға бөлінетін кезде, жаяу жүргінші, велосипедтер, электр самокаттар және шағын электр көлігі құралдардың бірлескен қозғалысына арналған жолдар.

4.5.6 және 4.5.7 "Қозғалысы бөлінген жаяу жүргінші және велосипед жолының соңы".

4.6 "Жаяу жүргіншілер жолы". Тек қана жаяу жүргіншілердің жүруіне рұқсат етіледі.

4.7 "Ең төменгі жылдамдықты шектеу". Тек қана көрсетілген немесе одан көп жылдамдықпен (сағ/км) жүруге рұқсат етіледі.

4.8 "Ең төменгі жылдамдық шектелетін аймақтың аяқталуы".

4.9 "Қауіпті жүгі бар көлік құралдарының жүру бағыты". "Қауіпті жүк" таным белгісімен жабдықталған көлік құралына 4.9.1 - оңға, 4.9.2 - тіке, 4.9.3 - солға белгілерінде көрсетілген бағыттарда жүруге рұқсат етіледі.

## **5-тарау. Ақпараттық-нұсқағыш белгілер**

**Ескерту. 5-тарауға өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 17.04.2024 № 330 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ақпараттық-нұсқағыш белгілер жүрістің белгілі бір режимдерін енгізеді немесе күшін жояды, сондай-ақ елді мекендер мен басқа да объектілердің орналасуы туралы хабарлайды.

5.1 "Автомагистраль". Автомагистральмен жүру тәртібін белгілейтін осы Қағида талаптары қолданылатын жол.

5.2 "Автомагистральдің аяқталуы".

5.3 "Автомобильдерге арналған жол". Автомобильдер мен мотоциклдердің жүруіне ғана арналған жол.

5.4 "Автомобильдерге арналған жолдың аяқталуы".

5.5 "Біржақты жүру жолы". Көлік құралдарының жүрісі бір бағытта бүкіл ені бойынша жүзеге асырылатын жол немесе жүру бөлігі.

5.6. "Біржақты жүру жолының аяқталуы".

5.7.1, 5.7.2 "Біржақты жүру жолына шығу". Біржақты жүру жолына немесе жүру бөлігіне шығу.

5.8.1 "Жолақтар бойынша жүру бағыттары". Жолақтардың саны және олардың әрбіреулерінде рұқсат етілген жүру бағыттары.

Егер 5.8.1 белгісінде 5.9.1 – 5.9.4 белгісі бейнеленсе, онда оның осы белгілердің әрекеті көрсетілген жолаққа қолданылады.

5.8.2 "Жолақ бойынша жүру бағыттары". Жолақ бойынша рұқсат етілген жүру бағыттары.

Шеткі сол жолақтан сол жаққа бұрылуға рұқсат ететін 5.8.1 және 5.8.2 белгілері осы жолақтан кері бұрылуға да рұқсат етеді.

Жол қиылысының алдында орнатылған 5.8.1. және 5.8.2. белгілер, егер онда орнатылған басқа 5.8.1 және 5.8.2 белгілері өзге нұсқаулар бермесе, бүкіл жол қиылысына қолданылады.

5.8.2а "Жолақтар бойынша жүру бағыты".

Егер 5.8.1, 5.8.2, 5.8.2а белгілерінде қандай да бір көлік құралдарының жүруіне тыйым салатын белгі бейнеленсе, онда осы көлік құралдарының тиісті жолақ бойынша жүруіне тыйым салынады.

5.8.3 "Жолақтың басталуы". Өрге көтерілуде қосымша жолақтың немесе тежеу жолағының басталуы.

Егер қосымша жолақтың алдында орнатылған белгіде "Ең төменгі жылдамдықты шектеу" деген 4.7. белгісі бейнеленген болса, онда көрсетілген немесе одан көп жылдамдықпен негізгі жолақ бойынша жүрісін жалғастыра алмайтын көлік құралының жүргізушісі қосымша жолаққа ауысады.

5.8.3а "Әртүрлі жүру жолақтарындағы міндетті ең төменгі жылдамдық";

5.8.4 "Жолақтың басталуы". Осы бағытта жүруге арналған үш жолақты жолдың орта жолағы учаскесінің басталуы.

5.8.4а "Жолақтың басталуы";

5.8.5 "Жолақтың аяқталуы". Өрге көтерілуде қосымша жолақтың немесе екпінді жүру жолағының аяқталуы.

5.8.6 "Жолақтың аяқталуы". Осы бағытта жүруге арналған үш жолақты жолдың орта жолағы учаскесінің аяқталуы.

5.8.6а - 5.8.6в "Параллельді жолға қатар ауыстыру" жүргізушілерді параллельді жолға қатар ауыстыру кезіндегі қозғалыс басымдықтары туралы хабардар етеді.

5.8.6г, 5.8.6д "Параллель жүріс бөлігінің соңы" жүргізушілерге параллель жүріс бөлігінің бірігуі кезіндегі қозғалыс басымдықтары туралы хабарлайды.

5.8.7, 5.8.8 "Жолақтар бойынша жүру бағыты".

5.8.8а "Жолақтар бойынша жүру бағыттары".

5.8.9 "Әртүрлі жүру жолақтарында қолданылатын жылдамдықты шектеу".

Егер 5.8.7. белгісінде қандай да болмасын көлік құралдарының жүруіне тыйым салатын белгі бейнеленсе, онда осы көлік құралдарының тиісті жолақ бойынша жүруіне тыйым салынады.

Бағыттауыштардың тиісті саны бар 5.8.7. және 5.8.8. белгілері төрт және одан да көп жолағы бар жолдарда қолданыла алады.

Ауыстырмалы суреті бар 5.8.7. және 5.8.8. белгілерінің көмегімен реверстік жүріс ұйымдастырылуы мүмкін.

5.9 "Маршруттық көлік құралдарына арналған жолақ". Көлік құралдарының жалпы легімен жол-жөнекей жүретін маршруттық көлік құралдарының, басқа да қоғамдық

көліктің және бұдан басқа М3 санатындығы көлік құралдарының жүруіне арналған жолақ.

5.9.1 "Маршруттық көлік құралдарына арналған жолақтардың аяқталуы".  
Маршруттық көлік құралдары мен көлік құралдарының жалпы ағынымен жүріп келе жатқан басқа да қоғамдық көліктің және бұдан басқа М3 санатындығы көлік құралдарының жүруіне арналған жолақтың аяқталуы.

5.9.2-5.9.4 "қоғамдық көлікке арналған қозғалыс бағытының белгілері" тікелей бағытта қозғалыс мүмкін болмаған жағдайларда қиылыстың алдында маршруттық көлік құралдарына арналған жолақ бойынша маршруттық көлік құралдарының, басқа да қоғамдық көліктің және бұдан басқа М3 санатындығы көлік құралдарының қозғалыс бағытын көрсетеді.

5.10.1 "Маршруттық көлік құралдары үшін жолағы бар жол". Маршруттық көлік құралдарының, басқа да қоғамдық көліктің және бұдан басқа М3 санатындығы көлік құралдарының жүрісі көлік құралдарының жалпы легіне қарсы арнайы бөлінген жолақта жүзеге асырылатын жол.

5.10.2, 5.10.3 "Маршруттық көлік құралдары үшін жолағы бар жолға шығу".

5.10.4 "Маршруттық көлік құралдары үшін жолағы бар жолдың аяқталуы".

5.10.5 "Велосипедисттерге арналған жолақты жол" белгісі. Велосипедисттер қозғалысы көлік құралдарының жалпы ағынына қарама-қарсы велосипедтік жолақ бойынша жүзеге асырылады.

5.10.7 "Велосипедисттерге арналған жолақты жолдың соңы".

5.10.8 және 5.10.9 "Велосипедисттерге арналған жолақты жолға шығу".

5.11.1 "Кері бұрылу үшін орын". Солға бұрылуға тыйым салынады.

5.11.2 "Кері бұрылу үшін аймақ". Кері бұрылу аймағының ұзындығы. Солға бұрылуға тыйым салынады.

5.8.1-5.8.8, 5.11.1 және 5.11.2 ақпараттық-көрсеткіш белгілер 3.3-3.8. тыйым салатын белгілермен біріктіруге болады.

5.12 "Автобус және (немесе) троллейбус тоқтайтын орын".

5.13 "Трамвай тоқтайтын орын".

5.14 "Жеңіл таксилердің тұрақ орны".

5.15 "Тұрақ орны".

5.16.1, 5.16.2 "Жаяу жүргінші өткелі".

5.16.3 "Диагональды жаяу жүргіншілер өткелі".

Өткелде 1.14.1 - 1.14.3 таңбалары болмаған кезде 5.16.2 белгісі жолдан оң жақта өткелдің жақын шекарасына, ал 5.16.1 белгісі - жолдан сол жаққа өткелдің алыс шекарасына орнатылады.

5.17.1, 5.17.2 "Жер асты жаяу жүргінші өткелі".

5.17.3, 5.17.4 "Жер үсті жаяу жүргінші өткелі".



5.18 "Ұсынылатын жылдамдық". Жолдың осы учаскесінде жүруге ұсынылатын жылдамдық. Белгінің қолданылу аймағы жақын жол қиылысына дейін, ал 5.8 белгісін ескерту белгісімен бірге қолдану кезінде қауіпті учаскенің ұзындығымен айқындалады.

5.18.2 "Ұсынылатын жылдамдық" белгісінің әрекеті ету алаңының соңы".

5.19.1. - 5.19.3. "Тұйық". Толассыз өтуі жоқ жол.

5.20.1 "Бағыттарды алдын ала нұсқағыш", 5.20.2. "Бағытты алдын ала нұсқағыш". Белгіде белгіленген елді мекендер мен басқа да объектілерге қарай жүру бағыттары. Белгілерде 5.29.1 белгісінің суреті, автомагистральдардың, әуежайдың символдары, спорттық және өзге де пиктограммалар салынуы мүмкін. 5.20.1 белгісінде жүру ерекшеліктері туралы хабарлайтын басқа белгілердің суреті салынуы мүмкін. 5.20.1 белгісінің төменгі бөлігінде белгіні орнату орнынан бастап жол қиылысына немесе тежеу жолағының басталуына дейінгі арақашықтық көрсетіледі.

5.20.1 белгісі, сондай-ақ 3.11 - 3.15 тыйым салу белгілерінің бірі орнатылған жолдардың учаскелерін айналып өтуді нұсқау үшін де қолданылады.

5.20.3 "Жүру схемасы". Жол қиылысында жекелеген маневрлерге тыйым салу кезіндегі жүру маршруты немесе күрделі жол қиылысында рұқсат етілген жүру бағыттары.

5.21.1 "Бағытты нұсқағыш", 5.21.2 "Бағыттарды нұсқағыш". Маршрут пункттеріне жүру бағыттары. Белгілерде онда белгіленген объектілерге дейінгі арақашықтық (км) көрсетілуі, автомагистральдардың, әуежайдың символдары, спорттық және өзге де пиктограммалар салынуы мүмкін.

5.22 "Елді мекеннің басталуы". Қағидалардың елді мекендерде жүру тәртібін белгілейтін талаптары қолданылатын елді мекеннің атауы және басталуы.

5.22а "Елді мекеннің басталуы".

5.23 "Елді мекеннің аяқталуы". Қағидалардың елді мекендерде жүру тәртібін белгілейтін талаптарының күші жоғалатын осы жолдағы орын.

5.23а "Елді мекеннің аяқталуы".

5.24 "Елді мекеннің басталуы". Қағидалардың елді мекендерде жүру тәртібін белгілейтін талаптары осы жолда қолданылмайтын елді мекеннің атауы және басталуы.

5.25 "Елді мекеннің аяқталуы". 5.24 белгісімен белгіленген елді мекеннің аяқталуы.

5.26 "Объектінің атауы". Елді мекенге қарағанда өзге объектінің атауы (өзен, көл, асу, назар аударарлық орындар және соған ұқсастар).

5.27 "Арақашықтықтарды нұсқағыш". Маршрутта орналасқан елді мекендерге дейінгі арақашықтық (км).

5.28 "Километрлік белгі". Жолдың басына немесе аяғына дейінгі арақашықтық (км).

5.29.1, 5.29.2 "Маршруттың нөмірі". 5.29.1 - жолға (маршрутқа) берілген нөмір; 5.29.2 - жолдың (маршруттың) нөмірі мен бағыты.

5.30.1 - 5.30.5 "Жүк автомобильдері үшін жүру бағыты". Егер жол қиылысында бағыттардың біреуімен олардың жүруіне тыйым салынса, жүк автомобильдері, тракторлар мен өздігінен жүретін машиналар үшін ұсынылатын жүру бағыты.

5.31 "Айналып өту схемасы". Жүру үшін уақытша жабық жол учаскесін айналып өту маршруты.

5.32.1 - 5.32.3 "Айналып өту бағыты". Жүру үшін уақытша жабық жол учаскесінің бағыты.

5.33 "Тоқтау сызығы". Бағдаршамның (реттеушінің) тыйым салатын сигналы кезінде көлік құралдарының тоқтау орны.

5.34.1, 5.34.2 "Басқа жүру бөлігіне ауысудың алдын ала нұсқағышы". Бөлу жолағы бар жолда жүру бөлігінің жүру үшін жабық учаскесін айналып өту бағыты немесе оң жақтағы жүру бөлігіне қайту үшін жүру бағыты.

5.35 "Реверсивтік жүріс". Бір немесе бірнеше жолақта жүру бағыты қарама-қарсыға өзгеруі мүмкін жол учаскесінің басталуы.

5.36 "Реверсивтік жүрістің аяқталуы".

5.37 "Реверсивтік жүру жолына шығу".

5.38 "Тұрғын аймақ". Осы Қағидалардың тұрғын аймақта жүру тәртібін белгілейтін талаптары қолданылатын аумақ.

5.39 "Тұрғын аймақтың аяқталуы".

5.40 "Ең жоғары жылдамдықты жалпы шектеулер".

5.41 "Авариялық тоқтауға арналған алаң".

5.42 "Фотобейнетіркеу". Осы Қағидаларды бұзуларды стационарлық сертификатталған арнайы техникалық құралмен және аспаппен тіркеу жүзеге асырылады, бұл ретте белгіні орнату міндетті емес.

5.43 "Жасанды кедір-бұдыр" белгісі жасанды кедір-бұдыр шекараларын белгілеу үшін қолданылуға тиіс. Белгі жасанды кедір-бұдырдың немесе жақын келетін көлік құралдарына қатысты 1.25 таңбасының жақын шегінде орнатылады.

5.44 "Шектеуі бар тұрақ аймағы". Тұрақтауға тыйым салынған аумақтан (жол учаскесі) басталатын орын.

5.45 "Шектеуі бар тұрақ аймағының соңы".

5.46 "Ең жоғарғы жылдамдықты шектеу аймағы". Ең жоғарғы жылдамдыққа шектеу қойылған аумақтан (жол учаскесі) басталатын орын.

5.47 "Ең жоғарғы жылдамдықты шектеу аймағының соңы".

5.48 "Жаяу жүргіншілер аймағы". Жаяу жүргіншілердің ғана қозғалысына рұқсат етілген аумақтан (жол учаскесі) басталатын орын.

5.49 "Жаяу жүргіншілер аймағының соңы".

5.50 "Механикалық көлік құралдарының экологиялық сыныбы шектелген аймақ". Белгісі, оның шегінде экологиялық сыныбы белгіде көрсетілген экологиялық сыныбынан төмен немесе экологиялық сыныбы осы көлік құралдарының тіркеу

құжаттарында көрсетілмеген механикалық көлік құралдарының немесе көлік құралы түрінің (түрлеріне) қозғалысына тыйым салынған.

5.51 "Механикалық көлік құралдарының экологиялық сыныбы шектелген аймақтың соңы".

Елді мекеннен тысқары орнатылған 5.20.1, 5.20.2, 5.21.1 және 5.21.2 белгілеріндегі жасыл немесе көк рең көрсетілген елді мекенге немесе объектіге жүру тиісінше автомагистральмен немесе басқа жолмен жүзеге асырылатындығын білдіреді. Елді мекенде орнатылған 5.20.1, 5.20.2, 5.21.1 және 5.21.2 белгілеріндегі жасыл немесе көк рең көрсетілген елді мекенге немесе объектіге жүру осы елді мекеннен шыққаннан кейін тиісінше автомагистральмен немесе басқа жолмен жүзеге асырылатындығын білдіреді; ақ рең көрсетілген объекті осы елді мекенде екендігін білдіреді.

## **6-тарау. Сервис белгілері**

Сервис белгілері тиісті объектілердің орналасуы туралы хабардар етеді.

6.1 "Алғашқы медициналық көмек пункті".

6.2 "Аурухана".

6.3 "Автожанармай құю станциясы".

6.3.а "Сұйытылған мұнай газындағы (СМГ) автожанармай құю станциясы".

6.3.б "Сығымдалған табиғи газдағы (СТГ) автожанармай құю станциясы".

6.4 "Автомобильдерге техникалық қызмет көрсету".

6.5 "Автомобильдерді жуу".

6.6 "Телефон".

6.7 "Тамақтану пункті".

6.8 "Ауыз су".

6.9 "Қонақ үй немесе мотель".

6.10 "Кемпинг".

6.11 "Демалыс орны".

6.12 "Полиция бекеті".

6.13 "Көліктік бақылау бекеті".

6.14 "Полиция".

6.15 "Жол жүрісі туралы ақпаратты беретін радиостанцияны қабылдау аймағы".

6.16 "Авариялық қызметтермен радиобайланыс аймағы".

6.17 "Бассейн немесе жағажай".

6.18 "Дәретхана".

6.19 "Электромобильдерді зарядтау мүмкіндігі бар жанар-жағар май құю станциясы".

6.20 "Экологиялық бақылау".

## **7-тарау. Қосымша ақпарат белгілері (тақтайшалар).**

Ескерту. 7-тарауға өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 17.04.2024 № 330 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қосымша ақпарат белгілері (тақтайшалар) олармен қолданылатын белгілерді нақтылайды немесе шектейді.

7.1.1 "Объектіге дейінгі арақашықтық". Белгіден қауіпті учаскенің, тиісті шектеу енгізу орнының немесе жүру барысы бойынша алдағы белгілі бір объектінің (орынның) басталуына дейінгі арақашықтықты көрсетеді.

7.1.2 "Объектіге дейінгі арақашықтық". Егер жол қиылысының тікелей алдында 2.5 белгісі орнатылған жағдайда 2.4 белгісінен жол қиылысына дейінгі арақашықтықты көрсетеді.

7.1.3, 7.1.4 "Объектіге дейінгі арақашықтық". Жолдан тысқары тұрған объектіге дейінгі арақашықтықты көрсетеді.

7.2.1 "Қолданылу аймағы". Белгілермен белгіленген жолдың қауіпті учаскесінің ұзындығын немесе тыйым салатын және ақпараттық-нұсқағыш белгілерді көрсетеді.

7.2.2 - 7.2.6 "Қолданылу аймағы". 7.2.2 белгісі 3.27 - 3.30 тыйым салатын белгілердің қолданылу аймағын көрсетеді; 7.2.3 белгісі 3.27 - 3.30 белгілерінің қолданылу аймағының аяқталғанын көрсетеді; 7.2.4 белгісі жүргізушілерге олар 3.27 - 3.30 белгілерінің қолданылу аймағында екендігі туралы хабарлайды; 7.2.5, 7.2.6 белгілері алаңның, ғимарат фасадының және осыған ұқсастардың бір жағының бойында тоқтауға немесе тоқтап тұруға тыйым салу кезінде 3.27 - 3.30 белгілерінің бағытын және қолданылу аймағын көрсетеді.

7.3.1 - 7.3.3 "Қолданылу бағыттары". Жол қиылысы алдында орнатылған белгілердің қолданылу бағытын немесе жолдың тікелей жанында тұрған таңбаланған объектілерге жүру бағытын көрсетеді.

7.4.1 - 7.4.8 "Көлік құралының түрі". Белгінің күші қолданылатын көлік құралының түрін көрсетеді.

7.4.8а "Маршруттық көлік құралының түрі".

7.4.8 б "Туристік автобус". Туристік автобусты тоқтату және оған туристерді отырғызу үшін алаңды көрсету үшін 5.15 "Тұру орны" белгісімен қолданылады.

7.4.9 - 7.4.14 "Көлік құралдары түрінен басқа". Белгі әрекет етпейтін көлік құралының түрін көрсетеді.

7.4.1 кестесі белгінің күшін жүк автомобильдеріне, ал 7.4.2 кестесі оның ішінде рұқсат етілген массасы 3,5 тоннадан асатын, тіркемесі барларға, 7.4.3 кестесі жеңіл автомобильдерге, сондай-ақ рұқсат етілген массасы 3,5 тоннаға дейінгі жүк автомобильдеріне, 7.4.8 кестесі "Қауіпті жүк" деген таным белгілерімен жабдықталған көлік құралдарына қолдандырады.

7.5.1 "Сенбі, жексенбі және мереке күндері", 7.5.2 "Жұмыс күндері", 7.5.3 "Апта күндері". Белгі қолданылатын аптаның күндерін көрсетеді.

7.5.4 "Қолданылу уақыты". Белгі қолданылатын тәуліктің уақытын көрсетеді.

7.5.5 - 7.5.7 "Қолданылу уақыты". Белгі қолданылатын аптаның күндері мен тәуліктің уақытын көрсетеді.

7.6.1 - 7.6.18 "Көлік құралын тұраққа қоюдың тәсілі". 7.6.1 барлық көлік құралдары тротуардың бойымен жүру бөлігіне қойылуы тиіс екенін көрсетеді; 7.6.2 - 7.6.10 жеңіл автомобильдер мен мотоциклдерді тротуар маңындағы тұраққа қоюдың тәсілін көрсетеді. 5.15 белгісімен қолданылады.

7.6.2-7.6.18 кестелері жеңіл автокөліктер мен мотоциклдерді қою тәсілін көрсетеді.

7.7 "Жұмыс істемейтін қозғалтқышпен тоқтап тұру". 5.15 белгісімен белгіленген тұрақта қозғалтқышы жұмыс істемейтін көлік құралдарына ғана тоқтап тұруға рұқсат етілетіндігін көрсетеді.

7.8 "Ақылы қызмет көрсетулер". Қызмет тек қана ақыға ғана көрсетілетінін көрсетеді.

7.9 "Тоқтап тұрудың ұзақтығын шектеу". Көлік құралының 5.15 белгісімен белгіленген тұрақта болуының ең жоғары уақыт ұзақтығын көрсетеді.

7.10 "Автомобильдерді қарап тексеруге арналған орын". 5.15 немесе 6.11. белгісімен таңбаланған алаңда эстакада немесе қарау шұңқыры бар екенін көрсетеді.

7.11 "Толық массаны шектеу". Белгінің күші рұқсат етілген ең жоғары массасы тақтайшада көрсетілгеннен асатын көлік құралдарына ғана қолданылатынын көрсетеді.

7.13 "Басты жолдың бағыты". Жол қиылысында басты жолдың бағытын көрсетеді.

7.14 "Жүру жолағы". Бөлігінің немесе бағдаршамның күші қолданылатын жүру жолағын көрсетеді.

7.15 "Көру қабілетінен толық айырылған жаяу жүргіншілер". Жаяу жүргіншілердің өтпесін көру қабілетінен толық айырылған адамдардың пайдаланатынын көрсетеді. 1.20, 5.16.1, 5.16.2 белгілерімен және бағдаршаммен бірге қолданылады.

7.16 "Ылғалды жабын". Белгі жүру бөлігінің жабыны ылғал уақыт кезеңінде қолданылатынын көрсетеді.

7.17 "Мүгедектігі бар адамдар" 5.15 белгісінің "мүгедектігі бар адам" деген айырым белгісі орнатылған мотоколяскалар мен автомобильдерге ғана қолданылатынын көрсетеді.

7.18 "Мүгедектігі бар адамдардан басқа". Белгілердің қолданылуы "мүгедектігі бар адам" деген айырым белгісі орнатылған мотоколяскалар мен автомобильдерге қолданылмайтынын көрсетеді.

7.19 "Қауіпті жүк сыныбы". 19433 МемСТ бойынша қауіпті жүктердің сынып (сыныптарының) нөмірін көрсетеді. 3.32, 4.9.1 - 4.9.3 белгілерімен қолданылады.

7.21 "Эвакуатор жұмыс істейді".

7.21.1 "Маршруттық көлік құралының түрі" 6, 19.

7.22 "Көлік құралының түрі". Сыртқы көзден зарядтау мүмкіндігі бар электромобильдер мен гибридті автомобильдерге қолданылады.

7.23 "Көлік құралының түрінен басқа". Сыртқы көзден зарядтау мүмкіндігі бар электромобильдер мен гибриді автомобильдерге қолданылмайды.

7.24 "Көлік құралының экологиялық сыныбы".

7.25 "Электромобильдерді зарядтау".

7.26 "Көлік құралының түрі". Электр самокаттарға қолданылады.

7.27 "Көлік құралдары түрінен басқа". Электр самокаттарға қолданылмайды.

Тақтайшалар олар қолданылатын белгінің тікелей астында орналастырылады. 7.2.2 - 7.2.4, 7.13 тақтайшалары белгілер жүру бөлігінің, жол жиегінің немесе тротуардың үстінде орналасуы кезінде белгінің бүйіріне орналастырылады.

Уақытша жол белгілерінің (көшірілетін бағандағы) және стационарлық белгілердің мәндері бір-біріне қайшы келген жағдайда, жүргізушілер уақытша белгілерді басшылыққа алуы тиіс.

7.21 кестесі көлік құралының кешігуі мүмкін екендігі туралы ақпараттандыру және оны мамандандырылған тұраққа орналастыру үшін 3.27 - 3.30 тыйым салу белгілерімен бірге қолдануға жол беріледі.

7.24 кестесі экологиялық сыныбы кестелікте көрсетілгеннен төмен немесе экологиялық сыныбы осы көлік құралдарына арналған тіркеу құжаттарында көрсетілмеген көлік құралдарына белгінің қолданысын тарату үшін 3.2-3.6, 4.1.1- 4.1.6, 3.18.1, 3.18.2 белгілерімен қолданылады. Экологиялық сыныбы кестелікте көрсетілгенге сәйкес не жоғары немесе экологиялық сыныбы осы көлік құралдарының тіркеу құжаттарында көрсетілмеген көлік құралдарына белгінің қолданысын тарату үшін 5.15 белгілерімен қолданылады.

## **2-сурет. ЖОЛ БЕЛГІЛЕРІ**

### **1. ЕСКЕРТУ БЕЛГІЛЕРІ**




1.1 Шлагбаумы бар темір жол өтпесі



1.2 Шлагбаумы жоқ темір жол өтпесі



1.3.1 Біржолды теміржол



1.3.2 Көпжолды теміржол



1.4.1



1.4.2



1.4.3



1.4.4



1.4.5



1.4.6

Теміржол өтпесіне жақындау



1.5 Трамвай желімен кесіп өту



1.6 Бірдей мағыналы жолды кесіп өту



1.7 Айналысты қозғалыспен кесіп өту



1.8 Бағдаршаммен реттеу



1.9 Айырылаын көпір



1.10 Жағалауға шығу



1.11.1



1.11.2

Қауіпті бұрылыс



1.12.1



1.12.2

Қауіпті бұрылыстар



1.13 Тік еңіс



1.14 Тік өрлеу



1.15  
Тайғақ жол



1.16  
Тегіс емес жол



1.16.1  
Жасанды ойлы-қырлылық



1.17  
Гравия шығару



1.18.1



1.18.2

Жолдың тарылуы



1.18.3



1.19

Екіжақты қозғалыс



1.20

Жаяу жүргінші өтпесі



1.21

Балалар



1.22

Велосипед жолымен қылыс



1.23

Жол жұмыстары



1.24

Мал айдау



1.25

Жабайы хайуанаттар



1.26

Тас түсу



1.27

Бүйірден соғатын жел



1.28 Төмен ұшатын ұшақтар



1.29  
Тоннель



1.30  
Басқа қауіптіліктер



1.31.1



1.31.2  
Бұрылыс бағыты



1.31.3





1.31.4

Бұрылыс бағыты



1.31.5



1.32.1



1.32.2

Кедергіні айналып өту



1.32.3



1.33

Қауіпті жол бойы



1.34

Кентеліс

## 2 Басымдылық белгілері



2.1

Басты жол



2.2

Басты жолдың соңы



2.3.1

Екінші дәрежелі жолмен қиылысу



2.3.2



2.3.3



2.3.4



2.3.5

Екі деңгейлі жолдың түйісуі



2.3.6

Екі деңгейлі жолдың түйісуі  
тыйым салынды



2.3.7




2.4

Жол бөріңдер



2.5

Токтаусыз қозғалысқа



2.6  
Қарама-қарсы қозғалыстың  
басымдылық



2.7  
Қарама-қарсы қозғалыс  
аддыдағы басымдылық

### 3 Тыйым салу белгілері



3.1  
Кіруге тыйым  
салынады



3.2  
Қозғалысқа тыйым  
салынады



3.3  
Механикалық көлік  
құралдарының қозғалысына  
тыйым салынады



3.4  
Жүк автомобильдерінің  
қозғалысына тыйым  
салынады



3.5  
Мотоциклдердің  
қозғалысына тыйым  
салынады



3.6  
Трамкторлардың қозғалысына  
тыйым салынады



3.7  
Тіркемелі көлік құралдарының  
қозғалысына тыйым салынады



3.8  
Көлік-арба қозғалысына  
тыйым салынады

--	--	--



3.9

Велосипедпен қозғалысқа  
тыйым салынады



3.9.1

Электр  
самокаттардың  
жүруіне тыйым  
салынады



3.10

Жаяу жүргіншілердің  
қозғалысына тыйым салынады



3.1

Массаны



3.13  
Биіктігі шектеу



3.14  
Енін шектеу



3.15  
Ұзындығын шектеу



3.16  
Ең төменгі аралықты шектеу



3.17.1  
Кеден



3.17.2  
Қауіптілік



3.17.3  
Бақылау



3.18.1  
Оңға бұрылуға тыйым салынады



3.18.2  
Солға бұрылуға тыйым салынады



3.19  
Кері бұрылуға тыйым салынады



3.20  
Басып озуга тыйым салынады



3.21  
Басып озуга тыйым салатын аймақтың аяқталуы



3.22  
Жүк автомобильдеріне басып озуга тыйым салынады



3.23  
Жүк автомобильдерінің басып озуга тыйым салу аймағының аяқталуы



3.24  
Ең жоғары жылдамдықты шектеу



3.25  
Ең жоғары жылдамдықты шектеу аймағының аяқталуы



3.26  
Дыбыстық сигнал беруге тыйым салынады



3.27  
Аялдауға тыйым салынады




3.28  
Тұруға тыйым салынады



3.29  
Айтың тақ күндері тұруға тыйым салынады



3.30  
Айдың жұп күндері тұруға тыйым салынады



3.31  
Барлық шектеу аймақтарының аяқталуы



3.32

Көлік құралдарының қауіпті жүкпен қозғалуына тыйым салынады



3.33

Көлік құралдарының жарылғыш және оңай тұтанатын жүктермен қозғалуына тыйым салынады

#### 4 Ұйғарым берілетін белгілер



4.1.1

Тікес қозғалыс



4.1.2

Оңға қозғалыс



4.1.3

Солға қозғалыс



4.1.4

Тікес немесе солға қозғалыс



4.1.5

Тікес немесе солға қозғалыс



4.1.6

Оңға және солға қозғалыс



4.2.1

Кедергіні оң жағынан айналып өту



4.2.2

Кедергіні сол жағынан айналып өту



4.2.3

Кедергіні оң немесе сол жағынан айналып өту



4.3

Айналма қозғалыс



4.4

Жеңіл автомобильдер қозғалысы



4.5

Велосипедтік жол және велосипедтік жол қозғалысы



4.5.1

Велосипедтік жол соңы немесе велосипедтік жол қозғалысы



4.5.4

Қозғалысы бөлінген жаяу жүргінші және велосипед жолы



4.5.5

Қозғалысы бөлінген жаяу жүргінші және велосипед жолы



4.5.6

Қозғалысы бөлінген жаяу жүргінші және велосипед жолының соңы



4.5.7

Қозғалысы бөлінген жаяу жүргінші және велосипед жолының соңы



4.6

Жаяу жүргіншілер жолы




4.7

Ең төменгі жылдамдықты шектеу



4.8

Ең төменгі жылдамдықты шектеу аймағының аяқталуы




4.9.1



4.9.2

Қауіпті жүгі бар көлік қозғалысының бағыты



4.9.3

### 5 Ақпараттық –сілтеме белгілері



5.1

Автоарна



5.2

Автоарнаның аяқталуы



5.3

Автомобильдерге арналған жол



5.4

Автомобильдерге арналған жолдың аяқталуы



5.5

Біржақты қозғалыстағы жол



5.6

Біржақты қозғалыстағы жолдың аяқталуы



5.7.1



5.7.2

Жолға біржақты қозғалыспен шығу



5.8.1 Қозғалыстың жол жолақтары бойынша бағыты



5.8.2

Қозғалыстың жол жолақтары бойынша бағыттары

5.8.2a



5.8.3

Жол жолағының басталуы

5.8.3a

Қозғалыстың әртүрлі жолақтарындағы міндетті ең аз жылдамдық

5.8.4

Жол жолағының басталуы

5.8.4a



5.8.5

Жол жолағының аяқталуы



5.8.6



5.8.6a



5.8.6б



5.8.6в

Параллельді жолға қатар ауыстыру




5.8.6г



5.8.6д

Параллель жүріс бөлігінің соңы




5.8.7

Қозғалыстың жол жолағы бойынша бағыттары




5.8.8

Қозғалыстың жол жолағы бойынша бағыттары



5.8.8a

Қозғалыстың жол жолағы бойынша бағыттары



5.8.9

Қозғалыстың әртүрлі жолақтарында әрекет ететін жылдамдықты шектеу



Бағдарлық көлік құралының жолақтары




5.9.1

Бағдарлық көлік құралының жолақ шеттері



5.9.2



5.9.3



5.9.4

Параллель жүріс бөлігінің соңы



5.10.1

Бағдарлық көлік құралының жолақты жолдары



5.10.2

Бағдарлық көлік құралының жолақ жолдары



5.10.3





5.10.4

Бағдарлық көлік құралының жолақты жолдары шеті



5.10.5

Велосипедистке арналған жолақты жолдар



5.10.7

Велосипедистке арналған жолақты жолдарының шеті



5.10.8

Велосипедистке арналған жолақты жолдарға шығу



5.10.9



5.11.1

Бұрылу орны



5.11.2

Бұрылуға арналған орын



5.12

Место остановки Автобус немесе троллейбустің тоқтайтын жері



5.13

Трамвайдың тоқтайтын орны



5.14

Жеңіл таксидің тоқтайтын орны



5.15

Тоқтау орны



5.16.3

Жаю жүргінші өтпе



5.16.2

Диагональды жаю жүргіншілер өткелі



5.16.2

Жерасты жаю жүргінші өтпе



5.17.2

Жерасты жаю жүргінші өтпе



5.17.3

Жерүсті жаю жүргінші өтпе



5.17.4

Жерүсті жаю жүргінші өтпе



5.18.1

Ұсынылатын жылдамдық



5.18.2 «Ұсынылатын жылдамдық» белгісінің әрекет ету шеті

«Ұсынылатын жылдамдық» белгісінің әрекет ету шеті



5.19.1



5.19.2  
Тұйық



5.19.3



5.20.1\*



5.20.1\*

Бағыттардық алдын ала көрсеткіші



5.20.1\*



5.20.1\*

Бағыттардық алдын ала көрсеткіші



5.20.2\*

Бағыттардық алдын ала көрсеткіші



5.20.2\*



5.20.3  
Қозғалыс схемасы



5.21.1\*




5.21.1\*



Бағыт көрсеткіші



5.21.2\*  
Бағыт көрсеткіші



5.22\*



5.23\*



5.22a  
Елдімекеннің басталуы




5.23a  
Елдімекеннің аяқталуы



5.24\*  
Елдімекеннің басталуы




5.25\*  
Елдімекеннің аяқталуы



5.26\*  
Объектінің атауы




5.27\*  
Арақашықтық көрсеткіші




5.28  
Километрлік белгі



5.29.1  
Маршруттың нөмірі



5.29.2  
Маршруттың нөмірі



5.30.1



5.30.2



5.30.3

Жүк автомобильдеріне арналған қозғалыстың бағыты



5.30.4




5.30.5

Жүк автомобильдері үшін жүру бағыты



5.31\*  
Айналып өту схемасы



5.32.1



5.32.2

Айналып өту бағыты



5.32.3

Айналып өту бағыты



5.33

Тоқта-сызығы



5.34.1

Басқа өтетін бөлікке түсудің алдын ала көрсеткіші



5.34.2



5.35

Реверсивті қозғалыс



5.36

Реверсивті қозғалыстың аяқталуы



5.37

Реверсивті қозғалыс жолға шығу



5.38

Тұрғын аймақ



5.39

Тұрғын аймақтың аяқталуы



5.40 ең жоғары жылдамдықты жалпы шектеу



5.41

Апаттық тоқтауға арналған алаң



5.42

Фото-бейне тіркеу



5.43

Жасаңды ойлық-қырлылық



5.44

Тұруды шектеу аймағы



5.45  
Тұруды шектеу  
аймағының аяқталуы



5.46  
Ең жоғарғы  
жылдамдығы  
шектелген аймақ



5.47  
Ең жоғары  
жылдамдығы  
шектелген аймақтың  
аяқталуы



5.48  
Жаңу жүргін аймағы



5.49  
Жаңу жүргін  
аймағының аяқталуы



5.50  
Механикалық көлік  
құралдарының  
экологиялық сыныбы  
шектелген аймақ



5.51  
Механикалық көлік  
құралдарының  
экологиялық сыныбы  
шектелген аймақтың  
аяқталуы

## 6 Сервис белгілері



6.1  
Алғашқы медициналық көмек пункті



6.2  
Аурухана



6.3  
Авто май құю станциясы



6.3a  
Мұнай газы азайтылған авто май құю станциясы



6.3b  
Сығылған табиғи газ Авто май құю станциясы



6.4  
Автомобильдерге техникалық қызмет көрсету



6.5  
Автомобильдерді жуу



6.6  
Телефон



6.7  
Тамақтану пункті



6.8  
Ауыз су



6.9  
Қонақ үй немесе мотель



6.10  
Кемпинг



6.11  
Демалыс орны



6.12  
Жол полициясы бекеті



6.13  
Көлік бақылау бекеті



6.14  
Полиция



6.15  
Жол қозғалысы туралы ақпарат беретін радиостанциясының қабылдау аймағы



6.16  
Апаттық қызметі бар радиобайланыс аймағы



6.17  
Бассейн немесе жағажай



6.18  
Дәретхана




**6.19**  
Электромобильдерди  
зарядтау мүмкіндігі  
бар авто май қуя  
станциясы



**6.20**  
Экологиялық  
бақылау

7 Қосымша ақпарат белгілері (кестелер)




7.1.2  
Объектіге дейінгі арақашықтық



7.2.3  
Қолданылу белдеуі



7.3.2  
Қолданылу бағыттары



7.4.8a  
Маршруттық көлік құралдарының түрі

7.4.8b  
Туристтік автобус

Көлік құралдарының түрі



7.4.13  
Көлік құралдары түрінен басқа




7.5.1  
Сейбі, жексенбі және мереке күндері

7.5.2  
Жұмыс күндері

7.5.3  
Апта күндері







7.5.4



7.5.5



7.5.6



7.5.7

Қолданылу уақыты



7.6.1



7.6.2



7.6.3



7.6.4



7.6.5



7.6.6



7.6.7



7.6.8



7.6.9



7.6.10



7.6.11



7.6.12



7.6.13



7.6.14



7.6.15



7.6.16



7.6.17



7.6.18

Тұраққа көлік құралын қою тәсілі



7.7

Жұмыс істемейтін қозғалтқышы барларға арналған тұрақ



7.8

Ақылы қызмет көрсетулер



7.9

Тұраққа қоюдың уақыт ұзақтығын шектеу



7.10

Автомобильдерді қарауға арналған орын



7.11

Рұқсат етілген барынша массаны шектеу



7.13

Басты жолдың бағыты



7.14

Қозғалыс жол жолағы



7.15

Зағип жаңу жүргінішілер



7.16

Ылағалды жабын



7.17

Мүгедектігі бар адамдар



7.18

Мүгедектігі бар адамдардан басқа



7.19

Қауіпті жүк классы



7.21.1

Маршруттық көлік құралының түрі



7.21  
Эвакуатор жұмыс істейді



7.22  
Көлік құралының түрі



7.23  
Көлік құралының түрінен басқа



7.24  
Көлік құралының экологиялық сыныбы



7.25  
Электромобильдерді зарядтау



7.26  
Көлік құралының түрі



7.27  
Көлік құралдары түрінен басқа

Жол жүрісі қағидаларына  
2-қосымша

## Жол таңбасы және оның сипаттамалары

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 17.04.2024 № 330 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Көлденең таңба

Жол таңбасын қолдану қағидалары мен оған қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2019 жылғы 27 қыркүйектегі № 362-НҚ бұйрығымен бекітілген "Жол жүрісін ұйымдастырудың техникалық құралдары. Жол белгілері. Жіктеу. Техникалық шарттар" 1124 Қазақстан Республикасының Ұлттық стандартымен (бұдан әрі - 1124 ҚР СТ) және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2017 жылғы 10 қазандағы № 274-НҚ бұйрығымен бекітілген "Жол жүрісін реттеудің техникалық құралдары. Қолдану қағидалары" 1412 Қазақстан Республикасының Ұлттық стандартымен (бұдан әрі - 1412 ҚР СТ) регламенттеледі.

Көлденең таңба (жүру бөлігіндегі сызықтар, бағыттаушы сызықтары, жазулар және басқа белгілеулер) жүрістің белгілі режимдері мен тәртібін белгілейді.

Көлденең таңбалар ақ және сары түсті болады. 1.4, 1.10 және 1.17 сызықтар тек сары түсті.

Көлденең таңба:

1.1 - қарама-қарсы бағыттағы көліктердің ағынын бөліп тұрады және жолдарда қауіпті жерлердегі жүру жолағының шекарасын белгілейді; кіруге тыйым салынған жүру бөлігінің шекарасын белгілейді; көлік құралдарының тұрақ орындарының шекарасын және автомагистральдарға жатқызылмаған жолдардың жүру бөлігінің шетін белгілейді (таңбалардың нөмірленуі 1124 ҚР СТ-ға сәйкес келеді. Жол таңбасының атауы мен суреттері 3-суретте келтірілген);

1.2 (жалпақ тұтас сызық) - автомагистральдардағы жүру бөлігінің шетін білдіреді;

1.3 - төрт және одан да көп жүру жолақтары бар жолдарда қарама-қарсы бағыттардың көлік ағындарын бөледі;

1.4 - тоқтауға тыйым салынған орындарды білдіреді. Дербес немесе 3.27. белгісімен қолданылады және жүру бөлігінің шетіне немесе бордюрдің жоғары жағынан қойылады;

1.5 - екі немесе үш жолағы бар жолдарда қарама-қарсы бағыттардағы көлік ағынын бөліп тұрады; бір бағытта жүруге арналған екі немесе одан көп жолақтар болған кезде жүру жолақтарының шекарасын білдіреді;

1.6 (жақындау сызығы - штрихтарының ұзындығы олардың арасындағы аралықтан 3 есе артық үзік сызық) қарама-қарсы немесе жол-жөнекей бағыттардағы көлік ағынын бөлетін 1.1. немесе 1.11. таңбасына жақындау туралы ескертеді;

1.7 (штрихтары қысқа және аралықтары оларға тең үзік сызық) - жол қиылысы шегіндегі жүру жолақтарының шекарасын білдіреді;

1.8 (жалпақ үзік сызық) - екпінді жүру немесе тоқтау жолағы мен жүру бөлігінің негізгі жолағы арасындағы шекараны білдіреді (көше қиылыстарында, әртүрлі деңгейдегі жолдардың қиылысында, автобус аялдамаларының аймағында және осы сияқтыларда);

1.9 - реверстік реттеу жүзеге асырылатын жүру жолақтарының шекараларын білдіреді; реверстік реттеу жүзеге асырылатын жолдарда қарама-қарсы бағыттардың көлік лектерін бөледі (реверстік бағдаршамдар сөніп тұрғанда);

1.10 - тоқтап тұруға тыйым салынған жерлерді білдіреді. Дербес немесе 3.28 - 3.30. белгілерімен қоса қолданылады және жүру бөлігінің шетіне немесе бордюрдің жоғары жағына қойылады;

1.11 - бір жолақтан ғана орын ауыстыруға рұқсат етілген жолдардың учаскелерінде қарама-қарсы немесе жол-жөнекей бағыттағы көлік ағындарын бөледі; бір бағытта ғана жүруге рұқсат етілген тұрақ алаңдарынан және осындай жерлерде кері бұрылуға, кіруге және шығуға арналған жерлерді көрсетеді;

1.12 (тоқтау-сызығы) - жүргізуші 2.5. белгісі немесе бағдаршамның (реттеушінің) тыйым салатын сигналы кезінде тоқтайтын орынды көрсетеді;

1.13 - жүргізуші қажет болғанда қиылысатын жолдың бойымен жүріп келе жатқан көлік құралдарына жол бере отырып, тоқтайтын орынды көрсетеді;

1.14.1, 1.14.2 ("зебра" (ала) - реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелін білдіреді;

1.14.2 таңбасының бағыттаушылары жаяу жүргіншілердің жүру бағытын көрсетеді;  
1.14.3 - жүріс бағдаршаммен реттелетін жаяу жүргіншілер өткелін білдіреді;  
1.15 - велосипед жолы жүру бөлігімен қиылысатын жерді білдіреді;  
1.16.1 - 1.16.3 - орындарда бағыттайтын аралдарды білдіреді:  
1.16.1 - қарама-қарсы бағыттағы көлік ағындарын бөлу;  
1.16.2 - бір бағыттағы көлік ағындарын бөлу, 1.16.3 - көлік ағындарының араласуы;  
1.17 - маршруттық көлік құралдарының аялдамаларын және такси тұрақтарын білдіреді;

1.18 - жол қиылысында жолақтар бойынша рұқсат етілген жүру бағыттарын көрсетеді. Дербес немесе 5.8.1., 5.8.2. белгілерімен қолданылады; тұйықтың суреті бар таңба жақын маңдағы жүру бөлігіне бұрылуға тыйым салынатынын көрсету үшін қойылады; сол жақтағы шеткі жолақтан солға бұрылуға рұқсат ететін таңба кері бұрылуға да рұқсат етеді;

1.19 - жүру бөлігінің тарылуына (осы бағытта жүру жолақтарының саны азаятын учаскеге немесе қарама-қарсы бағыттағы көлік ағындарын бөліп тұратын 1.1 немесе 1.11 таңбасының сызықтарына жақындағаны туралы ескертеді. Бірінші жағдайда 1.19 таңбасы 1.18.1 - 1.18.3 белгілерімен қоса қолданылуы мүмкін;

1.20 - 1.13 таңбасына жақындағаны туралы ескертеді;

1.21 - ("ТОҚТА" деген жазу) - 2.5 белгісімен қоса қолданылатын кездегі 1.12. таңбасына жақындағаны туралы ескертеді;

1.22 - жолдың (маршруттың) нөмірін көрсетеді;

1.23-маршруттық көлік құралдарына, басқа да қоғамдық көлікке және бұдан басқа М3 санатындығы көлік құралдарының арналған арнайы жолақты көрсетеді.

1.28 (сары түсті таңба) – жол қиылысының учаскесін айқындайды.

1.1 - 1.3 сызықтарын кесіп өтуге тыйым салынады.

1.1 және 1.2 сызықтарын көлік құралының жол жиегіне тоқтауы үшін, ал 1.1. сызығын ерекшелік ретінде, егер оны бұл ерекшелікті қолданбай орындау мүмкін болмаса, кедергіні айналып өту кезінде кесіп өтуге жол беріледі.

1.4 сызығы маршруттық көлік құралдарына қолданылмайды.

1.5.- 1.8 сызықтарын кез келген жағынан кесіп өтуге рұқсат етіледі.

1.9 сызығын реверстік бағдаршамдар жоқ болғанда немесе олар сөніп тұрғанда, егер ол жүргізушінің оң жағында орналасса кесіп өтуге рұқсат етіледі; реверстік бағдаршамдар қосулы кезде - егер ол жүру бір бағытта рұқсат етілген жолақтарды бөліп тұрса, кез келген жағынан кесіп өтуге рұқсат етіледі. Реверстік бағдаршамдар сөніп тұрса, жүргізуші дереу 1.9 таңбасының сызығынан оңға орын ауыстырады.

Қарама-қарсы бағыттардың көлік ағындарын бөлетін 1.9 сызығын реверстік бағдаршамдар сөніп тұрған кезде кесіп өтуге тыйым салынады.

1.10 бірінші және екінші топтағы, сондай-ақ тірек-қимыл аппараты бұзылған үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдар басқаратын немесе осындай мүгедектігі бар

адамдарды тасымалдайтын көлік құралдарына және таксометр қосылған таксиге қолданылмайды.

1.11 сызығын үзік сызық жағынан, сондай-ақ басып озу немесе айналып өту аяқталғаннан кейін ғана тұтас жағынан кесіп өтуге рұқсат етіледі.

Жол белгілерінің, оның ішінде уақытша белгілердің және көлденең таңба сызықтарының мәндері бір-біріне қайшы келетін немесе таңба сызықтары жеткілікті түрде ерекшеленбейтін жағдайларда жүргізушілер жол белгілерін басшылыққа алуы тиіс.

## **2-тарау. Тік таңба**

Жол құрылыстарындағы және жол жабдықтары элементтеріндегі қара және ақ түсті жолақтың араласуы түріндегі тігінен таңба олардың габариттерін көрсетеді және көріп бағдарлау құралы болып табылады.

Тік таңба:

2.1 - элементтер жүріп келе жатқан көлік құралдарына қауіп төндірсе, жол ғимараттары элементтерін (көпір таянышы, жол құбырлары, парапеттердің бүйір бөлігі және сол сияқтылар) білдіреді;

2.2 - тоннельдердің, көпір және жолқұбырлары өту құрылымының төменгі шетін білдіреді;

2.3 - бөлу жолақтарында немесе қауіпсіздік аралдарында орнатылған дөңгелек тумбаны білдіреді;

2.4 - бағыттаушы бағаналарды, бағаншаларды, қоршау таяныштарын және сол сияқтыларды білдіреді;


2.5 - шағын радиустың айналыстарындағы, тік құлама жарлардағы, басқа да қауіпті учаскелердегі жол қоршауларының бүйір жағын білдіреді;



2.6 - басқа учаскелердегі жол қоршауларының бүйір жағын білдіреді;

2.7 - қауіпті учаскелер мен биіктегі қауіпсіздік аралдарының бордюрлерін білдіреді.


## **3-сурет. ЖОЛ ТАҢБАСЫ**

### **КӨЛДЕНЕҢ ТАҢБА**





**ТІГІНЕН ТАҢБА**



Жол жүрісі қағидаларына  
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 17.04.2024 № 330 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-сурет. БАҒДАРШАМНЫҢ ЖӘНЕ РЕТТЕУШНІҢ СИГНАЛДАРЫ. КӨЛК  
БАҒДАРШАМДАРЫ**






Сигналдардың көлденең орналасуы

Сигналдардың тігінен орналасуы




Реверстік



Қосымша секциясымен




Көрсетілген бағыттарда жүрісті реттеу үшін



Теміржол өпелері арқылы жүрісті реттеу үшін



Реттелмейтін жол қиылыстары мен жаяу жүргінші өткелдерін реттеу үшін



Трамвайлардың және басқа маршруттық көлік құралдарының жүрісін реттеу



Кәсіпорындар мен ұйымдардың аумағында және жүру бөлігінің тарылуы жерлерінде жүрісті реттеу үшін



Жаяу жүргінші бағдаршамдары



Велосипедшілердің жүрісін реттеу үшін



Жүруді реттеуге арналған таяқша



Қызыл жарық шағылыстырғышы бар диск



Қарсы бағыттағы көлік  
құралдарына тыйым  
салатын қызыл сигнал  
қосылғаны туралы  
хабарлау үшін

#### Реттеушінің негізгі сигналдары



Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі  
2023 жылғы 30 маусымдағы  
№ 534 бұйрығымен  
бекітілген

### Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелер

1. Жол жүрісі қауіпсіздігіне және қоршаған ортаны қорғауға қатысты бөлікте жол жүрісіне қатысушы көлік құралдарының техникалық жай-күйі мен жабдығы оларды техникалық пайдалану жөніндегі тиісті техникалық регламенттердің, стандарттардың, қағидалар мен нұсқаулардың талаптарына сай келуге тиіс.

2. Механикалық көлік құралдары мен тіркемелер "Транзит" тіркеу белгісінің қолданылу мерзімі ішінде не сатып алған немесе кедендік декларацияланған сәттен бастап он тәуліктен кешіктірілмей ішкі істер органдарында тіркелуі тиіс.

3. Механикалық көлік құралдарында (трамвайлар мен троллейбустардан басқа) және тіркемелерде көзделген орындарда мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілер.

Тіркеу белгілерінің цифрлары мен әріптері жүк автомобильдерінің, тіркемелердің ( жеңіл автомобильдер мен мотоциклдердің тіркемелерінен басқа) және автобустардың шанақтарының артқы жақтауында қайталануы тиіс. Цифрлардың биіктігі - кемінде үш жүз миллиметр, ені кемінде бір жүз жиырма миллиметр, штрихтың қалыңдығы - отыз миллиметр, әріптердің мөлшері - сандардың мөлшерінің 2/3.

Трамвайлар мен троллейбустарға тиісті ведомстволар беретін тіркеу нөмірлері жазылады.

4. Көлік құралдарын пайдалануға тыйым салатын ақаулар орын алып, жол-көлік оқиғасы болған жағдайда, көлік құралы міндетті техникалық қарап тексеруден қайталап өтеді.

Көлік құралдарын пайдалануға тыйым салатын ақаулар орын алып, жол-көлік оқиғасы болған жағдайда ішкі істер органдарының оған уәкілетті лауазымды адамдары көлік құралын міндетті техникалық қарап тексеруден қайталап өтуге жібереді.

Механикалық көлік құралының міндетті техникалық қарап тексеруден өтуі фактісі механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесіндегі мәліметтерді сұрату арқылы жүзеге асырылады.

5. Жолаушыларды тасымалдау үшін пайдаланылатын борттық платформасы бар жүк автомобилі еденінен отыз - елу сантиметр және борттың жоғарғы жиегінен кемінде отыз сантиметр биіктікте бекітілген орындықтармен жабдықталады, ал балаларды тасымалдау кезінде, сонымен қатар борттың биіктігі еденнің деңгейінен кемінде сексен сантиметр болады.

Артқы немесе қапталдағы борттардың бойында орналастырылған орындықтардың берік арқалықтары болады.

6. Жүргізуге оқыту үшін пайдаланылатын және оқу ұйымына тиесілі механикалық көлік құралы қосымша ажыратуыш жетегі және тежеуіш педальдарымен, "Оқу көлік құралы" таным белгісімен жабдықталуы тиіс, осындай көлік құралдарының бүйір және артқы жақтарына мемлекеттік тілде "Оқу көлік құралы" деген жазу жазылады.

7. Велосипедте ақаусыз тежеуіш, руль және дыбыстық белгі болуы тиіс, алдынан жарық шағылыстырғышпен және фонарьмен немесе ақ түсті фарамен (тәуліктің қараңғы уақытында және көрінуі жеткіліксіз жағдайларда жүру үшін), артынан - жарықты қайтарушымен немесе қызыл түсті фонарьмен, ал әрбір бүйір жағынан - қызғылт сары немесе қызыл түсті жарық шағылыстырғышпен жабдықталады.

8. Көлік-арбада конструкциясында көзделген ақаусыз тұрақ тежеуіш құрылғысы мен сырғанап кетуге қарсы тіреуіш болуы, алдынан екі жарық шағылыстырғышпен немесе ақ түсті фонарьмен (тәуліктің қараңғы уақытында және көрінуі жеткіліксіз жағдайларда жүру үшін), артынан - екі жарық шағылыстырғышпен немесе қызыл түсті фонарьмен жабдықталуы тиіс.

9. Көлік құралдарында таным белгілері орнатылады:

Таным белгілерінің атаулары мен суреттері 4-суретте келтірілген.

"Автопойыз" - аралары бір жүз елуден үш жүз миллиметрге дейін аралықта кабинаның төбесінде көлденең орналасқан қызғылт сары түсті үш фонарь түрінде - тіркемесі бар жүк автомобильдері мен дөңгелекті тракторларға (1, 4 сыныбы және одан жоғары) арналған, сондай-ақ біріктірілген автобустар мен троллейбустарға арналған. Автопойызда ішкі жарықтандыру үшін құрылғысы бар сары түсті тең жақты үшбұрыш түріндегі (жақтары - екі жүз елу миллиметр) таным белгілерін қолдануға жол беріледі;

жүргізушінің қалауы бойынша "Бұдырлар" – қызыл түсті жиегі бар, ұшы жоғары қараған, ішіне қара түсті "Ш" әрпі жазылған ақ түсті жақтары тең үшбұрыш (үшбұрыштың жақтары кемінде екі жүз миллиметр, жиектің ені – жақтың 10/1) түрінде бұдырланған шиналары бар механикалық көлік құралдарының артында;

"Балаларды тасымалдау" - қызыл түсті жиегі бар, 1.21. жол белгісінің символы қара бояумен салынған сары түсті квадрат (жақтары кемінде екі жүз миллиметр, жиектің ені - жақтың 10/1) түрінде - балалар топтарын тасымалдау кезінде автобустардың немесе жүк автомобильдерінің алдынан және артынан;

"Есту қабілетінен толық айырылған жүргізуші" – ішіне ұшы төменге қаратылған ойдағы тең қабырғалы үшбұрыштың бұрыштарында орналасқан диаметрі қырық миллиметр үш қара шеңбер жүргізілген жүз алпыс миллиметр диаметрлі сары шеңбер түрінде – сөйлеу және есту қабілетінен толық айырылған немесе есту қабілетінен толық айырылған жүргізушілер басқаратын механикалық көлік құралдарының алдынан және артынан;

"Оқу көлік құралы" - ішіне онда қара түсті "У" әрпі жазылған, қызыл түсті жиегі бар, ұшы жоғары қаратылған ақ түсті тең жақты үшбұрыш (жақтары - кемінде екі жүз миллиметр, жиегінің ені жақтың 1/10) түрінде - жүргізуге оқыту үшін пайдаланылатын механикалық көлік құралдарының алдынан және артынан (жеңіл автомобильдің төбесіне екіжақты белгі орнатуға жол беріледі);

"Жылдамдықты шектеу" - рұқсат етілген жылдамдық көрсетіліп, 3.24 жол белгісінің кішірейтілген түрлі түсті суреті (белгінің диаметрі - кемінде жүз алпыс миллиметр, жиегінің ені - диаметрдің 10/1) түрінде - ауыр салмақты және ірі габаритті жүктерді таситын механикалық көлік құралдарында шанақтың артқы сол жағына, сондай-ақ техникалық сипаттамасы бойынша көлік құралының ең жоғары жылдамдығы Қағидалардың 10.3-тармағында айқындалғаннан төмен жағдайларда.

#### **4-сурет. ТАНЫМ ЖӘНЕ ӨЗГЕ БЕЛГІЛЕР**



Автопоезд айырым белгілері



Тиектер



Оқу көлік құралы



Саңырау жүргізуші




Балаларды тасымалдау



Мүгедектігі бар адам



Дәрігер



Қауіпті жүк



Жылдамдықты шектеу




Ірі көлемді жүк



Қазақстан Республикасының көлік құралының айырым белгісі



Ұзын өлшемді көлік құралы



Электромобиль



Газбалон құрылғылармен жабдықталған көлік құралдары

"Қауіпті жүк" - келетін жарық қайтарғыш беті бар, көлемі 300x400 мм мөлшеріндегі оң бөлігі қызғылт сары, қара түсті жиегі (ені - он бес миллиметр) және жүктің қауіпті белгілерін сипаттайтын таңбалары тікбұрыш түрінде - осындай жүктерді тасымалдайтын көлік құралдарының алдынан және артынан;

"Ірі көлемді жүк" - жарықты қайтарғыш беті бар ені елу миллиметр кезектесіп келетін қызыл және ақ жолақтар қиғашынан салынған көлемі 400x400 мм қалқанша түрінде - ірі көлемді жүктің алдынан, артынан және бүйірінен;

"Ұзын өлшемді көлік құралы" - көлемі кемінде 1200x200 мм, жарық шағылыстыратын беті, қызыл түсті жиегі (ені - қырық миллиметр) бар сары түсті тікбұрыш түрінде - ұзындығы (бір тіркемені қоса алғанда) жүкпен немесе жүксіз жиырма метрден астам көлік құралының және екі және одан да көп тіркемелері бар автопоездардың артына. Аталған көлемдегі белгіні орналастыру мүмкін болмаған кезде көлік құралының осіне симметриялы, көлемі кемінде 600x200 мм екі бірдей белгіні орнатуға жол беріледі;

"Мүгедектігі бар адам" - қабырғасы бір жүз елу миллиметр сары түсті шаршы түрінде және қара түсті 7.17 жол белгісінің рәмізі бейнеленген - бірінші және екінші топтағы, сондай-ақ тірек-қимыл аппараты бұзылған үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдар басқаратын немесе осындай мүгедектігі бар адамдарды;

"Электромобиль" – қабырғасы бір жүз елу миллиметр жасыл түсті шаршы түрінде және қара түсті 7.22 жол белгісінің рәмізі бейнеленген – электромобильдердің алдынан және артынан.

"Газбалон құрылғылармен жабдықталған көлік құралдары" - ішіне қара түсті леп белгісі және "GAZ" сөзі жазылған, қара түсті жиегі бар, ұшы жоғары қаратылған сары түсті тең жақты үшбұрыш (жақтары - кемінде жүз елу миллиметр, жиегінің ені жақтың 1/10) түрінде - газбалон құрылғылары бар маханикалық көлік құралдарының артынан;

Жүргізушінің қалауы бойынша "Дәрігер" таным белгісі орнатылуы мүмкін - ішіне қызыл крест салынған (биіктігі - тоқсан миллиметр, штрихтің ені - жиырма бес миллиметр) ақ шеңбері (диаметрі - бір жүз жиырма бес миллиметр) салынған көк түсті төртбұрыш (жақтары - бір жүз қырық миллиметр) түрінде - дәрігер-жүргізуші басқаратын автомобильдің алдынан және артынан.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 17.04.2024 № 330 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.09.2024 № 725 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

10. Авариялық тоқтау белгісі. Қазақстан Республикасы Жол жүру қағидаларының 7-тарауы талаптарына сәйкес қолданылатын фонарьдан сәулеленетін жанып-сөнетін қызыл түс күндіз ашық ауа райында және көрінуі жеткіліксіз жағдайларда жақсы байқалуы тиіс.

11. Қазақстан Республикасы көлік құралының "KZ" айырым белгісі мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісінен бөлек орнатылған жағдайда, ол мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс: әріптердің биіктігі кем дегенде сексен миллиметр болуы және ені кем дегенде он миллиметр штрихтармен белгіленуі тиіс. Әріптер бас осі көлденең эллипс нысанындағы ақ фонда қара болуы тиіс. Ақ фон жарық қайтаратын материалдан болуы

мүмкін. Белгі жеңіл автомобильдердің, микроавтобустар мен автобустардың артқы әйнегінің жоғарғы оң жақ бұрышқа, ал қалған көлік үшін - артқы панельдің оң жақ бөлігінің ортасына жабыстырылады немесе орнатылады.

12. Механикалық көлік құралдарын сүйреу кезіндегі икемді байланыстыру буындарды белгілеу үшін ескерту құрылғылар жарық қайтаратын беті бар, екі жақтан ені елу миллиметр кезектесіп келетін қызыл және ақ жолақтар қиғашынан салынған көлемі 200x200 мм жалаушалар немесе қалқаншалар түрінде орындалуы тиіс.

Икемді байланыстырушы буынға кемінде екі ескерту құрылғысы орнатылуы тиіс.

13. Қатты сүйрету құрылғысының конструкциясы болуы тиіс.

14. Мынадай:

1) жол жүрісі қауіпсіздігіне және қоршаған ортаға қатер төндіретін техникалық ақаулар мен жағдайлар болған, көлік құралдары оларды техникалық пайдалану жөніндегі тиісті техникалық регламенттерге, стандарттарға, қағидалар мен нұсқауларға сәйкес келмеген, сондай-ақ оларды тиісті келісусіз қайта жабдықтаған;

2) көлік құралына орнатылған тораптар мен агрегаттардың нөмірлері көлік құралының тіркеу құжаттарындағы енгізілген деректерге сәйкес келмеген, сондай-ақ егер көлік құралына орнатылған тораптар мен агрегаттарда жасырын, қолдан жасалған және өзгертілген нөмірлер болған;

3) тіркеу құжаттары болмаған;

4) шыққан жылын қоса алғанда, шығарылғанына жеті жылдан аспаған, автомобиль көлігі саласындағы кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын М1 санатындағы көлік құралдарын қоспағанда, міндетті техникалық қарап-тексеруден өтпеген;

5) мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері болмаған немесе олар белгіленген талаптарға және тіркеу құжаттарына сәйкес келмеген;

6) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты және (немесе) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалмаған

7) егер олардың техникалық жай-күйі мен жабдықталуы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен көлік құралдарын пайдалануға тыйым салатын ақаулар мен жағдайлар тізбесінің талаптарына сай болмаған;

8) бір құрамда жүруге арналмаған тіркемелері бар автомобильдерді басқарған;

9) рельстік көлік құралдарының жол жүрісі қауіпсіздігіне қатер төндіретін техникалық ақаулары болған, сондай-ақ, егер олардың техникалық жай-күйі мен жабдықталуы көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган бекіткен Рельстік көлік құралдарын техникалық пайдалану қағидаларының талаптарына сай болмаған;

10) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалармен боялуға

жататын жедел және арнаулы қызметтердің тізбесіне кірмейтін көлік құралдары арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталған және арнайы түрлі-түсті графикалық схемалармен боялған;

11) көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері Қазақстан Республикасының жол жүрісі саласындағы заңнамасының талаптарында көзделмеген орындарға орнатылған;

12) қауіпті жүктерді тасымалдайтын көлік құралдарының алдыңғы және артқы жақтарында "Қауіпті жүк" белгісі болмаған жағдайларда көлік құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

15. Көлік құралдарының техникалық жай-күйі мен пайдаланылуына жауапты лауазымды адамдарға және өзге де тұлғаларға:

1) ақауларының болуынан пайдалануға тыйым салынған немесе тиісті рұқсатсыз қайта жабдықталған немесе белгіленген тәртіппен тіркелмеген немесе міндетті техникалық қарап тексеруден өтпеген, сол сияқты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын және (немесе) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаспаған иелердің көлік құралдарын желіге шығаруына;

2) масаң күйдегі (алкогольдік, есірткілік немесе өзге), реакциясын және назар аударуын нашарлататын дәрілік препараттардың әсеріндегі, жол жүрісі қауіпсіздігіне қатер төндіретін сырқат немесе шаршаулы күйдегі және бұл санаттағы көлік құралын басқару құқығы жоқ жүргізушілерге көлік құралдарын басқаруға рұқсат беруіне;

3) шынжыр табанды тракторлар мен өздігінен жүретін машиналарды асфальтты-және цемент-бетонды жабын жолдармен жүруге жіберуіне тыйым салынады.

Көлік құралдарын пайдалануға  
рұқсат беру жөніндегі  
негізгі ережелерге  
қосымша

## **Көлік құралдарын пайдалануға тыйым салынатын, жол жүрісі қауіпсіздігіне және қоршаған ортаға қауіп тудыратын ақаулар мен жағдайлардың ТІЗБЕСІ**

Осы тізбе автомобильдердің, автобустардың, автопойыздардың, тіркемелердің, мотоциклдердің, мопедтердің, тракторлардың, өздігінен жүретін машиналардың ақауларын және оларды пайдалануға тыйым салынатын жағдайларды бекітеді. Келтірілген параметрлерді тексеру әдістері тиісті техникалық регламенттерде, стандарттарда, қағидаларда және оларды техникалық пайдалану жөніндегі нұсқауда реттелген.

### **1-тарау. Тежеу жүйелері**



Жол сынаулары кезінде жұмыс тежеу жүйесімен тежеу тиімділігінің кестеде келтірілген нормалары сақталмайды:

Кесте

Көлік құралдары	Көлік құралының (автопоезд құрамындағы тартқыштың) санаты	Тежеу жолы, м, артық емес	Белгіленген бәсеңдету м/с, кем емес
Жолаушылар және жүк жолаушы автомобильдері	$M_{1*}$	14,7	5,8
	$M_2, M_3$	18,3	5,0
Тіркемесі бар жеңіл автомобильдер	$M_1$	14,7	5,8
Жүк автомобильдері	$N_1, N_3$	18,3	5,0
Тіркемесі бар жүк автомобильдері (жартылай тіркемесі бар)	$(N_1, N_2, N_3)$	19,5	5,0

1. Сынау тегіс, құрғақ, таза цементті немесе асфальтты-бетонды жабын жолының көлденең учаскесінде, тежеу басталғанда автомобильдер, автобустар және автопоездар үшін - сағатына 40 километр және мотоциклдер мен мопедтер үшін - сағатына 30 километр жылдамдық кезінде өткізіледі. Көлік құралдарын жұмыс тежеу жүйесін басқару органына бір рет әсер ету жолымен сынайды. Сынаулар кезінде көлік құралының массасы рұқсат етілген ең жоғары массадан аспауы тиіс.

2. Көлік құралдарының жұмыс тежеу жүйесінің тиімділігі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2004 жылғы 13 желтоқсандағы № 429 бұйрығымен бекітілген "Автокөлік құралдары. Қозғалыс қауіпсіздігі шарттары бойынша техникалық жай-күйге қойылатын талаптар. Тексеру әдістері" 51709 Қазақстан Республикасының Ұлттық стандартына (бұдан әрі - 51709 МемСТ Р ҚР СТ) сәйкес басқа көрсеткіштер бойынша да бағалануы мүмкін.

3. "\*" Осы жерде және бұдан әрі көлік құралдарының санаттары 51709 МемСТ Р ҚР СТ-ның А-қосымшасында көрсетіледі.

4. Гидравликалық тежеу жетегінің герметикалығы бұзылған.

5. Пневматикалық және пневмогидравликалық тежеу жетектері герметикалығының бұзылуы оларды толық іске қосқаннан кейін 15 минут ішінде қозғалтқыш тоқтап тұрғанда ауа қысымының 0,05 МПа (0,5 кгс/см<sup>2</sup>) астам төмендеуіне соқтырады.

6. Пневматикалық және пневмогидравликалық тежеу жетегінің манометрі жұмыс істемейді.

7. Тоқтап тұрғандағы тежеу жүйесі:

1) 16 % дейін қоса алғанда еңісте - толық тиелген көлік құралдарының;

2) 23 % дейін қоса алғанда еңісте - жабдықталған күйіндегі жеңіл автомобильдер мен автопоездардың;

3) 31 % дейін қоса алғанда еңісте - жабдықталған күйіндегі жүк автомобильдері мен автопойыздардың қозғалыссыз жай-күйін қамтамасыз етпейді.

## 2-тарау. Рульдік басқару

8. Рульдік басқарудағы жиынтық люфт мына мәндерден асады:

Көлік құралының түрі Жеңіл автомобильдер мен олардың негізінде жасалған жүк автомобильдері мен автобустар.10 автобустар.. 20 жүк автомобильдері. 25	жиынтық люфт (градус) артық емес
--	----------------------------------

9. Детальдар мен тораптардың конструкцияда көзделмеген орын ауыстыруы; резьбалық қосылыстар тартылмаған немесе белгіленген тәсілмен бекітілмеген.

10. Конструкцияда көзделген рульдік басқарудың күшейткіші немесе рульдік демпфері (мотоциклдер үшін) жоқ немесе ақауы бар.

## 3-тарау. Сыртқы жарық беру аспаптары

11. Сыртқы жарық беру аспаптарының саны, түрі, түсі, орналасуы мен жұмыс режимі көлік құралдары конструкциясының талаптарына сәйкес келмейді.

Өндірістен алынып тасталған көлік құралдарына басқа маркілі және модельдегі көлік құралдарының сыртқы жарық беру аспаптарын орнатуға жол беріледі.

12. Фараның реттеушісі талаптарға сәйкес емес.

13. Сыртқы жарық беру аспаптары мен жарық шағылыстырғыштар белгіленген режимде жұмыс істемейді немесе ластанған.

14. Жарық беру аспаптарында таратқыштары жоқ не осы жарық беру аспаптары үлгісіне сай келмейтін таратқыш пен шам пайдаланылады.

15. Жарқылдақ маяктардың орнатылуы стандарт талаптарына сәйкес келмейді.

16. Көлік құралының алдына - қызыл түсті оттары бар жарық беру аспаптары немесе қызыл түсті жарық шағылыстырғыштар, ал артына - артқа жүру және тіркеу белгісін жарықтандыру фонарьларынан, жарық шағылыстырғыш тіркеу, айырым және таным белгілерінің басқа, ақ түсті оттары бар жарық беру аспаптары орнатылған.

## 4-тарау. Алдыңғы әйнектің әйнек тазалағыштары мен әйнек жуғыштары

17. Әйнек тазалағыштар белгіленген режимде жұмыс істемейді.

18. Көлік құралының конструкциясында көзделген әйнек жуғыштар жұмыс істемейді.

## 5-тарау. Дөңгелектер мен шиналар

19. Жеңіл автомобильдердің шиналары 1,6 мм, жүк автомобильдерінің шиналары - 1 мм, автобустардың шиналары - 2 мм, мотоциклдер мен мопедтердің шиналары — 0,8 мм кем протектор суретінің қалдық биіктігіне ие.

Тіркемелер үшін шина протекторы суретінің қалдық биіктігінің нормасы сүйретпе-көлік құралдары шинасы үшін нормалармен бірдей.

20. Шиналардың әр жерінде кордты жалаңаштап тұратындай ақауы бар (соғылған, тілінген, кесілген, жыртылған), сондай-ақ каркастың жіктелуі, протектор мен бүйірінің ажырауы.

21. Бекіту болты (гайкасы) жоқ немесе дөңгелектің дискісі мен құрсауы жарылған.

22. Шиналар өлшемі немесе рұқсат етілетін жүктеме бойынша көлік құралының моделіне сәйкес келмейді.

23. Көлік құралдарының бір осіне әр түрлі мөлшердегі, конструкциядағы (радиальды, диагональды, камералы, камерасыз), үлгідегі, протекторының түрлі суреті бар, тиектелген және тиектелмеген, аязға төзімді және аязға төзімсіз, жаңа және қалпына келтірген шиналар орнатылған.

24. Қалааралық автобустың (II\*\* сынып) және алыс сапарға шығатын автобустың (III сынып) алдыңғы осіне қалпына келтірілген протекторы бар шиналар, ал басқа остеріне екінші сыныпты жөндеу бойынша қалпына келтірілген шиналар орнатылған.

25. Жеңіл автомобильдің және қалалық автобустың (I сынып) алдыңғы осіне жөндеудің екінші сыныбы бойынша қалпына келтірілген шиналар орнатылған.

## **6-тарау. Қозғалтқыш**

26. Шығарылған газдардағы зиянды заттар және олардың түтінділігі техникалық регламенттер мен стандарттарда белгіленген нормалардан асады.

27. Қоректену жүйесінің герметикалығы бұзылған.

28. Пайдаланылған газды шығару жүйесінің ақаулы болуы.

29. Картерді желдету жүйесінің герметикалығы бұзылған.

## **7-тарау. Конструкцияның басқа да элементтері**

30. Көлік құралының конструкциясында көзделген артқы көрініс айнасы жоқ немесе олардың жиынтығы 51709 МемСТ Р ҚР СТ белгіленген талаптарға сәйкес келмейді.

31. Көлік құралының конструкциясында көзделген әйнегі және күнге қарсы күнқағарлары жоқ.

32. Дыбыс сигналы жұмыс істемейді немесе негізгі жиілікпен өзгеріп отыратын дыбыс сигналы орнатылған.

33. Жүргізуші орнынан көруді шектейтін (артқы көру айналарын, әйнек тазалағыштардың бөлшектерін, сыртқы және орнатылған немесе әйнекке салынған

радиоантенналарды, желқағар әйнекті еріту және кептіру құрылғыларының қыздыру элементтерін, әйнек дефлекторларын қоспағанда) жол жүрісіне қатысушылардың жарақат алу қаупіне әкеп соғатын қосымша заттар орнатылған.

**Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 17.04.2024 № 330 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

34. Автокөлік құралының алдыңғы әйнегінің жүргізуші жағындағы әйнек тазалағышпен тазалайтын бөлігінде сызаттың болуы.

35. Конструкцияда көзделген шанақ немесе кабина есіктерінің құлыптары, жүк платформасы борттарының тиектері, цистерналар аузының тиектері мен отын бактарының тығындары, жүргізуші және жолаушылар орындықтарын реттейтін және бекітетін құрылғы, есіктердің авариялық ажыратқышы мен автобуста тоқтатуды талап ету сигналы, автобустың авариялық жағдайда шығатын есіктері мен оларды іске қосу құрылғылары, автобустың салонын іштен жарықтандыру аспаптары, есіктерді басқару жетегі және олардың жұмыс істеуінің сигнал беруі, спидометр, тахограф, көлікті айдап әкетуге қарсы құрылғылар, әйнекті жылыту және үрлеу құрылғылары белгіленген тәртіппен жұмыс істемейді.

36. Конструкцияда көзделген артқы қорғаныс құрылғысының, ластан қорғаушы шалғыштар мен шашыратқыштардың болмауы.

37. Тартқыштың және тіркеме буынның тарту-қосу және тіреу-қосу құрылғыларының ақаулы болуы, сондай-ақ олардың конструкциясында көзделген сақтандыру тростарының (шынжырларының) болмауы немесе ақаулы болуы. Мотоцикл рамасының бүйірдегі тіркеме рамасымен қосылған жерінде люфттердің болуы.

38. Мыналардың:

1) автобуста, жеңіл және жүк автомобильдерінде, дөңгелекті тракторларда медициналық қобдишаның, өрт сөндіргіштің, авариялық тоқтау белгісінің (жанып-сөніп тұратын қызыл фонарь);

2) рұқсат етілген ең жоғары массасы 3,5 тоннадан асатын жүк автомобильдерінде және автобустарда кейін кетуге қарсы тіреуіштердің (кемінде екі);

3) бүйір тіркемесі бар мотоциклде медициналық қобдишаның, авариялық тоқтау белгісінің (жанып-сөніп тұратын қызыл фонарь);

4) Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2001 жылғы 10 қазандағы № 381 бұйрығымен бекітілген "Автокөлік құралдары. Жарық шағылыстыратын таңбалаудың орналасуының цветографиялық сұлбасы" 51253(бұдан әрі - 51253 МЕСТ Р ҚР СТ) және "Шағылыстыратын таңбалаудың үлкен ұзындықтағы және жүк көтергіштігі бар көлік

құралдары үшін ресми бекітуге қатысты бірыңғай нұсқамалар" 41.104 2001 (бұдан әрі - Р 41.104 МЕСТ ҚР СТ) Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарттары талаптарына жауап беретін жарық қайтарғыш материалдармен таңбалаудың болмауы.

Медициналық қобдишаның дәрілік заттарының және медициналық мақсаттағы бұйымдарының ең аз құрамын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі белгілейді.

39. Көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түрлі түсті графикалық схемалармен боялуға жататын жедел және арнайы қызметтер тізбесіне кірмейтін көлік құралдарында жедел және арнайы қызметтердің көлік құралдарында қолданылатын, оларды орнату орнына қарамастан, жарқылдақ қызыл және көк түсті жарық сигналдары немесе реңктері кезектесіп тұратын дыбыс сигналдары немесе арнайы түрлі түсті графикалық схемалар пайдаланылады\*.

40. Көлік құралының конструкциясында бекітілуі көзделген қауіпсіздік белдіктерінің болмауы.

41. Қауіпсіздік белдіктері жұмыс істемейді немесе олардың таспасында көзге көрінетін жыртықтардың болуы.

42. Көлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісі 986 ҚР СТ стандарт талаптарына сай келмейді.

43. Мотоциклде конструкцияда көзделген қауіпсіздік доғасының болмауы.

44. Мотоцикл мен мопедтерге конструкцияда көзделген табан тірегіштердің, орындықтарында жолаушыларға арналған көлденең тұтқалардың болмауы.

45. Оларға қойылатын талаптар осы тізбеде регламенттелетін тежегіш жүйелерінің, рульмен басқарудың және өзге тораптар мен агрегаттардың конструкцияда көзделген қосымша элементтерінің болмауы немесе олардың көлік құралын жасаушы кәсіпорынмен немесе уәкілетті басқа ұйыммен келіспей орнатылуы.

46. Техникалық реттеу саласында көзделген талаптарды бұзумен, көлік құралдарын қайта жабдықтау жүргізілген.

$M_1$ ,  $M_2$ ,  $M_3$  санатындағы көлік құралдарын орындықтар орнатумен (бөлшектеумен), жатын орындарын және жүк бөліктермен ұйымдастыруға байланысты қайта жабдықтау жүргізілген.

$N_1$ ,  $N_2$ ,  $N_3$  санатындағы көлік құралдарын  $M_2$  және  $M_3$  санатына ауыстыруға байланысты қайта жабдықтау жүргізілген.

$M_1$  санаты үшін отыратын орындар санының азайтуға байланысты қайта жабдықтауға жол беріледі.

$M_1$ ,  $M_2$  санаты үшін оларды  $N_1$ ,  $N_2$  санатына ауыстыруға байланысты қайта жабдықтауға жол беріледі.

Көлік құралдарын қайта жабдықтау (конструкциясын өзгерту) – көлік құралының конструкциясында көзделген жол жүрісінің қауіпсіздігіне әсер ететін құрамдас

бөліктер мен жабдықтау заттарын алып тастау немесе көзделмегендерін орнату (зауытта жасалған багаж салатын мен тіркеме құрылғыларды орнатуды қоспағанда).

**Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 17.04.2024 № 330 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

47. Мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерінде мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерінің әріптік және цифрлық белгілерін жасыруға мүмкіндік беретін элементтер (құрылғылар) орнатылған.

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі  
2023 жылғы 30 маусымдағы  
№ 534 бұйрығымен  
бекітілген

### **Көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер ТІЗБЕСІ**

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі.
  2. Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының жедел қызметтері.
  3. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жедел қызметтері.
  4. Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы органдардың жедел қызметтері.
  5. Әскери полиция органдары.
  6. Авариялық қызмет.
  7. Медициналық жедел жәрдем қызметі.
  8. Жеке күзет ұйымдарының ұтқыр жедел ден қою топтары.
  9. Көліктік бақылау органдарының жылжымалы көліктік-бақылау пункттері.
  10. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Арнайы прокурорлар департаменті.
  11. Экономикалық тергеу қызметінің жедел бөлімшелері.
  12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің жедел қызметтері.
  13. Инкассация қызметтері.
  14. Ұйымдасқан велосипедшілер топтарымен бірге жүретін көлік құралдары.
  15. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі.
  16. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті бөлімшелерінің көлік құралдары.
  17. Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің аумақтық бөлімшелерінің көлік құралдары.
- Түсті-графикалық бояу, таным белгілері, жазулар, арнайы жарық және дыбыс сигналдарын орнату Қазақстан Республикасының стандартымен реттеледі.

Мемлекеттік күзет қызметінің, ұлттық қауіпсіздік органдарының, ішкі істер органдарының жедел қызметтерінің, экономикалық тергеу қызметінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Арнайы прокурорлар департаментінің, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери полициясы органдарының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің, Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті аумақтық бөлімшелерінің көлік құралдарында арнайы түсті-графикалық бояулар, таным белгілері мен жазулары болмауы да мүмкін.

Көлік құралдарын арнайы түсті-графикалық бояумен, таным белгілерімен, жазулармен, жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталу мүмкіндігімен жеке күзет ұйымдарының жедел ден қою ұтқыр топтарына жатқызу күзет қызметімен айналысатын субъектілерді мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның растайтын құжаттарын алғаннан кейін жүзеге асырылады.

Велосипедшілердің ұйымдасқан тобына ілесіп жүруді жүзеге асыратын көлік құралдарына арнайы жарық және дыбыс сигналдарын орнатуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша бояуға рұқсат беруді ішкі істер органдары көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктің "Ерекше белгілер" деген бағанында тиісті жазбаны енгізу жолымен жүргізеді.